

ISSN 1563-0307  
Индекс 75875; 25875

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия философия. Серия культурология. Серия политология

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

Philosophy series. Cultural science series. Political science series

---

№3 (61)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017



# ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ  
СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ. №3 (61)

ISSN 1563-0307  
Индекс 75875; 25875



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді // ЖАК бюллетені, №3, 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК-нің төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-3 ж. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК. – Алматы, 2003

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Борбасова Қ.М.,**

филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Телефон: +7701 168 0292

E-mail: karlygash\_bm@mail.ru, bm.karlygash@gmail.com

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Масалимова А.Р.**, филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)

**Насимова Г.О.**, саяси ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

**Абдығалиева Г.К.**, филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

**Алтаев Ж.А.**, филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

**Асунсьон Лопез-Варела**, профессор, Комплутенс университеті (Испания)

**Ғабитов Т.Х.**, филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

**Жолдубаева А.К.**, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Исмағамбетова З.Н.**, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Каплан С.**, профессор, Калифорния университеті (АҚШ)

**Карабаева А.Г.**, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Кэтлин Адамс**, профессор, Лойола университеті (АҚШ)

**Нұрышева Г.Ж.**, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Петрик Дж.**, профессор, Огайо университеті (АҚШ)

**Сенгирбай М.Ж.**, PhD докторы, аға оқытушы (Қазақстан)

**Федотов А.В.**, профессор, София университеті (Болгария)

**Финке П.**, профессор, Цюрих университеті (Швейцария)



ҚАЗАҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
Б А С П А У Й І

## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

*Гульмира Шаккозова*

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

*Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы*

## Компьютерде беттеген

*Айгүл Алдашева*

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

*Мөлдір Өміртайқызы*

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

## ИБ № 11565

Басуға 04.10.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14.1 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс № 6842. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

1-бөлім  
**ФИЛОСОФИЯ**

---

Раздел 1  
**ФИЛОСОФИЯ**

---

Section 1  
**PHILOSOPHY**

**Абдильдина Х.<sup>1</sup>, Кульжанова Ж.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>философия ғылымының кандидаты, аға оқытушы, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымының кандидаты, профессор, e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Астана қ.

**МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ОРНЫ**

Қазіргі мемлекеттік билік ұлттық бірегейлікке жағдай тудыра отырып тұрақтылық құндылықтарының жаңа қырын анықтауда. Осыған орай, халықтың рухани, әлеуметтік және экономикалық жағдайы зерттеліп, оған жауап ретінде жаңаша қоғамдық сана алдыңғы орынға шықты. Тарихи үдерістің негізгі субъектісі бола отырып, халық нақты мақсатына жету, құндылықтарды сақтап қалу үшін және өзінің дамуында адамзат болмысына түсінік бере отырып бейімделе бастайды. Адамзат болмысын анықтау нәтижесінде, халық белгілі бір тарихи беделге ие болады. Ол тарихи беделге өту үшін, тұтастықты сақтап, тұрақтылықты орнатуы тиіс. Тұрақтылықты орнату үшін, адам тек қана, жалпы адамзаттық қасиеттерді ғана анықтамай, ұлттық құндылықтар және оның мән-мағынасына үлкен үлес қосу керек. Кез келген қоғамдық бірлестік өзіндік санасымен айқындалады, сондықтан өзіндік сананың компоненті ретінде өзіндік сипат туындайды. Халықтық негізде субъективті форманың белгісі – қазақстандық сана болып табылады. Халықтық сана мен белгілі бір ұлттың санасын салыстыратын болсақ, ұлттық сана өзіне рационалды және эмоционалды компонентті біріктіреді. Ал ұлттық негізде объективтік форманың белгісі – ұлттық мінез-құлық болады және оның көрінісі басқа ұлттық топтардан сыртқы ментальдық ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Бірақ та ұлттық сана мен ұлттық мінез-құлық негізінде әлеуметтік-психологиялық бірегейлік механизмі жатыр. Қазіргі қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуындағы басты ерекшелік – мемлекеттілік пен патриотизм идеялары, жеке бас бостандығы және азаматтық құндылықтармен сәйкестене алуы тиіс. Ұлттық бірегейлік қоғамдағы барлық әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы ұлттық сана қалыптастыруда бірлесу қажеттілігін көрсетеді. Ұлттық бірегейлік қоғамдық сана жемістерінің бірі және сонымен бірге ол саяси санаға да әсер ете алады. Жеке адам немесе топ ұлттық бірегейліктің көмегімен азаматтық ұстанымын қалыптасыра отырып, саяси қарым-қатынастардың субъектісі бола алады, яғни мемлекеттің тұрақтылығына үлес қосады. Қазақстан мемлекеті егемендіктің жаңа даму сатысына өткендіктен ұлттық бірегейлік мәселесі өзектілігін қайта жаңғыртты. Ғылыми мақалада ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын компоненттері анықталып, бір-біріне байланыстары талқыланған. Ұлттық бірегейлік жалпы ұлттың болмысы, мемлекеттіліктің негізі. Зерттеу барысында адами және этникалық болмысты бөлмеу қажеттілігі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік идея, ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс, патриотизм, саяси менталитет, ұлттық мінез-құлық, қоғамдық тұрақтылық.

Abdildina H.<sup>1</sup>, Kulzhanova Zh.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Philosophy, senior lecturer, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Philosophy, professor, e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

Kazakh agrotechnical university after S. Seifullin, Kazakhstan, Astana

**The place of national unity in the sustainable development of the state**

Modern state power is a new aspect of the values of stability, creating conditions for national identity. In this regard, the new social consciousness has come to the forefront in studying the spiritual, social and economic status of the population. Being the main theme of the historical process, the population

begins to adapt to the achievement of a specific goal, preserve values and give an idea of the essence of mankind in its development. As a result of the identification of humanity, people enjoy a certain historical authority. He must maintain integrity and establish stability to achieve historical reputation. For the sake of stability, people must not only identify universal human qualities, but also national values and make a significant contribution to its meaning. Any social association is determined by self-consciousness, and therefore it is a distinctive feature of self-awareness. Symbol of subjective form on a public basis is Kazakhstan's consciousness. Comparing the consciousness of people and the consciousness of a particular nation, the national consciousness unites with a rational and emotional component. And on the national basis, the sign of the objective form – national behavior and its appearance show that it has an external mentality from other national groups. But there is also a mechanism of social and psychological identity based on national self-awareness and national behavior. The main feature of the formation of the national identity of modern Kazakhstanis is that it can correspond to the ideas of statehood and patriotism, personal freedom and civic values. National identity reflects the need to unite in the formation of national consciousness, taking into account the characteristics of all social groups in society. National identity is one of the fruits of public consciousness and at the same time can influence political consciousness. A person or group can be the subject of political relations, forming a civil position through a national identity, which contributes to the stability of the state. As the state of Kazakhstan passed to a new stage of sovereignty, the issue of the national identity was renewed. The scientific article examines the components of national identity, the relationship between them. National identity is the essence of the nation, the basis of statehood. The study considers the need not to separate a person and ethnicity. Kazakhstan has moved to the next stage of its development, so it is important and significant to note the relevance of the problem of national identity, which is an integral part of spirituality in general. This article examines the components of national identity. National identity is the basis of statehood and national existence. At the same time, human and ethnic ties are considered as a necessity of nationality.

**Key words:** national idea, national identity, national existence, patriotism, political mentality, national characteristics, social stability.

Абдильдина Х.<sup>1</sup>, Кульжанова Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>кандидат философских наук, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат философских наук, профессор, e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Республика Казахстан, г. Астана

### **Место национального единства в устойчивом развитии государства**

Современная государственная власть – это новый аспект ценностей стабильности, создающий условия для национальной идентичности. В этой связи новое социальное сознание вышло на первый план в изучении духовного, социального и экономического статуса населения. Будучи основной темой исторического процесса, население начинает приспосабливаться к достижению конкретной цели, сохранять ценности и давать представление о сущности человечества в его развитии. В результате идентификации человечества люди пользуются определенным историческим авторитетом. Он должен поддерживать целостность и устанавливать стабильность для достижения исторической репутации. Ради стабильности люди должны не только идентифицировать универсальные человеческие качества, но и национальные ценности и вносить значительный вклад в его значение. Любое общественное объединение определяется самосознанием, и поэтому оно является отличительной чертой самосознания. Символом субъективной формы на публичной основе является казахстанское сознание. Сравнивая сознание людей и сознание определенной нации, национальное сознание объединяется с рациональным и эмоциональным компонентом. И на национальной основе знак объективной формы – национальное поведение и его внешний вид показывают, что он имеет внешний менталитет от других национальных групп. Но есть также механизм социальной и психологической идентичности на основе национального самосознания и национального поведения. Главная особенность формирования национальной идентичности современных казахстанцев заключается в том, что она может соответствовать идеям государственности и патриотизма, личной свободы и гражданских ценностей. Национальная идентичность отражает необходимость объединения в формировании национального сознания с учетом особенностей всех социальных групп в обществе. Национальная идентичность является одним из плодов общественного сознания и в то же время может влиять на политическое сознание. Человек или группа могут быть предметом политических отношений, формируя гражданскую позицию через национальную идентичность, что способствует стабильности государства. По мере того, как состояние Казахстана перешло на новый этап суверенитета, вопрос общенациональной идентичности был возобновлен. В научной статье рассматриваются компоненты национальной идентичности, взаимоотношения между ними. Национальная идентичность является сущностью

нации, основой государственности. В исследовании рассматривается необходимость не разделять человека и этническую принадлежность. Казахстан перешел на следующий этап своего развития, поэтому важно и значимо отметить актуальность проблемы национальной идентичности, которая является неотъемлемой частью духовности в целом. В данной статье рассматриваются компоненты национальной идентичности. Национальная идентичность является основой государственности и национального бытия. Вместе с тем рассматриваются человеческая и этническая связи как необходимость национальности.

**Ключевые слова:** государственная идея, национальная идентичность, национальное бытие, патриотизм, политический менталитет, национальная характеристика, общественная стабильность.

Тарихи үдерістің субъектісі болып, халық нақты мақсатына жету, құндылықтарды сақтап қалу үшін және өзінің дамуында адамзат болмысына түсінік бере отырып бейімделе бастайды. Адамзат болмысын анықтау нәтижесінде, халық белгілі бір тарихи беделге ие болады. Ол тарихи беделге өту үшін, тұтастықты сақтап, тұрақтылықты орнату тиіс. Тұрақтылықты орнату үшін, адам тек қана, жалпы адамзаттық қасиеттерді ғана анықтамай, құндылықтар, оның мән-мағынасына үлкен үлес қосу керек. Кез келген қоғамдық бірлестік өзіндік санасымен айқындалады, сондықтан өзіндік сананың компоненті ретінде өзіндік сипат туындайды. Халықтық негізде субъективті форманың белгісі – қазақстандық сана болып табылады. Халықтық сана мен белгілі бір ұлттың санасын салыстыратын болсақ, ұлттық сана өзіне рационалды және эмоционалды компонентті біріктіреді. Ал ұлттық негізде объективтік форманың белгісі – ұлттық мінез-құлық болады және оның көрінісі басқа ұлттық топтардан сыртқы ментальдық ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Бірақ та ұлттық сана мен ұлттық мінез-құлық негізінде элеуметтік-психологиялық бірегейлік механизмі жатыр. Сонымен қатар, халықтық бірегейлік өзінің туған тілінде сөйлегенінен басталады. Сондықтан халықтың сақталуы мен дамуы біздің ойымызша, тілге тікелей байланысты. Халықтық бірегейліктің тұрақтылығы адамның өзіндік жеке даралық «мен» және элеуметтік қабылдаулар мен елестетулерді үйлесімділікке әкеледі. Бірақ, бейімделу үдерісі динамикалық болғандықтан, сыртқы әлемнің өзгеруіне байланысты, адам бірегейлігі әр түрлі қадамнан өтіп, өзінің тұрақтылығын баяу түрде жоғалтады.

Халықтың мінез-құлқы – бірегейліктің ең күрделі сақталған, ақылмен түсіндіруге келмейтін азығы. Мінез-құлық грек тілінен аударғанда: ерекшелік, белгі, көрініс деген мағынаны білдіреді. Кейбір деректерде мінез-құлық тұлғаның дара қасиеттерінің жиынтығы деп берілсе, кейбіреулерінде, тұлғаның жүріс-

тұрысындағы қабілеттерінің жиынтығы деп берілген. Мінез-құлық өзінің негізгі әр түрлі шындыққа байланысты адамның қажеттілігін, қызығушылығын, идеалдарын, мақсатын көрсететін, тұлғаның анықталған, тұрақты жүріс-тұрысының бағыты деп білінеді. Мінез-құлықтың мәнін ашу үшін, ұлтты тарихтың негізгі субъектісі ретінде білуіміз керек. Бұрыннан белгілі ұлтты анықтауда, екі түрлі бағыт бар, біреуі, ұлтты этносқа жақындатып, екіншісі мемлекетке теңестіреді.

Демократияға жету үшін қоғамдағы еркіндік пен әділеттілікті қалыптастыруымыз шарт болып табылады. Ұлттық саясаттың принциптерінің ішіндегі маңыздылары деп, «заңның жоғарыда тұруын, мемлекеттік егемендікті бекітуді және ұлттық саясаттың әділетті түрде шешілуін» тандар едік.

Қазақстанның кеңестік дәуірден кейінгі дамуының күрделі және қарама-қайшылықты үдерістерге толы екенін мойындадық. Экономикалық және саяси-әлеуметтік реформаларды жүргізу барысында азаматтарымызға еркіндік беріле бастады, осы еркіндікті пайдаланып ұлттық өзіндік сананы түсіну және өткен тарихымызға еркін халықтың көзімен қайта қарау екіпінді жүріп жатыр. Қазақстандықтар қазіргі таңда жаңа экономиканың, саяси жүйенің, қоғамдық қатынастардың, дүниеге көзқарас мәселелерін шешу үстінде. Азаматтардың жаңаша ойлау, бағалау жүйесі қалыптаспайынша дамыған азаматтық қоғамы бар демократиялық құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мүмкін емес. Конституцияда жазылған Қазақстанның унитарлы, зайырлы, элеуметтік, президенттік республика болып қалыптасуына саяси элита жауап берсе, Қазақстанның демократиялық, құқықтық болып қалыптасуына жауапты – халық.

Қазақстандық қоғам әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-бірін түсінуіне негізделеді. Қазақстанды мекеңдеген этностардың ортақ тарихи тағдыры қазіргі қазақстандық халықтың өзіндік санасына, оның өмірлік түсініктері мен ұмтылыстарына,

құндылықтары мен идеалдарына жағымды ізін қалдырғаны сөзсіз. «Қазақстанның көп этносты табиғаты – ғасырлар бойы қалыптасқан бірігіп өмір сүруге кепілдік береді, бірақ дәл осы жағдайы модернизациялық үрдістің өркениеттік-мәдени фактор тұрғысынан қиындық тудырады» деп жазады А. Бухаева (2003: 65).

Этностар арасында болуы мүмкін келіспеушіліктер ғана емес, сонымен бірге толық әрі нақты анықталмаған қазақстандық өркениеттің негізінің қалануында, қазіргі заман талабына сай келетін, соған бейімделе алатын құндылықтарды дұрыс таңдау мәселелері. Осымен қатар ұлт өмірінде күтпеген, кездейсоқ факторлар да кездесіп жатады, ұлттардың өзін-өзі тануы, басқалардан өз айырмашылығын көрсетуіндегі көзқарастары мен ұлттық мүдделер де өзгерістерге ұшырауда.

Адамзаттық қауымдастықта шешуді қазір талап ететін мәңгілік сипаттағы мәселелер бар (мұны біз үнемі есте сақтауымыз қажет, ал технологияны дамыту, материалдық өмірді жасау, саяси менеджмент деген сияқтылар бүгінгі күнге қажетті мәселелер). Ол дегеніміз – бірегейлікті қалыптастыру мәселесі. Бірегейлік заман талабына сай бейімделуге қабілетті, икемді қоғамның өмір сүруге қабілетін қорғаушы. Бірегейліктің қалыптасуы дегеніміз экономикалық және әлеуметтік-саяси жаңа жүйелердің пайда болуымен қатар жаңа қоғамдық ой және дүниеге көзқарас, әлеуметтік-саяси қатынастарға жауап ретінде жаңа идеялар өмірге келеді, яғни ұлттың субъективті сипаты анықталады және азаматтық өзіндік бірегейлік үдерісі жүреді. Сол себепті менталді бірегейлік ұғымының мәніне тоқталатын болсақ.

Ғалым Эрнесто Ренанның анықтамасы оны өткеннің, қазіргі күннің, болашақтың мәселелеріне күнделікті талдау жасау деп айтады. Нақтырақ айтсақ, адам өзіне этностық, діни белгілерімен ұқсас адамдар арқылы өзін-өзі анықтайды, ол өз халқы туралы, тарихы туралы, тілі және мәдениеті, дәстүрі туралы түсініктің қалыптасуы – осының барлығы «біз» деген ұғымды жүрекке, санаға ұялатады.

1970 жылдардың ортасынан бастап АҚШ-та қоғамды этникалық бірегейлік тұрғысынан сараптау тарала бастады. Бұған байланысты алғашқы зерттеулер АҚШ-та 1940 жылы жүргізілсе, бірегейліктің түрлеріне байланысты, әсіресе этностық бірегейлікті зерттеуде Э. Эриксонның еңбектерінің ықпалы бола бастады.

1975 жылы «Этникалық бірегейлік» атты Дж. Де-Востың ұжымдық еңбегі жарық көреді.

Біріншіден Дж. Де-Вос этникалық бірегейліктегі эмоционалды-субъективті, тіпті иррационалды астарды зерттеуге ұсынысын айтатын болсақ, екіншіден ол бұл феноменнің рационалды маңыздылығын да жоққа шығармайды. Этникалық бірегейліктің негізгі белгісі ретінде сабақтастық сезімі өткенмен тығыз байланысты көрсетеді. Де-Вос бұл сұрақты тұлғаның бүгінінен айырмай, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен болашақтағы талпыныстарымен қатар зерттейді.

«Шығу тегінің, дінінің, құндылықтарының, тіршілік ету тәсілдерінің бір екендігі туралы сезім – «ортақ негіз» тектес – ішкі өзін-өзі анықтауымен сипатталатын топқа адамдардың бірігу үдерісінде үлкен маңызға ие. Бір әлеуметтік топтың ішінде есею, байланыс құралдарының ұқсастығы адамдар арасындағы барлығына түсінікті бейімделу механизмдерін қалыптастырады, бұл келіспеушіліктердің мүмкіндігін азайтады» – деп жазады Дж. Вос (Политология, 1993: 391).

Жалпы осы мәселе төңірегінде ұлттық мінез-құлық, ұлттық менталитет, этникалық бірегейлік, этникалық ментальдық бір-біріне қатысты ұқсас және бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Бұл ұғымдардағы негізгі екпін ұлттық және этникалық деген сөздерде. Дж. Де-Востың пікіріне толық сүйенетін болсақ, ұлттық деген ұғым этникалық деген ұғымнан өзгеше емес. Ұлт деген ұғыммен көбіне саяси белгілері бар топтарды жатқызады. Көптеген зерттеушілер үшін ұлттық бірегейлік және субъективті мәдени бірегейлік бір-біріне сәйкес келетін ұғымдар екені дәлелденген болып табылады, әсіресе этникалық және ұлттық бірегейлік тарихы жағынан сәйкес болса, басқа жағдайда этникалық бірегейлік ұлттық бірегейлікке қарағанда кең ұғым болып саналуы мүмкін. Бірегейлік жергілікті ерекшелік ретінде болса, айталық адам италияндық болғаннан гөрі римдік болуы мүмкін. Алайда «немістік бірегейлік» герман жерінде тұратындармен бірге австриялықтарды да өзіне біріктіреді. Жергілікті өзін-өзі анықтаулар өткенмен тығыз байланыс сезімін қалыптастыруы да, қалыптастырмауы да ықтимал. Мысалы, ирландықтан шыққан британ азаматы Лондонда тұрып ерекше этникалық бірегейлікті иеленіп жатады. Себебі, ол өзін Ұлыбританияның азаматтарына немесе Лондонның тұрғындарына жатқызбай, оған өзінің ирландық тегі маңызды болады. Ең басты сұрақ: қай бәсекелестікте тұрған сезімді адам қалауы мүмкін? Осы сұраққа байланысты оның

элеуметтік қарым-қатынасында айтарлықтай өзгерістер болып жатады.

Этникалық бірегейлік қазіргі қоғамда тұлғаның динамикалық түрде байланыс жасауына тұрақты негіз болады, өткенді қазіргі күнімен байланыстырады, тарихи сабақтастықты қамтамасыз етеді, әлемде бағдар жасау жүйесін қалыптастырады.

Кез келген халықтың этникалық тарихы этногенездің барысында өткен ата-бабасының әдет-ғұрпын, дағдысын, өмір салтын, көршімен қарым-қатынастағы салт-дәстүрін және т.б. түйсіну нәтижесі ретінде белгілі бір тұрақты психикалық тип қалыптасады. Сонымен бірге, бұл жерде психикалық алаңдаушылықтар, этностың тарихын есте сақтауы жаңа ұрпаққа өзінен өзі, пассивті түрде, стихиялы түрде емес, рухани мәдениет арқылы жалғасын тауып отырады, осы қауымның әрбір мүшесіне тәрбие барысында, нақты бірге өмір сүруге байланысты сіңіп отырады. Сол психикалық алаңдаушылықтар, көңіл күй этностың мәдениетіне сіңеді – олар тарихында, поэзиясында, әдебиетінде, мифологиясында, музыкасында, халық шығармашылығында көрініс табады, сөйтіп этностың тарихи есте сақтау қабілетін толықтырып, дамытып отырады. Ол өз кезегінде жаңа ұрпақтың санасында да орын алып отырады.

Адам, ұлт, адамзат өмірінің мәні – өз болмысын (табиғатын, идеясын) ұғыну, өз бірегейлігін сезіну. Сондықтан, жеке адам мен адамзат өмірінің мәні тәрізді, этнос өмірінің мәні – онтологиялық-философиялық мәселе және жеке онтологиялық астар.

Этнос өмірінің мәні биологиялық тұрғыдан алғанда – өзінің нақты тіршілік етуін жалғастыру, яғни ұрпақ жалғастыру. Этнос өмірінің мәні В.И. Курашовтың пікірінше «оның жер бетіндегі барлық тарихын тұтас алғандағы миссиясынан көрінетін ұлттық идеяда» (Бейшембаева, 2005: 48).

Осы ұлттық идея барлық халыққа түсінікті түрде айтылған және танылған кезде халықтың бірегейлігі туралы және оның ұлттық, этникалық өзіндік санасының оянғаны туралы айтуға болады.

В.И. Курашов өз ойларының негізгісі ретінде былай деп көрсетеді: елдің болмысы оның дәстүрінде, аңыздарда жатыр және сол дәстүр мен аңыздар ұлттық менталитеттің мәнін ашуға көмектеседі. Халық болмыстық ерекшелігін тану оның өмір сүру ерекшелігін түйсінумен тығыз байланысты.

Ұлттық бірегейлік дегеніміз – жалпы азаматтық болмыстың белгілерін алып тастаған-

дағы ұлттың болмысы. Осыған байланысты зерттеу барысында жалпы адами және этникалық болмысты бөлу қажеттілігі туындайды.

Менталді бірегейлікті құрайтын құрамдас бөлігі ретінде этносты алуға болады. «Этнос – тарихы, территориясы, тілі, психологиясы, мәдениеті, ортақ белгілері арқылы біріккен адамдардың тұрақты қауымдастығы» (Абулатипов, 2001: 364). Этносты ұлт ретінде қабылдасак та бұл менталді бірегейліктің бір белгісі болып табылады, себебі этностық сезім арқылы адам қоршаған ортасын қабылдап, өз көзқарасын қалыптастырады. Ең бастысы этникалық өзіндік сана өзіндік басқару, білім, мәдениет және ана тілдегі ақпараттар анықталады. Менталді бірегейліктің ерекшелігін түсінуде маңызды рөлді ұлттық идея атқарады. Ұлттық идея қоғамдағы адами мәселелерді айқындап, қоғамдағы тұлғаның рөлін көтеруге бағытталады.

Қазақстандық менталитеттің бірегейлік идеясының бөліктері ретінде келесі принциптерді атап өтуге болады:

- шынайы халықтық патриотизм;
- ұлттар арасындағы мәмілелік;
- жалпы адами құндылықтар.

Мемлекеттік идея менталді бірегейліктің жүзеге асу түрі. Оны келесі параметрлер арқылы анықтауға болады: ұлттық, тарихи, элеуметтік, мәдени, мемлекеттік-әкімшілік, саяси-идеологиялық.

Менталді бірегейліктің қалыптасуына жағдай жасайтын тағы бір құбылыс, ол жасанды емес табиғи, шынайы патриотизм. Шынайы, табиғи патриотизм – жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан, басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, адамгершілікпен қарауды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте екі түрлі патриотизмді байқауға болады. Біріншісі, өз ұлтына қатысты патриотизм және екіншісі, барлық ұлттарға қатысты мемлекеттік патриотизм, екеуінің қосылуынан ұлттық патриотизм қалыптасады, ол дегеніміз өз отанына, жеріне, халқына деген сүйіспеншілік және өз халқын, жерін, отанын мақтаныш ету сезімі. Әлемдік тәжірибе куә: ұлттық мақтаныш және өзін-өзі бағалау елдің дамуына әсер ететін идеялық және психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін құбылыс. Орыс ғалымы Ю. Олещуктің сөздерін аудармай келтірмеу мүмкін емес: «... о правде из правд и естественности из естественностей. О том, что в далеком и недавнем прошлом у государства были основания гордиться собой и сво-



им народом. И о том, что у нас нет оснований терять чувство собственного достоинства» (Олещук, 2001: 60).

Осы мақсатта жүргізіліп жатқан ұлттық саясат бірнеше құндылықтарға сүйенеді, олардың ең негізгілері:

- этносаралық байланысты іздеу;
- ұлттық мәселені әділ жолмен шешудің негізі ретінде қоғамдық келісімді қорғау;
- заңның үстемдігі;
- мемлекет тәуелсіздігін бекіту және бірлестірудегі белсенді саясат. Бұл құндылықтар қазіргі қоғамның өзінде ұлттық саясаттың негізгі бағыттары болып табылады.

Жалпы біздің ойымызша, өтпелі қоғамда ескі саяси құндылықтар мен жаңа демократиялық құндылықтардың арасында қарама-қайшылықтардың болуы заңды құбылыс болып табылады. Алайды бұл қарама-қайшылықты реформалардың көмегімен немесе саяси модернизация екінімен жылдамдата жоюға тырысуға болмайды. Оның нәтижесі анағұрлым қауіпті жағдайға алып келуі мүмкін, себебі адамдардың санасындағы құндылықтардың өзгеруі, саяси әлеуметтенуінің тиімді жүруі жүйелі түрде жүзеге асуы тиіс. Демократиялық құндылықтардың қоғамдық санада тұрақты орын алуы үшін маргиналдық топтар санының көбеюі кері әсерін тигізеді. Сондықтан азаматтық, демократиялық саяси мәдениет ұрпақ сабақтастығымен қоғамға табиғи түрде еркін ене алуын қамтамасыз етуіміз қажет. Демократиялық құндылықтардың, заңды құрметтеу, әділеттілік, теңдік бір жағынан, ал екінші жағынан еркіндік, тұлғалық қасиет, адам құқығы және плюрализм үйлесімділікте әрі қарай дамуына біздің қоғамымызда толық жағдай жасалынған.

Біздің пайымдауымызша, қазақстандық менталитет жоғарыдағы факторлардың ықпалымен қалыптаса отырып, екінші жағынан бірнеше тарихи, қиын кезеңдерді басынан өткізді. Бұл кезеңдерді ескеруіміз қажет. Себебі, тарихты зерттей отырып, қазіргі қазақстандық қоғамның мәселелеріне сараптама жасауға болады.

«Егер қазақ халқы менталитетінің даму сатыларына тоқталатын болсақ, оны мынандай кезеңдерге бөлуге болар еді: 1) Көшпелі дәуір кезінде қалыптасқан менталитет. Оның да өзіне тән ішкі құрлымы мен сипаты, сапалық қасиеттері болды;

2) XX ғасырдың басында отырықшылыққа көшуге байланысты қалыптасқан менталитет. Сол кездегі болған ірілі-кішілі саяси-әлеуметтік өзгерістер, қазақ тұрмысына енген құндылықтар,

түптеп келгенде қазақ менталитетін сапалық жағынан өзгертті. Бұл өзгерістер, әсіресе, қазақтардың өмірге деген көзқарасында, тұрмысы мен салтында, жалпы тіршілігінде көрініс тапты. Солардың басты, негізгілері ретінде жерді, егіншілікті, диқаншылықты, су-армалы жерді игеруге байланысты қазақтардың экономикалық мінез-құлқы өзгергенін атап өту керек. Жерге тұрақтану сапалы білімді, шеберлікті қалыптастырды. Бұл жөнінде толық мағлұматты келесі тараулардан қарауға болады;

3) Социалистік жүйенің қалыптасуымен байланысты социализм заманында қазақ менталитеті көп жағдайда саяси-идеологиялық ықпалда дамып отырды. Оның көрсеткіштерінің бірі ретінде мынандай жағдайларды атауға болады: мемлекет мүддесінің жеке адам мүддесінен қашанда жоғары тұруы, заңнан бұрын көсемнің еркіне бағыну, ықтиярсыз еңбек психологиясының қалыптасуы, ой мен істің алшақтығы, ресми түрде адам басқа десе, жеке өмірде басқа ой түсінікпен өмір сүру, жағымпаздық психологияның қалыптасуы, бюрократизм, ұлттың рухани құндылықтарын бір қалыпқа салып стандарттау, адамдар санасындағы саяси төзімсіздік, т.б.

4) Қазақстан өз тәуелсіздігін алған уақыттан бергі жылдардағы қазақ менталитетінің даму тенденциясы және ерекшеліктері. Тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі қазақ менталитетінде тәуелсіздік, егемендік, бостандық, нарық, еркіндік, демократия, азаматтық қоғам, мемлекет, құқық тәртізді ұғымдар мен әлеуметтік құндылықтар ұлт менталитетінде өз орнын ала бастады. Олардың сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге ауысу динамикасы қазақ менталитетінің дамуына өзіндік әсер етуде;

5) Нарықтық қатынастарға байланысты пайда болған құндылықтар: жер, еңбек, меншік, байлық, табыс, ақша, жеке мүдде, сауда т.б. қазіргі кезеңдегі қазақ менталитетінің даму ерекшелігін құрастыруда» (Бурабаев, 2005: 149). Бұған қоса біз тағы да бірнеше кезеңдерді қосуды маңызды деп санаймыз. Атап айтсақ, қазақ мемлекеттілігі негізінің қазақ хандығы кезінде қалану кезеңі. Ұлттық бірегейліктің негізі осы кезеңде пайда болды деуге толық негіз бар, себебі, отаршылдық кезең басталған уақытта этностың дамуы дағдарысқа ұшырап, кеңестік кезеңде ол өте баяу, тіпті ауыр халде дамыған, кей уақыттарда регрессивті сипатты да байқаймыз. Ал өз тәуелсіздігімізді алғанда осы этностық даму қайтадан өзінің дамуын жалғастырды, кейде тіпті қарқынды дамыған кездерін де байқауға болады. Екінші кезең, біздің

халықтың отаршылдық саясатты басынан өткізу кезеңі. Жалпы қазақстандық халықты құрайтын ұлттардың көбісі бұл саясаттың құрбандары болды десек артық айтпаспыз. Сонымен бірге, кейбір ұлттар отаршылдық саясатқа тікелей араласпа да, сол тоталитарлық жүйенің кейбір саясатынан зардап шеккендер болып саналады. Тәуелсіздік алған жылдардағы қазақстандық халықтың серпіліс кезеңі. Алғашқы қазақстандық менталитеттің қалыптасуының алғышарттары қаланған кезең болып табылады. Әрине, тарих үшін он-он бес жыл деген аз уақыт болып саналса да, біз бұл жылдарды жеке алып қарауымыз қажет. Себебі, бұл жылдарда қоғамның барлық салаларында болған өзгерістер қазақстандық менталитетке өзіндік әсерін тигізбей қалған жоқ.

«Біздің халқымыз ғасырлар бойы жат-жұртқа шүбәмен қарау сезімінде тәрбиеленген. Патшалық Ресейдің отаршылдық құрсауы, ағылшындардың қазақ жерінің байлығын иемденуге ұмтылуы, ұлттық экономиканың жан-жақты дамуына кеңес өкіметі тарапынан кезінде әр түрлі шектеулердің қойылуы – халықтың сана-сезімінде, өн бойында шетелдіктерге деген сезіктену, күдіктенушілік, сенімсіздік сезімін ұялатты. Оған кеңестік идеологияның шетелдік атаулының бәріне оның арандату, іріткішіл саясатына деген ымырасыз таптық күресі – бәрі-бәрі халқымызды осыған үйретті» (Қалмырзаев, 1998: 150). Біздің ойымызша, қазақстандық менталитеттің қалыптасуына ықпал еткен оқиғалар, факторлар, кезеңдердің ішінде кертартпа сипаттағылары көбірек екендігі байқалады. Әрине әрбір халық өз тарихи қалыптасуында оңай емес кезеңдерді басынан кешіреді. Алайда қазақстандық менталитеттің қалыптасуында бұл жағдай ерекше ықпал етті деп айтуға болады.

Біздің ойымызша, менталитет бір жағынан ірі саяси-тарихи оқиғаларға байланысты өзгеріске ұшыраса, екінші жағынан өзі де қоғамдағы барлық жаңашыл іс-әрекеттерге ықпал ете алады.

Қазақстан – көпэтносты мемлекет, мұнда тәуелсіздік жағдайында жаңа қауымдастық – қазақстандықтар қалыптасты. Сонымен қатар қазіргі таңдағы қоғамдық өмір шындығы объективті және субъективті факторлардың ықпалымен қоғамдағы этникалық топтардың өзіндік санасындағы өзгерістердің бағыты мен жағдайын зерттеуді маңызды мәселеге айналдыруда. Себебі халықты құрайтын этностық топтардың жай-күйін, өзіндік санасын сараптау арқылы қоғамдағы кейбір карама-қайшылықтардың алдын алып, реттеуге болады. Жалпы қазіргі кездегі саяси

идеялардың ұлтаралық қатынастарға қатысты қалыптасқан мәніне тоқталатын болсақ, қазіргі мемлекеттегі саяси идея қоғамдағы кездесетін карама-қайшылықтардан, келіспеушіліктерден немесе тәртіп бұзушылықтардан ұлтаралық себептерді іздемеу қажеттілігін айтады. Бұл карама-қайшылықтардың негізінде еңбекке қатысты, әлеуметтік әділетсіздікке қатысты немесе құқықбұзушылықты жатқызуымызға болады, тек ұлтаралық қақтығысты емес, әрине бұл идеяның жағымды тұсы, халықты ұлттардың арасындағы келіспеушіліктерге назар аудар бермеуін қадағалау және ұлттық себепті толығымен жою қажеттілігі ретінде түсіндіруге болады. Бұл саяси идея халықтың санасында жалпы азаматтық менталитетті қалыптастыруға сеп болады.

Біздің пайымдауымызша, әрбір халық бір жағынан әлемдік-тарихи үдерістің бөлігі ретінде саналса, екінші жағынан өз ерекшелігімен қайталанбас құндылық. Н. Бердяев былай деп санаған: «...адам адамзат қауымына орыс, француз, неміс немесе ағылшын атауларына ие болған жәй адам ретінде емес, ұлттық ерекшелігі арқылы енеді. Адам болмыстың толық бір баспалдағын аттап өтіп кете алмайды, олай болса ол қайыршыланып, бос кеуде болып қалар еді. Ұлт жанды адам – жай адамға қарағанда жоғары, онда адамның тектік сипаты бар, тіпті сонымен бірге жеке-ұлттық белгілері де бар» (Бердяев, 1987: 15). Жалпы бұл жерде қазақстандық менталитет туралы айта отырып, біз әрбір қоғамның мүшесінің бойында өзінің ұлтына тән құндылықтардың дұрыс қалыптасуын жағымды құбылыс деп санаймыз. Бұл қазақстандық менталитеттің қалыптасуына еш кедергі бола алмайды. Себебі, тарихи тәжірибеміз көрсеткендей, қазақстандық халықты құрайтын ұлттардың арасында жер мен көктей айырмашылықтар жоқ, керісінше бұл ұлттардың тағдырында, дүниетанымында ұқсастықтар байқалады.

Жеке бір ұлт адамзат қауымы құрамына қажеттілік ретінде енеді, онсыз қауымдық толық емес немесе тіпті зиян да шегуі мүмкін. Әрбір ұлт Бердяевтің ойынша, «күрделі иерархиялық баспалдақ, онда тарихи тағдырдың өткірлігі ерекше көрініс тапқан. Мұнда табиғи нақтылық тарихи нақтылыққа айналады» (Бердяев, 1987: 22). Яғни қазақстандық менталитеттің қалыптасуына қатысты кездесетін айтарлықтай карама-қайшылықтар кездеспейді деп айтуға болады.

Тарихи үдерістің субъектісі бола отырып, ұлт өз күшінің арқасында және өз құндылықтарына

сай өз аумағында дамиды, нәтижесінде «адамзаттықтың жағымды нақты тұтастығына адам болмысының барлық сатысы кіреді, одан ештеңе алынбайды да, жоғалтылмайды да» (Бердяев, 1987: 23). Адамзаттық тұтастық ұлттардың күрделі құрылымымен түсіндіріледі, олардың әрқайсысы өзінің сапалы үлесін қосып отыруы қажет, соның нәтижесінде «космостық иерархиядағы бір тұлғалық құбылыс ретінде» (Бердяев, 1987: 24) ол тұтастық өмір сүруге қабілетті және тұрақты, бай әрі мықты бола алады. Тек қана жалпы адами мұрадан алып қана қоймай, оны техникалық жағынан да, құндылықтар жағынан да толықтырып отыру үшін еңбектену қажет.

Біздің ойымызша, менталитет саяси дамудың рухани-әлеуметтік негізі болғандықтан, оның құрамына кіретін компоненттерді ашу менталитеттің танымдық мазмұнын одан әрі ашады.

Кез келген әлеуметтік топтастық өзіндік сананы иеленген, оның негізгі құрамдас компоненті ретінде өзіндік ерекшелікті сезіну болып табылады, соның нәтижесінде өзіндік ерекшеліктің белгілерін табуға ұмтылыс пайда болады. Ұлттық ерекшелікті көрсетудің жекешелендірілген түрі ретінде ұлттық өзіндік сананы айтуға болады, ол нақты бір әлеуметтік-этностық топтастыққа жатқызу сезімі ретінде, осы ұлттық топқа өзін итермелеуден көруге болады. Ұлттық өзіндік сананы З.В. Сикевич өте әділетті түрде былай деп санаған, «ол этникалық өзіндік санадан айырмашылығы бар, ұлттық өзіндік сана тек эмоционалды компонентті (этникалық топтың басқа мүшелерімен өзінің бір екендігін ойлау) ғана емес, сонымен бірге рационалды компонентті де иеленеді, ол дегеніміз нақты бір ұлтқа өзінің жататынын сезіну, ұлттық мәнге белгілі бір территорияға иелік еткен тарихи өткені ортақ біртұтастықты құрайтынын түсіну және өз елінің рухани құндылықтарына саналы түрде мән беріп, соны бағдар ретінде ұстану» (Манекин, 1991: 33).

Ұлттық ерекшелікті көрсетудің объективтендірілген түрі ретінде ұлттық мінез-құлықты жатқызуға болады. Ол ділдік ерекшеліктер мен әлеуметтік іс-әрекетте байқалатын сыртқы көрініс, бір ұлттық топтың екінші топтан айырмашылығы.

Ұлттық өзіндік сана мен ұлттық мінез-құлықтың негізінде өзіндік идентификацияның әлеуметтік-психологиялық механизмі жатыр. Ұлттық және этностық бірегейлік тұлғаның әлеуметтік нақтылықты меңгерудегі маңызды механизмдердің бірі, ол әртүрлі этностық топтар

мен әлеуметтік байланыстардағы ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуында күшті фактор ретінде тұлғалық пікірлер жүйесінің қалыптасуына негіз бола алады. Ұлттық және этностық бірегейлік бұқаралық іс-әрекет пен саяси іс-қимылдарда өте мықты катализатор ретінде қызмет етеді (әсіресе дағдарысты қоғамдарда).

Ұлттық және этностық жатқызу туған кезден бастап, ана тілінде сөйлеумен және адамның қоршаған ортасындағы мәдениетпен бірге жасасады, ал қоршаған ортадағы мәдениет өз кезегінде жалпыға бірдей тәртіп стандарттарын және тұлғаның өзіндік дамуына әсер етеді.

Этностық және ұлттық бірегейліктің (идентификацияның) тұрақтылығы адамның өзі туралы өзіндік түсінік пен басқалардың түсініктері арасындағы әлеуметтік және жеке «Мен» арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа жету қабілетін қамтамасыз етеді. Алайда мұндай бейімделу динамикалық үрдіспен қалыптасады, себебі, адамдардың даму барысында олардың этникалық бірегейлігі үздіксіз өзгеріп тұратын сыртқы ортаның сынақтарына ұшырайды. Осыдан келіп, әлемдегі өз орны туралы, өз мақсаттары мен басқалармен қарым-қатынастары туралы белсенді түрде ой түйу нормативті және психикалық-әлеуметтік дағдарыс мүмкіндігі туады.

Ұлттық мінез-құлық – өзіндік бірегейліктің өлшеуге келмейтін нәтижесі болып табылады, саналы сараптауға келе қоймайтын, ұлттық ерекшеліктің жеткен жемісі. «Мінез-құлық» категориясы мағынасының саналуандығы ұғымдық қиындық тудырады. «Мінез-құлық» ұғымы грек тілінен аударғанда айырғыш сипат, белгі, ерекшелік деген мағына береді. Кейбір деректерде мінез-құлықты «тұлғаның іс-әрекеті мен қарым-қатынасында соған тән іс-қимыл тәсілдерін қалыптастырып, көрінетін, тұрақты жеке ерекшеліктері жинағы» (Дубов, 1993: 18). Енді бір жағдайларда ол тұлғаның қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасынан, іс-әрекеті ерекшеліктерінен көрінетін өзіндік белгілерден құрылған тұлғалық сандық. Мінез-құлық өз негізінде нақты тұрақты тұлғалық тәртіптің бағыттылығына жағдай жасайтын, әртүрлі салалардағы нақтылыққа байланысты адамның қажеттіліктерінің, сезімдерінің, мүдделерінің, идеалдарының, мақсаттарының үстемдігін көрсетеді.

Ұлттық мінез-құлық мәнін ашу көбіне ұлтты керемет әлеуметтік-этникалық қауымдастық ретінде, тарихтың толық субъектісі ретінде түсіндіруге байланысты. Өзімізге белгілі, ұлтты анықтауда екі кең таралған бағыты қалыптасқан:

біреуі ұлтты этноспен жақындатса, екіншісі – мемлекетпен жақындатады.

Ұлтты зерттейтін тұжырымдамаларға тоқталсақ, М. Вебердің пікірінше, «қай жерде адамдар өздерінің бар екендігіне сенсе немесе қауымдастыққа жататындықтарын сезінсе және автономиялық мемлекетте өзін танытуға ұмтылса, ол жерде ұлт бар» (Вебер, 1994: 305). Ұлттың өмір сүруін нақты бір адамдар тобы басқа топтардың алдында өздерінің тұтастық сезімін білдіргендігімен көрінеді. М. Вебердің ойынша бұл тұтастық сезімі толығымен субъективті емес, оның тамыры объективті факторларда жатыр, яғни, бір нәсілде, тілде, дінде, әдеттер мен саяси тәжірибелерде, бұлардың әрқайсысы ұлттық сезімді келтіреді. Веберлік тұжырымдамада қай жерде әртүрлі адамдарды байланыстыратын және оларды басқалардан айырып беретін бірнеше объективті факторлар болса, қай жерде осы фактор ортақ құндылықтар көзі ретінде саналып, сонымен бірге оларға қатысты тұтастық сезімін тудырса, қай жерде осы тұтастық автономды саяси институттарда өзінің көрінісін тапса, сол жерде ұлт қалыптасады деп санайды. М. Вебердің ойынша, адамдардың қауымдастығын ұлт деп санауға болады, егер ол өзіндік автономды мемлекетінде біріксе немесе бірігуге тілек білдірсе. Бұл оймен біз толық келісеміз.

Э. Смит ұлттың екі түрін көрсетеді «территориялық және этникалық» (Мостовая және Скорин, 1995: 39). Территориялық ұлт (азаматтық) мемлекетпен мөлшерлес немесе белгілі бір территориядағы елмен мөлшерлес ортақ құқықтармен байланысқан азаматтардың бірлестігі. Мұндай ұлттық бірлестік түрінің қалыптасуында белсенді агент ретінде мемлекет араласады, ол кейде тіпті этникалық топтардың барлығын біртұтас етіп біріктіреді. Бұл үдерістердің ортақ мәдениетсіз, ортақ аңыздар мен белгілерсіз дамуы мүмкін емес. Осы жерде мемлекет ұлттық институттары мен білім беру жүйесі арқылы азаматтық, қоғамдық дінді енгізбесе азаматтардың бірігуінің мәні болмайды. Екінші этникалық түрде негізгі екпін ортақ түп-тамыр, салт-дәстүр, тіл және ортақ тарихи тағдыр деген құндылықтарға қойылады.

Біздің ойымызша, ұлтқа жан-жақты сипаттама берген П. Сорокин болып саналады. Ол өзінің «Основные черты русской нации в двадцатом столетии» атты еңбегінде көптеген ұлттық мінез-құлық зерттеулеріне тән қателіктер туралы айтады. Біріншіден, ұлт немесе ұлттық мінез-құлық нені білдіретіні туралы анықталмаған немесе тым көмескі түрде анықтамалар берілген.

Мысал ретінде шетелдік еңбектен ұлттық мінез-құлық анықтамасына дәлел келтіреді: «белгілі бір қоғамдағы адамдардың бүкіл өмір барысында жасаған байланыстары кезінде алғандары мен иеленгендері» (Сорокин, 1991: 153). Осыған ұқсас сипаттамалар Сорокин байқағандай «кез келген әлеуметтік топқа келеді, мысалы қоғамдық тапқа, территориялық топқа, діни ұйымға немесе басқа да әлеуметтік жүйелерге» (Сорокин, 1991: 222). Ұлт және ұлттық ерекшеліктер әлеуметтік топтармен байланысты, бірақ таптардан, діни ұйымдардан, саяси партиялардан, тайпалардан және т.б. ерекшеленеді. Сорокин сонымен бірге белгілі бір топтарға жататын жеке адамдарды психологиялық немесе психоаналитикалық жағынан суреттеуге жүгінетіндерді де сынады. Зерттеулердің екінші кемшілігі туралы ол былай дейді: «олар қарапайым «автоматты түрде» жеке адамдардың жинағы мен күрделі түрде әлеуметтік және мәдени жүйелермен біріккен жинақтардың арасында терең айырмашылықты жоққа шығарады, қарапайым тілмен айтқанда ұлттармен емес, жеке адамдармен» (Сорокин, 1991: 243) санасанды дейді. Ойшылдың ойынша, жеке адамдардың мінездері ұлттың мінезімен бірдей болмайды. Ол жағдайды былай түсіндіреді, мысалы, судың құрамы сутегі мен оттегінің құрамынан өзгеше немесе автомобильдің бөлшектерінің құрамы жинаған машинаның құрамынан өзгеше. Зерттеулердің үшінші кемшілігі туралы айтқанда, Сорокин жоғарыда айтылған тезисті әрі қарай толықтырады. Тесттер мен сұрақ-жауаптар арқылы толық бір ұлттың мінез-құлқы анықтау мүмкін емес деп санайды. Егер Сорокин бұрын әлеуметтік бүтіндікті «бөліктері бір бағытта іс-әрекет етісіп және бір мақсатты көздейтін тұтастық» (Сорокин, 1991: 223) деп санаса, кейіннен ол былай деп тұжырым жасайды: «индивидтер жинағы тәртіптерінің көріністері арқылы қандай да болмасын күрделі топтың, соның ішінде ұлттың мінезін нақ анықтау мүмкін емес» (Сорокин, 1991: 224). Зерттеуші өз тұжырымдарын нақты дәлелдей алған.

П. Сорокиннің пікірінше ұлттың өзіндік сипаты әлеуметтік, мәдени жүйе ретінде келесі факторлармен анықталады: 1) мағыналар, құндылықтар мен нормалар, оларды жүзеге асыру үшін жүйе жұмыс жасайды; 2) алдын ала жазылған және тыйым салынған реттегіштер, олар арқылы құндылықтар мен нормалар эмпирикалық әлемде объективті бола түседі; 3) жүйенің жұмыс жасауы үшін қажет материалды құралдар (мекемелер, қару-жарақтар, қорлар

және т.б.). Кез келген жүйе, сонымен бірге ұлт та «оны құраушы элементтердің іс-әрекет фрагменттерін зерттеумен шектелмеу тиіс» (Сорокин, 1991: 178). Біздің ойымызша, ұлт ерекше жүйе ретінде көптеген факторлардың нәтижесінде қалыптасады. Қазақстан территориясындағы халықтың қалыптасуына көз жіберетін болсақ, сонау көшпенділер де, қазақ ұлты да, қазақстандық халық та бір ғана этностан құрылған жоқ. Көшпенділерді де, қазақ ұлтын да, қазақстандық халықты құрайтындар да тілі, діні, мәдениеті әртүрлі болып келетін этностар. Мәселе бұл жерде әлеуметтік рухта болып отыр. Яғни, тұтас қауымдастыққа бірігу үшін осы әртүрлілікті біріктіретін күш менталитеттің қалыптасуы, әйтпесе бұл жерде біріктіруші күш ретінде не ортақ мінез-құлықтың, не қоғамдық сананың, не ортақ дүниетанымның күші жете бермейді. Бұл элементтер менталитеттің құрамына біріге отырып қана іс-әрекет ете алады.

Сорокин ұлтты ерекше әлеуметтік жүйе ретінде санап, оның маңызды белгілерін көрсетеді. «Ұлт дегеніміз көпфункционалды, тұтас, жартылай жабық әлеуметтік-мәдени топ, және өзінің өмір сүріп жатқанын, бірлігін сезінеді. Бұл топ келесі индивидтерден тұрады, олар: 1) бір мемлекеттің азаматтары; 2) тілдері ортақ немесе ұқсас және осы индивидтер және олардың алдында өмір сүргендердің ортақ тарихынан туындаған ортақ мәдени жинақ; 3) өздері және ата-бабасы тұрған ортақ территория. Сонымен бірге, ұлт дегеніміз мемлекеттен және этникалық (тілдік) және таза территориялық топтардан өзгеше әлеуметтік жүйе» (Сорокин, 1991: 180). Жалпы айтқанда, ол ұлт ұғымын этноспен де, мемлекетпен де байланыстырмай және этностан да, мемлекеттен де өзгеше жүйе ретінде дәлелдейді.

Басқа жағынан алғанда, ұлттың пайда болуы мен өмір сүруінде маңызды рөлді әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесі де атқарған. Сондықтан біз тағы да бір тұжырымдаманы, Ренанды қарастырсақ. Хосе Ортега-и-Гассет атаған «Ренан формуласы»: «өткендегі ортақ абырой, қазіргі таңдағы ортақ ерік, жасаған ұлы ерлік істер туралы еске алу және болашаққа дайындық – міне ұлттың қалыптасуы үшін қажет жағдайлар... Артта – атақ-даңқ пен өкініш-мұң мұрасы, алдыда – іс-әрекеттердің ортақ бағдарламасы... Ұлт өмірі – күнделікті плебисцит» (Нысанбаев, 2003: 11). Бұл ойлар да жоғарыдағы ортақ менталитеттің қажеттілігін тағы да бір рет дәлелдеп отыр.

Біздің ойымызша, жеке адамның өткенін, бүгінін, ертеңін бөліп алу мүмкін болмағандықтан, бір халықтың құрайтын құрамдас бөліктердің де тарихын, бүгінгі жайкүйін, болашақ мақсатын бөліп қарау мүмкін емес. Сондықтан қоғамды алдыға жылжытатын күш ретінде қазақстандық менталитетті айтуға болады. Әрине, қазақстандық металитет толығымен қалыптасып болды деп айту әлі ертерек, алайда, бұл құбылыс расында да институционалды қызмет ете алатын жүйе болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанды көпұлтты мемлекет деп те, көпэтносты мемлекет деп те айтып жүр. Ол туралы, саясаттанушы Байделдинов былай дейді: «Әрине, Қазақстанда көптеген ұлттардың өкілдері тұрады, бірақ бұл республиканың көпұлтты екендігін көрсетпейді» (Байдельдинов, 2001: 10) дей келе, бұл мемлекеттің негізгі ұлты ретінде қазақтардың мәртебесіне көңіл бөледі. Расында да бұл солай, бірақ Қазақстандағы саяси үдерістердің менталді астарын зерттеу үшін қазақтарды жеке алып, қазақ менталитетін ғана көрсететін болсақ, бұл дұрыс емес бағыт болып табылады. Қазақстандағы саясатты құрушылар да, оған қатысушылар да қазақстандық халық, нақты бір ұлт емес. Сондықтан, біздің ойымызша, тұтас қазақстандық халықтың менталитетін қарастыру қажет. Болашақта да бұл құрылым өзгермейді, яғни қазақстандық қоғам көпэтносты болып қала береді, алайда біздің айтайын дегеніміз, ұлттың бойындағы немесе этностардың бойындағы бірігушілік, сапалы құндылықтар жалпы қазақстандық менталитеттің негізгі қасиеттері болып қалыптасуы керек.

Ұлттың қалыптасу үдерісі көптеген елдерде әлі күнге дейін жүріп жатыр. Адамдар оны талқыға салады, теориялар мен жоспарлар жасайды, осы үдерістің барысында пайда болған қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды шешуге күш жұмсайды. «Ренонның формуласы» бұл істе жақсы көмек бола алады: оған апелляция жасайды, дамытады. Л.С. Сенгор 60-жылдары Сенегалдың президенті болған кезінде ұлттың қалыптасуында келесі тұжырымдаманы ұсынды (Иванов, 1998: 45). Отан деп аталатын белгілі бір этникалық бірлестік те кездеседі. Отан дегеніміз – ортақ тілмен, қанмен және дәстүрмен байланысқан адамдар қауымы және осы ұғыммен қатар ұлт деген термин де кездеседі. «Ұлт отандарды біріктіреді және оның шеңберінен де шығып кетеді. Ұлт – отан емес, ол өзіне табиғи жағдайларды байланыстырмайды, ол ортаның

қалыптасуы емес, ұлт дегеніміз құрылуға немесе қайта құрылуға деген ерік-жігер. Ұлтты қалыптастыратын нәрсе, ол – бірлесе өмір сүруге ұмтылған ортақ ерік. Әрине бұл ортақ ерік көршілік тарихынан туындайды және міндетті түрде мейірімді көршіліктен емес» (Иванов, 1998: 43). Бұдан мынадай қорытынды туады, ұлттың қалыптасуында субъективті фактордың рөлін таза жоққа шығаруға болмайды.

Ұлттық мінез-құлық құрылымында ерекше орынды оның менталді бірлестігі алады, ол саналы немесе санасыз өз ұлтының рухани тәжірибесімен сусындайды. Философиялық құрылымдар өз дүниесінде белгілі бір ұлттың тәжірибесімен тығыз байланысты. Ұлттың рухани мұрасы қаншалықты бай болса, ол ұлт даму барысында мобилді іс-әрекеті жемісті болып келеді.

Ұлттық мінез-құлық пен ұлттық менталитетті тығыз байланыстыратын тағы бір компонент ол ұлттық имидж болып табылады. Ұлттық имидж дегеніміз – басқа халықтың өкілдеріне танылатын сипат және сол арқылы нақты бір ұлт өзін басқаларға көрсетіп, дәлелдей алады. Ұлттық имидж де ұлттық менталитетті зерттеуде маңызды орын алады, ол туралы Б.Ф. Поршнев былай дейді, «ұлттық имидждің ядросы ретінде «біз» ұғымының жеке немесе ұжымдық деңгейде түсінілуі жатады. Материал алғашқы қауымдық қоғам тарихынан ғана емес, алайда әртүрлі тарихи кезеңдерде көрінеді, кейде тіпті «олар» деген ұғым болса да «біз» ұғымы жоғалып кетеді. «Олар» – «біз» емес, немесе керісінше, «біз» – «олар» емес. Тек қана «олардың» барлығы, «оларға» қатысты өзіндік анықталып алу арманын тудырады, «олардан» «біз» деген сезім арқылы бөлініп шығу» (Кусов, 2000: 22).

Ұлт табиғаты, ұлт менталитеті – күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі. Ұлт табиғатын тану, оның тарихи тағдыры мен болмысын анықтау – қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Бір қарағанда ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, дәстүрлері ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады. Миллиардтан асқан қытайлықтардан бастап, бірнеше жүз құрайтын юкагирлерге дейін этнос құрайды. Ұлттардың тарихи тағдыры, өзара ықпалдасуы мен байланысуы қоғам өмірінде жан-жақты көрініс алып отыр.

Ең бастысы – әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру. Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу, оның

терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі.

Менталитет пен мінез-құлық ұғымдары синоним сөздер емес екендігін есте ұстауымыз қажет. Ұлттық мінез-құлықтан менталитеттің ерекшелігі мынада, ұлттық мінез-құлық ментальдықтың негізгі бөлігі ретінде өмір сүрудің психологиялық-физиологиялық белгілерін өзіне жинақтайды. Ал менталитет әрине ментальдықтан да күрделі әлеуметтік сапалы жағдай болып саналады.

Ұлттық мінез-құлықты бағытталған мемлекеттік идеология арқылы, мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады (бұған қатысты кеңестік тарихымыздан көптеген мысалдар келтіруге болады) немесе керісінше мемлекеттің басымдық мақсатына жетуі үшін, дені сау мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық мінез-құлықтың жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады.

Ал менталитет, әрине, көптеген сыртқы факторларға байланысты сырттай өзгергенімен, заманға сай бейімделгіштік қасиетін көрсете отырып, өз ядросын немесе түпкі тамырын өзгеріссіз қалдыра алады. Сол арқылы өзіндік ықпал да етеді. Бұл жағдайда менталитет қорғағыштық қызмет атқарады. Заманның қойған талабына сай ұлттың бейімделуін жеңілдететін де осы менталитеттің қасиеті.

Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы болып табылатын дені сау ұлттық менталитетпен тығыз байланысты. Ол мемлекет территориясында тұратын барлық этностық топтар мүдделерінің теңқұқылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатқа едәуір ықпал ете алады.

Ұлттық менталитет қазіргі біздің қоғамымызда қалыптасқан ұлттық психологиямен тығыз байланысты. Ұлттық психология ұлттық өзіндік санаға қатысты қалыптасқан түсініктер, пікірлер, сезінулер, қажеттіліктер мен мұқтаждықтар жиынтығы. Сондықтан ұлттық менталитетті түсінбес бұрын ұлттық психология туралы қарастырсақ.

Ұлттық менталитеттің Қазақстан жағдайындағы даму ерекшеліктерін, ментальдық деңгейдегі саяси үдерістерді басқару механизмдерін де көрсетуге болады. Сонымен қорытындылай келе:

Ұлттық менталитет объективті саяси нақтылықтың негізі болып табылады, оны біз

көбіне саяси санадан байқай аламыз. Саяси сана – саясаттың субъективті өлшемі. Сондықтан саяси менталитеттің құрамына саяси сананы, саяси құндылықтар мен саяси әлеуметтенуді жатқызамыз. Саяси құндылықтар дегеніміз объектіні бағалау, яғни, саясат туралы қалыптасқан түсініктер, ол саяси әлеуметтену үдерісі арқылы қалыптасады. Саяси менталитеттің негізгі компоненті ретінде бола отырып, саяси сана қазіргі Қазақстанда екі түрге бөлінеді: элиталық саяси сана және бұқаралық саяси сана. Элиталық саяси сана идеология, ғылым және үгіт-насихат түрінде дамып келеді, ол халықты саяси өмірге бағыттау, саяси нақтылықты түсіндіру және әлеуметтік, саяси құбылыстардың арасындағы байланыстарды түсіндіру қызметтерін атқарады.

Біздің ойымызша, элиталық саяси сананы ұстанушылар, саяси элита әртүрлі салалардағы өз орнын пайдалана отырып, дәстүр, білім, тәрбие, ақпарат, дін құралдары арқылы жеке және ұжымдық саяси тәжірибенің қалыптасуына әсер етті. Осыларды негізге ала отырып бұқаралық саяси сана қалыптасты, ол қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік болмыстың ықпалымен қалыптасып отыр. Осыдан келіп Қазақстандағы саяси менталитетте бірнеше белгілер алдыңғы орынға шығады:

- мемлекет «отбасы» ретінде халықтың ментальдық деңгейінде қабылданады. Яғни, «мемлекет» сөзі қазақстандықтардың дүниетанымында «бақылау», «тәрбие», «қорғау», «асырау» деген ұғымдармен түсіндіріледі;

- мемлекеттік биліктің жауапты, күшті және әділетті болуын қажет деп ұғыну;

- саяси жетекшілерді көсем ретінде қабылдап, олардан үнемі «ғажайыптарды» күтеді және оның беделіне бағынады. Сонымен бірге халықтың түсінігінде саяси жетекшілер қоғам, ел үшін қызмет етуі тиіс, ал егер олар биліктен кетсе халық міндетті түрде оларды сынға алады;

- абсолютті саяси құндылық ретінде тәртіпті бірінші орынға қояды.

Саяси менталитет жалпы өзіне саяси нақтылық туралы түсініктерді, құндылықты саяси бағдарларды (саналы және санасыз), саяси оқиғаларға байланысты саяси ұстанымдарды біріктіреді. Сонымен, қазіргі қазақстандықтардың саяси менталитетінің қалыптасуындағы осы үш механизмдерді сипаттайтын болсақ, олар:

- жеке адамның өмірі басты құндылық;
- заң алдындағы теңдік;
- адамның жеке меншігі;

- мемлекет дамыған сайын азаматтардың хал-ахуалы жақсарады.

Осы Қазақстандағы саяси менталитеттің ерекшеліктерін ескере отырып қорытынды жасауға болады: қазіргі қазақстандықтардың саяси менталитетінің қалыптасуындағы басты ерекшелік – мемлекеттілік пен патриотизм идеялары, жеке бас бостандығы және азаматтық идеяларымен сәйкестене алуы тиіс. Бұл менталді бірегейлікке толық байланысты, себебі, біздің ойымызша, барлық жас ерекшеліктерін ескере отырып саяси менталитетті қалыптастыру үшін бұл бірлесу маңызды болып табылады. Саяси бірегейлік саяси сана жемістерінің бірі және сонымен бірге ол саяси санаға әсер ете алады. Саяси бірегейліктің көмегімен жеке адам немесе топ нақты саяси ұстаныммен саяси қарым-қатынастардың субъектісі бола алады.

Менталді бірегейліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін тағы да басқа маңызды факторларға келесілерді жатқызуға болады: ұлтаралық мәмілелік, билік пен халық арасындағы сенім мен сенімді ақтаушылық. Бұл факторлар көпұлтты мемлекетте бейбіт өмір сүре алуды қамтиды. Олардың негізінде келесі құндылықтар жатыр: гуманизм, адамгершілік және азаматтық патриотизм.

Менталді бірегейліктің сапалы қалыптасуы үшін қазіргі мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды, ұлттық құндылықтарды және әлеуметтік міндеттерді дұрыс бағалаумен тығыз байланысты.

Сонымен менталді бірегейлік дегеніміз – ерекше философиялық категория, оның өзіндік сипаты мен даму логикасы бар. Менталді бірегейліктің маңыздылығын келесі белгілермен анықтауға болады:

- қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді;

- ұлтаралық мәмілелікті қалыптастырады;

- қазақстандық менталитеттің маңыздылығын ашады;

- саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың нәтижелілігіне жағдай жасайды;

- саяси элита мен азаматтық қоғам арасындағы байланысты дамытады;

- саяси үрдістердің менталді астарының маңыздылығын ашады;

- қоғамдағы жалпыұлттық құндылықтар мен принциптерді қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен бұл мәселе бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

- менталді бірегейлік категориясын Қазақстандағы саяси үрдістердің менталді астарын

анықтау үшін, сараптап, талдау үшін қолдануға болады;

– менталді бірегейліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін тағы да басқа маңызды факторларға келесілерді жатқызуға болады: ұлтаралық мәмілелік, билік пен халық арасындағы сенім мен сенімді ақтаушылық. Бұл факторлар көпұлтты мемлекетте бейбіт өмір сүре алуды қамтиды. Олардың негізінде келесі құндылықтар жатыр: гуманизм, адамгершілік және азаматтық патриотизм;

– менталді бірегейліктің қалыптасуына жағдай жасайтын тағы бір құбылыс, ол жасанды емес табиғи, шынайы патриотизм. Шынайы, табиғи патриотизм – жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан, басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, адамгершілікпен қарауды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте екі түрлі патриотизмді байқауға болады. Біріншісі өз ұлтына қатысты патриотизм және екіншісі, барлық ұлттарға қатысты мемлекеттік патриотизм, екеуінің қосылуынан ұлттық па-

триотизм қалыптасады, ол дегеніміз өз отанына, жеріне халқына деген сүйіспеншілік және өз халқын, жерін, отанын мақтаныш ету сезімі;

– тарихи үдерістің субъектісі болып, халық нақты мақсатына жету, құндылықтарды сақтап қалу үшін және өзінің дамуында адамзат болмысына түсінік бере отырып бейімделе бастайды. Адамзат болмысын анықтау нәтижесінде, халық белгілі бір тарихи беделге ие болады. Ол тарихи беделге өту үшін, тұтастықты сақтап, тұрақтылықты орнату тиіс. Тұрақтылықты орнату үшін, адам тек қана, жалпы адамзаттық қасиеттерді ғана анықтамай, құндылықтар, мән-мағына сферасына үлкен үлес қосу керек. Кез келген қоғамдық бірлестік өзіндік санасымен айқындалады, сондықтан өзіндік сананың компоненті ретінде өзіндік образ туындайды. Халықтық негізде субъективті форманың белгісі – қазақстандық сана болып табылады. Халықтық сана мен белгілі бір ұлттың санасын салыстыратын болсақ, ұлттық сана өзіне рационалды және эмоционалды компонентті біріктіреді.

#### Әдебиеттер

- 1 Абулатипова Р.К. Основы национальных и федеральных отношений / под ред. Р.К. Абулатипова. – М., 2001. – 364 б.
- 2 Байдельдинов К.А. Государственный суверенитет РК как политическая ценность // Саясат. – 2001. – № 3. – 85 б.
- 3 Бейшембаева А.Р. Менталитет кыргызского народа в условиях модернизации: автореф. дис. к-та филос. наук. – Бишкек, 2005. – 48 б.
- 4 Бердяев Н.И. Миробъектов. Опыт философии одиночества и общения. – Париж, 1931 // Цитаты из книги: Пути всех к мудрости. – М., 1987. – 267 б.
- 5 Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. – Астана, 2005. – 287 б.
- 6 Бухаева А. Об особенностях формирования национальной идентификации // Саясат. – 2003. – № 5. – 64 б.
- 7 Вебер М. Избранное. Образ общества. – М.: Юрист, 1994. – 704 б.
- 8 Дубов И.Г. Феномен менталитета: психологический анализ // Вопросы психологии. – 1993. – № 5. – 80 б.
- 9 Иванов В.Н., Назаров М.М. Политическая ментальность: опыт и перспективы исследования // Соц.-полит. журн. – 1998. – №2. – 93 б.
- 10 Кусов В.Г. Категория ментальности в социологическом измерении // Социол.исслед. – 2000. – № 9. – 79 б.
- 11 Қалмырзаев Ә. Біз, қазақ ежелден еркіндік аңсаған. – Алматы: Ғылым. – 1998. – 313 б.
- 12 Манекин Р.В. Контент-анализ как метод исследования истории мысли. Опыт количественного исследования итальянских текстов Эпохи Возрождения (Поджо Браччолини) // Клио. – 1991. – № 1. – 83 б.
- 13 Мостовая И.В. Скорин А.П. Архетипы и ориентиры российской ментальности // Полис. – 1995. – № 4. – 25 б.
- 14 Нысанбаев А.Н. Евразийский межконфессиональный диалог как фактор обеспечения континентальной безопасности и стабильности // Казахстан и современный мир. – 2003. – № 3(6). – 161 б.
- 15 Олещук Ю. Патриотизм против комплекса // Свободная мысль. – 2001. – № 10. – 60 б.
- 16 Политология. Энциклопедический словарь. – М., 1993. – 391 б.
- 17 Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Политиздат, 1991. – 543 б.

#### References

- 1 Abulatipova R.K. Osnovy nacional'nyx i federal'nyx otnoshenij / pod red. R.K. Abulatipova. – M., 2001. – 364 b.
- 2 Bajdel'dinov K.A. Gosudarstvennyj suverenitet RK kak politicheskaya cennost' // Sayasat. – 2001. – № 3. – 85 b.
- 3 Bejshembraeva A.R. Mentalitet kyrgyzskogo naroda v usloviyax modernizacii: avtoref. dis. k-ta filos. nauk. – Bishkek, 2005. – 48 b.



- 4 Berdyayev N.I. Mirob'ektov. Opyt filosofii odinochestva i obshheniya. – Parizh, 1931 // Citaty iz knigi: Puti vsekh k mudrosti. – M., 1987. – 267 b.
- 5 Burbaev T.K. Қазақ mentalitetiniң damu erekshelikteri. – Astana, 2005. – 287 b.
- 6 Buxaeva A. Ob osobennostyax formirovaniya nacional'noj identifikacii // Sayasat. – 2003. – № 5. – 64 b.
- 7 Veber M. Izbrannoe. Obraz obshhestva. – M.: Yurist, 1994. – 704 b.
- 8 Dubov I.G. Fenomen mentaliteta: psixologicheskij analiz // Voprosy psixologii. – 1993. – № 5. – 80 b.
- 9 Ivanov V.N., Nazarov M.M. Politicheskaya mental'nost': opyt i perspektivy issledovaniya // Soc.-polit. zhurn. – 1998. – №2. – 93 b.
- 10 Kusov V.G. Kategoriya mental'nosti v sociologicheskom izmerenii // Sociol.issled. – 2000. – № 9. – 79 b.
- 11 Қалмырзаев Ә. Біз, қазақ еzhelden erkindik аңсаған. – Almaty: Fylym. – 1998. – 313 b.
- 12 Manekin R.V. Kontent-analiz kak metod issledovaniya istorii mysli. Opyt kolichestvennogo issledovaniya ital'yanskix tekstov E'poxi Vozrozhdeniya (Podzho Brachholini) // Klio. – 1991. – № 1. – 83 b.
- 13 Mostovaya I.V. Skorin A.P. Arxetipy i orientiry rossijskoj mental'nosti // Polis. – 1995. – № 4. – 25 b.
- 14 Nysanbaev A.N. Evrazijskijmezkhkonal'nyj dialog kak faktor obespecheniya kontinental'noj bezopasnosti i stabil'nosti // Kazaxstan i sovremennyy mir. – 2003. – № 3(6). – 161 b.
- 15 Oleshuk Yu. Patriotizm protiv kompleksa // Svobodnaya mysl'. – 2001. – № 10. – 60 b.
- 16 Politologiya. E'nciklopedicheskij slovar'. – M., 1993. – 391 b.
- 17 Sorokin P. Chelovek.Civilizaciya. Obshhestvo. – M.: Politizdat, 1991. – 543 b.

## Қайратұлы С.<sup>1</sup>, Құранбек Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: samat.kayratuly@gmail.com  
<sup>2</sup>Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

### МОДЕРНИЗАЦИЯ ТҮСІНІГІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Мақалада қазіргі модернизация үдерісін зерттеу барысындағы тұжырымдамаларға шолу жасалынады, әртүрлі ғылыми тұжырымдар мен теориялар сараланып, соның негізінде «Модернизация» құбылысы мен үдерісінің әлеуметтік-философиялық, концептуалдық мәні айшықталады. Модернизация құбылысы мен үдерісінің қазіргі теориялық-әдіснамалық ұстындары мен тұжырымдарын бағамдау арқылы оның әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық өзегі мен әлеуметтік-философиялық қырлары сараланып, қоғамдық қатынастардың даму үдерісінде, оның тарихи эволюциясында кешенділік тұрғысының маңыздылығы жан-жақты айқындалады. Сонымен қатар, модернизацияның әлеуметтегі әмбебапты, өзін ұйымдастырушы өзгерістердің негізі болатындығы көрсетіледі. Модернизация құбылысы мен үдерісін ғылыми сараптауда «модерн» түсінігі қоғам мен мемлекет дамуындағы мәдени-рухани, тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық кешенді үдерістер жиынтығы екендігі зерттеудің теориялық алғышарты ретінде алынады. Мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, азаматтардың қоғамдағы өмір сүру сапасының артуы, мәдени институттардың орнықты қызметі модернизация үдерісінің негізін құрайтындығы, іргетасы болып табылатындығы байыпталады. Осы тұрғыда, қоғам дамуында дүниетанымдық бағдарлар мен әлеуметтік факторларды зерделеудің маңыздылығына авторлар басымдық береді. «Модернизация» ұғымы категория ретінде тым жалпы және оның баламалы ұғымдары бар екендігі ескеріледі. Сондықтан, осы ұғымға берілген философиялық анықтамалар мен түсініктемелер әрқилы болып келетіні талданады.

**Түйін сөздер:** модернизация, дәстүр, капитализм, мәдениет, өзін-өзі анықтау.

Kairatuly S.<sup>1</sup>, Kuranbek A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Philosophy (PhD), senior tutor of al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

<sup>2</sup>Candidate of Philosophy Sciences, Associate Professor of Ilyas Zhansugurov Zhetysu State University,  
Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

#### Conceptual bases and scientific-theoretical approaches to modernization

In the article, based on the analysis of various scientific concepts and theories, the process of modernization is considered, the socio-philosophical essence and conceptual foundations of the phenomenon and the process of “modernization” are determined. The study of modern theoretical and methodological approaches to the modernization phenomenon makes it possible to show its spiritual, cultural, philosophical and socio-philosophical aspects, as well as the importance and complexity of the differentiation of the process of transformation of social relations in its historical development. In the scientific analysis of the phenomenon and the process of modernization, the notion of “modern”, which is the theoretical basis of research, is a complex of systemic cultural-spiritual, historical-political, socio-economic processes in the development of society and the state. It is also demonstrated that modernization is the basis of universal, self-organizing transformations. The authors point out that the stability and security of the state, the improvement of the quality of life of citizens in society and the orientation towards the

sustainable functioning of cultural institutions form the basis of the modernization process. In this context, the authors give priority to the study of the world outlook and social factors in the development of society. The concept of "modernization" is considered too general and is presented in various alternative concepts. Therefore, philosophical definitions and explanations of these concepts in all their diversity are analyzed and compared.

**Key words:** modernization, tradition, capitalism, culture, self-determination.

Қайратұлы С.<sup>1</sup>, Құранбек А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

<sup>2</sup>кандидат философских наук, ассоциированный профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин,  
Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,  
Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

### Концептуальные основы и научно-теоретические подходы модернизации

В статье на основе анализа различных научных концепций и теорий рассматривается процесс модернизации, определяются социально-философская сущность и концептуальные основания феномена и процесса «модернизации». Изучение современных теоретико-методологических подходов к феномену модернизации позволяет показать ее духовные, культурные, мировоззренческие и социально-философские аспекты, а также важность и сложность дифференциации процесса трансформации общественных отношений в его историческом развитии. В научном анализе феномена и процесса модернизации понятие «модерн», являющееся теоретической основой исследования, представляет собой комплекс системных культурно-духовных, историко-политических, социально-экономических процессов в развитии общества и государства. Также демонстрируется, что модернизация является основой универсальных, самоорганизующихся преобразований. Авторы указывают, что стабильность и безопасность государства, повышение качества жизни граждан в обществе и ориентация на устойчивое функционирование культурных учреждений составляют основу процесса модернизации. В этом контексте авторы уделяют приоритетное внимание изучению мировоззрения и социальных факторов в развитии общества. Понятие «модернизация» считается слишком общим и представлено в различных альтернативных концепциях. Поэтому анализируются и сопоставляются философские определения и объяснения данных концепций во всем их разнообразии.

**Ключевые слова:** модернизация, традиция, капитализм, культура, самоопределение.

### Кіріспе

Модернизацияны ХХ ғасырдың еншісіндегі дәстүрлі қоғамның қазіргі қоғамға көшуіндегі үдеріс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз болып қалды. Дәстүрлі қоғамға қатысты ғылыми айналымдағы мұндай классикалық көзқарас пен түсінік осы кезге дейін өз маңызын сақтап, жетекшілігін жалғастырып келді. Әйткенмен жаһандану үдерісі мәнмәтінінде әлемдік экологиялық қауіп-қатерлер мен ядролық қарулану, экономикалық диверсификация мен дағдарыс дәуіріндегі мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі мәселелері, демографиялық өсім, жаппай миграция, келешектегі азық-түлік тапшылығы сияқты көптеген мәселелер қордаланып келеді. Осы және өзге де іргелі қауіп-қатерлер аясында мемлекет пен қоғам, мәдениет арасында табысты, икемді, өзара тиімді, оңтайлы дамуға қатысты бәсекелестік артып та келеді, екінші жағынан кеми де түсуде. Сондықтан, модернизация үдерісі қазіргі әлемдегі көптеген

мемлекет пен қоғам, мәдениетте түрлі сипат пен мазмұнда жүзеге асуда. Ал бұл болса модернизация теорияларын зерттеу мен зерделеудің жаңа, іргелі ұстындарын талап етеді.

XXI ғасыр басындағы модернизация мемлекет пен қоғам, түрлі мәдени ерекшеліктер алдында тұрған саяси басқару, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б. міндеттерді ішкі-сыртқы қауіп-қатерлер мен тәуекел жағдайларында кешенді түрде шешудің оңтайлы тәсілі. Модернизация – әрбір қоғам, мемлекет дамуындағы техникалық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси үдерістердің жиынтығы. Заманауи модернизация теориясының шартты қызметтері ретінде мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі, азаматтардың өмір сүру сапасының ортаңғы деңгейі, мәдени құрылымдардың тұрақты қызметі қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда кез келген мемлекеттің аталған шартты мақсаттарға жетуі оның басқа мемлекеттермен салыстырғандағы модернизациясы жайлы нақты білімнің деңгейі мен динамикасын талап етеді.

## Әдістер

Қазіргі кезде «модернизация, модернизация теориясы, үдерісі» деген шартты түсінікті зерттеуге қандай мәселелер бізге түрткі болып отыр? Аталған зерттеу аймағына қатысты белгілі зерттеушілердің тұжырымдарына сараптама жасасақ, қорытындысы бір арнаға тоғыса бермейді. Сол себепті осы тұрғыдағы мәселелерді бірнеше топқа жіктеп қарастырсақ болады:

Біріншіден, модернизация түсінігінің аясына біріккен идеялар кешені қазіргі кезде теориялық және практикалық жағынан да аса өзекті. Өйткені, оның астарында заманауи әлемге кең таралған және әмбебаптылыққа ұмтылған қоғам дамуының түрлі концепциялары мен теориялары көрініс тапқан.

Екіншіден, қазіргі таңда аталған мәселе теориялық және эмпирикалық деңгейде сараптамалар беретін және құбылысты пәнаралық негізде зерделейтін түрлі ғылыми пәндердің назарын өзіне аударып отыр.

Үшіншіден, оның өзектілігі әлемде соңғы жылдары болып жатқан түрлі өзгерістерге байланысты негізделеді.

Төртіншіден, біздің мемлекетіміздің дамуы мен қоғамымыздың қазіргі бітім-болмысы модернизация мәселесін түбірлі түрде және жаңаша қоюды талап етіп отыр. Ендігі сәтте модернизация экономикалық тұрғыдағы түбегейлі өзгеріс қалыптарымен ғана шектелмейді. Демек модернизацияны қоғам болмысының тұтас кеңістігі мен барлық ұңғыл-шұңғылдары құрайды.

## Әдебиеттерді шолу

Мәселені өзгеше және жаңаша қоюдың қандай маңызды тетіктері болса да, оның жергілікті дәстүрлерді елеп-ескермейінше және өзара үйлесім таппайынша модернизацияның толық мағынасындағы бағдарламалық, мәдени, әлеуметтік негіздерінің жүзеге асуы екіталай екені айқын. Қазіргі бағыт-бағдары құбылмалы әлемде, мемлекетіміздегі мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді тізбектемей-ақ «модернизация» теориясына, үдерісіне деген сұраныс неден, не үшін туындады деген сауалдарды тарқатсақ, зерттеу аймағына қатысты маңызды деген тұғырнамаларды бағамдауға, нәтижелерін саралауға қатысты мүмкіндіктер ашыла түседі:

Алдымен, соғыстан кейінгі уақытта Батыста кеңінен таралған модернизация теориясының

негізгі әдіснамалық базасы құрылымдық функционализм болды. Құрылымдық функционализмнің танымал болуының негізгі себебі ең алдымен Толкотт Парсонс (Парсонс 1996а; 1993ә) пен Роберт Мэртон (Мэртон 1993а; 2004ә) сияқты америкалық социологтардың еңбектерімен тығыз байланысты. Әлеуметтік ғылымдарға қоғамдық құбылыстардың сан алуандығын сипаттаумен бірге, оны өлшеуге мүмкіндік беретін сандық (математикалық) сараптама әдісі енгізілуі құрылымдық-функционалдық сараптаудың тартымдылығын күшейткен бірден бір себеп болды. «Содан кейін бұл әдіс экономика, саясат, әлеуметтік қарым-қатынастар, мәдениет және әлеуметтік психология салаларында да кеңінен қолданысқа ие болды» (Старостин 1995: 10).

Тағы бір атап өтетін жәйт «Қытай ғылым академиясында модернизацияны зерттейтін арнайы орталық құрылған. Онда белсенді түрде зерттеулер жүргізілуде. Оның құрамында Қытай модернизациясының стратегиясын зерттейтін «топ» жұмыс жасайды. Орталықтың директоры және зерттеу тобының жетекшісі – профессор Хэ Чуаньци; өкілдік кеңесшілер тобы да бар. Орталық ағылшын тілінде Modernization Science Newsletter деген атпен электронды журналды да басып шығарады. Зерттеудің жүйеленген нәтижелері 2001 жылдан бері жыл сайын баяндама ретінде жарияланып келеді. 2001–2010 жылдар аралығындағы ахуал «China Modernization Report Outlook» атты жинақталған сараптамалық баяндамада да қорытындыланған» (Чуаньци 2011: 7).

Модернизация теориясының қалыптасуына әлеуметтік-саяси, ақпараттық-саяси, идеологиялық, теориялық факторлардың ықпал еткенін атап өткеніміз жөн. Дегенмен бұл факторлардың тек саяси және теориялық негізіне ғана тиесілі, мәселеге біржақты қараудан туындаған көзқарас деп санаймыз. Мысалы Ресейлік ғалым Б.С. Старостиннің модернизацияның даму эволюциясы туралы мына бір пікірін осы құбылысқа қатысты теорияның XX ғасырдағы үдерісі мен сипаттамаларына ғана берген бағасы ретінде қабылдауға болады: «Әрине XX ғасырдан бері модернизацияның қазіргі теориясы аса қарқынды эволюциялық дамып, бірнеше кезеңдерден өтті. Олардың алғашқысын XX ғасырдың 50-60 жылдарына жатқызуға болады. Бұл кезеңде осы теорияның пайда болуы мен қалыптасуы жүріп жатты және оның негізінде дамудың нақты моделдері де жасалуда еді. Екінші кезең – XX ғасырдың 70-80 жылдары. Осы жыл-

дар аралығын сол кездегі Батыс пен Шығысты жаулап алған құндылықтарды қайта бағалау кезеңі деп те атауға болады. Модернизацияның алғашқы теориясын жасаушылардың өздері осы кезеңнің идеяларынан өріс алды және сол арқылы өздерінің тәжірибелік ерекшеліктерін тапты. Үшінші кезең, ХХ ғасырдың 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында басталып, қазіргі кезде де жалғасын табууда. Бұл кезең модернизация теориясын жаңа өмірмен бірлікте айқындауға ұмтылып келеді және соған сүйене отырып заманауи әлемнің шындығына сай келетін жаңа синтезді жүзеге асыруымен сипатталады» (Старостин 1995: 10).

Қытайлық зерттеуші Хэ Чуаньци бірінші кезең яки модернизацияның классикалық теориясына қатысты алғаш зерттеулердің төмендегідей ғылыми еңбектерде көрініс тапқанын және олардың теорияны зерделеуде маңызды іргелі жұмыстар екенін атап өтеді: «The Social System» (1951) (Parsons 1995), «The Passing of Traditional Society: Modernizing the Middle East» (1958) (Lerner 1958), «The Politics of Developing Areas» (1960) (Almond 1960), «The Stages of Economic Growth» (1960) (Rostow 1960), «The Achievement Society» (1961) (McClelland 1961), «Политика модернизации» (1965) (Apter 1965), «The Politics of Modernization» (1966) (Levy 1966), «The Dynamics of Modernization» (1966) (Black 1966), «Modernization: Protest and Change» (1966) (Eisenstadt 1966), «Political Order in Changing Society» (1968) (Huntington 1968), «The System of Modern Societies» (1971) (Parsons 1971), «Becoming Modern – Individual Changes in Six Developing societies» (1974) (Inkeles 1974). Осы зерттеулердің негізінде модернизация теориясының іргетасы қаланып, өзіндік зерттеу аймағына айналды. Әйткенмен модернизация теориясы біртұтас теория ретінде емес, түрлі салалардағы зерттеулердің нәтижесін құрайтын теориялық білімдер жиынтығын да сипаттайды (Harrison 1988). «Модернизацияның классикалық теориясына сәйкес адамзат өркениеті үш негізгі белестерден өтті. Алғашқы қауымдық қоғам, дәстүрлі аграрлық қоғам және қазіргі индустриалдық қоғам. Модернизация – қоғамның дәстүрлі аграрлық ахуалдан қазіргі индустриалдық қоғамға трансформациялану үдерісі» (Чуаньци 2011: 39-40).

Өндірістік мемлекеттер ХХ ғасырдың 60-шы жылдары модернизацияның классикалық белесінен келесі кезеңіне өтті. Батыс зерттеушілерінің көбісі бұл өзгерісті постмодерн деген терминінің аясында бағалады. Со-

нымен, 1980-1990 жылдары модернизацияны зерттеудің жаңа теориялары қалыптасты. Олардың қатарында Дж. Губердің (1985) (Huber 1991) экологиялық модернизация, Ульрих Бектің (1986) (Бек 2000) рефлексивтік модернизация теориясы, У. Цапфтың (1991) (Цапф 1998) жалғасушы модернизация теориясы, Эдвард Тиракянның (1991) (Tiryakian 1991) «жаңа модернизация» теориясы, Шмуэль Эйзенштадтың (1998) (Эйзенштадт 1996а, 1998ә; 1999б, 2002в) «заманауилықтың көптігі» теориясы, Хэ Чуаньцидің (1998) «екінші деңгейлі» модернизация теориясы және т.б. бар. (Чуаньци 2011: 39-40). Постмодерн батыстық модернизация теориясының екінші кезеңі ретінде игерудің маңыздылығы, постмодерн философиясын батыс мәдениеті мен дүниетанымының кеңмәтінінде еңсерумен айқындалады.

### Талқылау

«Модернизация» саясатының нәтижелерінің сараптамасын мынадай сипатта тұжырымдауға болады: «Модернизацияның – мәдениетке қатыстысын айтар болсақ, алғашында ол тіпті салыстырмалы ұғым болып есептелді. Бұқаралық мәдениет және қазіргі әлеуметтік психологиямен өрілген мәдениеттің батыстық құндылықтары – экономикалық өсудің алғашқы нәтижелері мен батыстық типтегі саяси институттарды енгізу барысында автоматты түрде бірге келеді деп саналды» (Старостин 1995: 11). Дегенмен іс жүзінде олай болмай шықты. ХХ ғасырдың 50-60 жылдарына тән модернизацияның экономикалық және саяси донорлығы күткен үмітті ақтамады. 70-80 жж. мұндай үдеріс еңсеріліп, батыстық және Батыс құндылықтарын дәріптеуші зерттеушілер батыстық емес бағыттағы ғалымдар тарапынан қатаң сынға алынды. Модернизацияның екінші кезеңінде екінші және үшінші мемлекеттердің тарихы, мәдениеті мен рухани құндылықтары ескеріліп, іргелі түрде зерттеле бастады. Сонымен бірге, қазіргі таңдағы кезеңге шартты түрде көптеген зерттеушілер ХХ ғасырдың 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында басталған үдерістерді жатқызады. Бұл да тарихи шындықтың түбегейлі өзгеруімен байланысты болды, әлем тағы да бұрынғысынша көпполярлы векторға көшті, бірақ сараптау мен талдауды қажет ететін өзгеше мәнде өрнектелуде. Ендігі екінші әлем жоқ, сондықтан сәйкесінше үшінші әлем туралы айтуға мүлде болмайды деген түсінік қалыптасты. Себебі:

«Біріншіден, экономикадағы капиталистік құлдырау – бұл жағдайдың қазіргі кезде үшінші әлем елдерінде ешқандай маңызының жоқтығын ашып айтуымызға болады. Әдетте, ол ірі мегаполистерге тиесілі...

Екіншіден, Африка құрлығы мен Шығыс елдерінің көпшілігі орта тапты қалыптастыра алмай отыр. ...Бұл осы елдердің азаматтық қоғамға әлі де болса толыққанды қол жеткізе алмай отыр деген сөз.

Үшіншіден, осы елдердің саяси өмірі батыстық демократиялық институттарға бағынбады, ал өздерінің қалыптастырып жатқан қазіргі саяси мәдениеттері толысуды қажет етеді. Харизмасы күшті басшылар басқаратын үшінші әлемнің көптеген елдерінде осы күнге дейін авторитарлық саяси режим өз күшінде.

Төртіншіден, үшінші әлем елдерінің адамы тұлғалық деңгейде белгілі бір мағынада маргинал жан. Өйткені ол жаңашылдық пен дәстүршілдіктің екі ортасында өз санасы мен болмысының қайсысына бағынарын білмей әлек болуда. Бір жағынан дәстүрлі құндылықтар мен нормаларға тәуелді, салт-дәстүр мен рәсімдер жүйесімен байланған, дәстүрлі сенімге бас иеді, екінші жағынан – заман талабына сай білім алуға талпынады, заманауи тұрмыстық техникаларды емін-еркін пайдаланғысы келеді, өзінің демалысын заман талабына лайықты өткізгісі келеді, түйіндеп айтқанда, дәуір жетістіктерінен қол үзгісі келмейді» (Старостин 1995: 15-16).

Біздің пайымдауымызша, мұндай ахуал қазақ қоғамына да, тіпті тұтас посткеңестік кеңістікке де қатысты екені айқын. Модернизация синтезінің үшінші кезеңі осы іспеттес тұйықталған, дағдарысты үрдістермен тығыз байланысты. Бұл теория әлі жеткілікті дәйектеліп, кешенді түрде зерттелмегендіктен айқын дәлелдер келтірудің орнына көбінесе болжамдар мен тұжырымдарға негізделеді. Өйткенмен, XX ғасырдың 90 жылдарының соңынан бастап әлемдегі модернизация үдерісі өзгеше сипатқа ие бола бастады. Модернизацияның мақсаты мен мәні – тек экономикалық өсім ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің, әлеуметтің сапалы деңгейде өрістеуі де мақсатты басымдық ретінде байыптау серпін алды. Әлеуметтік теңдік пен үйлесімділіктің белгілі бір деңгейге жетуі, азаматтардың әлеуметтік қауіпсіздігі, бүгінгі және алдағы өмірлеріне сенімділік беретін әлеуметтік сақтандырулардың болуы, тұлғаның еркін дамуына жағдай жасау, саяси мәдениеттің жеткілікті деңгейде дамуы модернизацияның жаңа қалыптасқан теорияларының маңызды

элементтері деп есептеледі. Модернизация қоғам мен адам үйлесімділігін қамтамасыз ететін құндылықтар мен идеалдарды қолдау арқылы қазіргі қоғамды тиімді игеру мен басқару мүмкіндіктеріне ие болады.

Мәселен, Пол Самуэльсон (Самуэльсон 2002) мен Уильям Нордхаустың (Нордхаус 2014) пайымдарына сүйенсек, экономикалық дамудың адам ресурстары; табиғи ресурстар; капиталдың толығы мен пайдаланылуы технологиясы деп аталатын төрт негізгі түрі бар.

Тарихи тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғам немесе индустриалдыға дейінгі қоғам модернизация үдерісі жүретін нысан деп есептеледі. Мұндай модернизацияның бірінші кезеңін Еуропа мен АҚШ-тағы индустриалдық қоғамның (капитализм) қалыптасуының ұзақ үдерісімен, ал кейіннен – XIX ғасырдағы – Жапониядағы үдерістермен байланыстырады. Қазіргі кезде модернизацияның негізгі нысандары ретінде Азия мен Африка қоғамы және Латын Америкасының кейбір елдері саналады.

Осы орайда бұл бағытта іргелі зерттеу жүргізген ғалымдардың заманауи модернизация теориясын зерттеуде қол жеткізген тұғырнамаларын, нәтижелерін ескерудің модернизация жолына жаңадан түскен мемлекеттер үшін аса маңызды екенін бағамдаймыз. Зерттеушілердің түйткілді мәселе етіп қойып отырған сұрақтар тұрғысындағы сараптамалары теория мен үдерістің оңтайлы жүзеге асуындағы дара жол болмаса да, тар жол, тайғақ кешудің қиын соқпақтарынан қожы анық.

Мәселен, біріншіден, бұл тәжірибе нарықтық экономиканың моделдерін немесе экономикалық модернизацияның батыстық-жапондық жолын әлемнің басқа елдеріне механикалық тұрғыда алмастырып қолдануға болмайтындығын көрсетеді.

Екіншіден, саяси мәдениет жоғары деңгейде болмай және ежелден негізі қаланған тарихи, әлеуметтік, саяси дәстүрлерді ескермей заманауи саяси инфрақұрылымды қалыптастырудың да түбі тұтастыққа бастамайды.

Үшіншіден, бұл тәжірибе экономикалық және саяси модернизацияның бірінің-біріне тәуелділігін емес, керісінше, өзара негізделгендігін, үйлесімді байланысын көрсетеді. Осы байланыс тұрғысында Батыс пен Шығыстың танымал саясаттанушылары мен социологтары модернизация жолына түсіп, ең алдымен тиімді экономиканы қалыптастыру мақсат етіп қойған елдер өздеріндегі тамыры терең мемлекеттік және саяси жүйелерінің тұрақтылығын бұзып

алмаулары тиіс екендігін атап көрсетеді. Бірі екіншісіз өмір сүре алмайды, ал экономиканы мемлекетке қарсы қоюға талпыну құлдырау мен жойылып кетуге алып келеді.

Төртіншіден, әлеуметтік модернизация экономикалық және саяси факторлардан тыс өзге де факторлардың жүзеге асуын кұрайды.

Модернизацияны зерттеуші ғалымдардың жаңа толқынының концепцияларында модернизация қарапайым даму жолы емес, оның негізінде дәстүрлі қоғамнан жаңа дәуірге қадам басу жүзеге асады деген тұжырым көрініс береді. Дәстүрлі қоғамның тарихи тұрғыдан алғанда алғашқы екені белгілі. Мұндай қоғам дәстүрдің негізінде қалыптасады. Ал жаңашылдық осы дәстүр мен биліктің маңызды құрылымдарының тұтастығын сақтау арқылы жарыққа шығарылады. Әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың мифологиялық һәм діни сипаттамалары; циклдік даму; айқындалған персоналдықтың болмауы; мақсаттан гөрі құндылыққа деген бетбұрыстың басымдығы; авторитаризм; болашақты нақты болжауға қарағанда, қазіргі белесті қанағат тұту; ғылымдар турасында діни түсініктермен шектелу. Аталған дүниелер қоғамның осы түрінің негізгі белгілері саналады. Дәстүрлі қоғамға қарағанда заманауи қоғам дәстүрмен бірге жаңашылдыққа ұмтылып, оған қол жеткізуімен ерекшеленеді; әлеуметтік өмірдің зиялы қырлары; сұранысқа ие циклдық емес даму; персоналдықтың алдыңғы қатарға шығуы; құрал-саймандық құндылықтарға бетбұрыстың күшейуі; биліктің демократиялық жүйесі; келешек күндерге ұлы мақсаттар қоюға деген талап, яғни күнделікті өмірдің қажеттігі үшін ғана емес, болашақ үшін де өндіру қабілеті; техногендік өркениет жағдайында нақты ғылыми дүниетанымдық білім алу. Көріп отырғанымыздай, қазіргі заман қоғамы дәстүрлі қоғамға қарама-қайшы. «Сондықтан модернизация күйін кешу – драмалық үдеріс. Модернизация жолындағы дамушы елдер дамудың «қуып жетуші» моделі төңірегінде ғана бас қатыруда. Батыстың дамыған заманауи қоғамын қуып жету – қазіргі көптеген дамушы мемлекеттер үшін модернизация жолындағы бүкіл кезеңдерінің бірден-бір көздеген мақсаты болып отыр. Бұл өкінерлік жайт» (Федотова 1995: 65).

Дегенмен, қуып жетуші модернизация туралы зерттеушілердің пікірлері көбінесе өзіндік қисыны бар, негативті сарындағы бір арнаға тоғысатынын атап көрсетуге тиіспіз. Өйткені, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздікке ие болған мемлекеттердің қуып

жетуші модернизацияға қарай лап қоюларының нәтижесінде өздерінің дәстүрлі мәдениетін тоқырауға ұшыратып, жаңа, заманауи мәдениетке де қол жеткізе алмай, екі орта да әрі-сәрі күй кешуімен де байланысты. Әсіресе, XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы кейбір мемлекеттердің модернизациялық бағдарламалары сәтсіздікке ұшырады. Сондықтан да зерттеушілердің бір тобы, «қуып жетуші» модернизацияның бірқатар негіздерін сынға алады. Сондай-ақ қазіргі кездегі дамудың «қуып жету» моделін «жарамсыз» деп санайды.

В.Г. Федотованың пікірінше, «қайсыбір елдер колониялық тәуелділіктен босағаннан кейін тіпті «модернизация» терминін қолданыстан алып тастап, оның орнына «даму» ұғымын қолдана бастады. Ғалым, бұл ретте біздің назарымызды келесідегідей жайттарға аудартады: «Алайда алға қойылған мақсатты ескеретін болсақ жай ғана «даму» емес, Ресей мен Шығыс Еуропаның «модернизациясы», сонымен бірге анық әрі сәтті жаңартылған бағыт қажет еді, мысалы, осы термин түрік тәжірибесін ғылыми әдебиет беттеріне қайта енгізді. Модернизацияның «қуып жетуші» моделі дамуы жағынан артта қалған мемлекеттерде заманауи өмірдің аралдарын дүниеге әкелді. Бұлар – Бразилиядағы Сан-Паулу мен Рио-де-Жанейро, Мексиканың алып мегаполистері, Үндістандағы Бомбей және «жасыл революцияның» бірнеше аралдары, Түркиядағы Ыстамбұл мен Анкара, Ресейдегі Мәскеу мен Санкт-Петербург. Осындай ірі қалалардың бәрі өмір сүру салты мен құндылықтары жағынан ерекшеленеді. Мұндай аралдар, сөзсіз, модернизацияны жеңілдетеді. Өйтсе де бұл әлеуметтік әділетсіздікті де өршіте түседі. Әлеуметтік тепе-теңдіктің тұрақтылығын шайқалтады. Қуып жетуші типтегі модернизация анық теңсіздіктің болатындығын көрсетеді. Ал жылдан жыл ұзаған сайын бұл екі арадағы алшақтық пен өсімнің көлемі қарқындап ұлғайып, қарыштап өсіп барады.

Бәріне бірдей тең мүмкіндікті беруді уәде ете отырып (дәстүрлі қоғам жасамаған), керісінше ол әлеуметтік қарсылықтарды туындатады. Бұл объективті түрде социалистік идеалдар (бұрынғы социалистік елдердегі) мен фундаментализмнің (мысалы, Түркия) қайта жаңғыруына алып келеді. Польша, Литва, Иран, Алжир, Пәкістан елдерінің тәжірибесі де мұны растайды (Федотова 1995: 65-67).

Әрине, қоғамның жаңа белестерге көшуі барысында әрқашан қиындықтар туындайтындығы, ешбір құрбандықсыз үдерістің жүзеге

аспайтындығын тарихи тәжірибе көрсетіп берді. Сондықтан да, модернизация үдерісінде бірінші орынға заңдастыруды іргетас ретінде қалайтыны айқын құбылыс. Мысалы XVII-XIX ғасырлардағы Еуропада мұндай заңдастырудың қайнар көзіне протестанттық этика мен ғылыми рационалдылық саналды. Еуропалық өркениеттің классикалық кезеңдегі дүнитанымының негізі әмбебап құндылықтар мен нормаларға бағынышты болды. Қазіргі батыстық ғылыми зерттеулер мен әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық үдерістерде мұндай заңдастырудың әмбебап ортақ формасы толығымен еңсерілді.

Қазіргі «модернизация» теориясы туралы тұжырымдарды қорытындылайтын болсақ: дамыған мемлекеттерге таңылған постмодернизация қоғамы туралы ойларымыз дәстүрлі және заманауи қоғамның белгілерін бір-біріне жақындата түседі. Мәселен:

- дәстүрді ескере отырып жаңаға ұмтылу;
- дәстүрді модернизацияның алғышарты ретінде пайдалану;
- рухани салада дін мен мифологияның маңыздылығын түсінетін зиялы әлеуметтік өмірді ұйымдастыру;
- жеке адамның және соның негізінде тұтастай ұлттың жетістіктерге жетуі;
- дүниетанымдық пен құралдық құндылықтардың үйлесуі;
- саясаттағы беделді мойындаушы биліктің ашық демократиялық сипаты;
- өсу шегі бар тиімді өндіріс, дәстүрлі мәдениетпен заманауи қоғамды тұтастандыратын сабақтастықтың болуы;
- әлеуметтік тандауда, дәстүрлі, құндылықтық легитимацияны жүзеге асыру барысында ғылымды тиімді пайдалану және т.б.

Батыс өркениетінің модернизация саласына кешенді сипат беруінің басты себебі, кезінде өздері отарлаған елдермен тарихи қарым-қатынастарының салдары объективті тұрғыда тәуелсіздікке қол жеткізген бұл елдердің батыстық даму жолымен өркендеуі мүмкін еместігін айғақтады. Модернизация теориясынан колониалды үстемдік пен олардың тарихи негіздері алынып тасталды, дегенмен, капитализмнің индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдерінде колониалды үстемдік қызметі прогрессивті даму шартымен алмастырылды. Мұндай ұстанымды ой-санамызда қалайша дәйектей алмақпыз? Модернизация теориясының үлкен кемшілігі – түрлі мемлекет пен халықтың тарихи дамуын дұрыс бағаламау да түптеп келгенде осыдан

келіп шығады. Қазіргі таңда XIX-XX ғасырда қалыптасқан батыстық капиталистік жүйемен даму бағдарын айқындаған әртүрлі елдер бар. Сондықтан, әрбір тарихи дәуірде капитализмге қатысты дүниелер санаулы мемлекеттермен ғана айқындалуы әбден мүмкін. Шынында, бұл мәселелердің дені батыстық сипатқа ие екені жасырын емес. Әйтсе де, кейде дамудың балама жолы социалистік жүйе туралы да айтылып қалады. Зерттеушілердің пікірінше, мұндай жетістікке жетудің негізгі өлшемі ретінде дамушы мемлекеттердің дамыған батыстық мемлекеттердің үлгісіне, деңгейіне жақындауы саналады.

Зерттеуші В.Н. Шевченконың пайымдауынша: «Еуропалық стандарттар негізінде жасалған біржақты, толық өңделмеген нақты модернизация үдерістерін бағалау әрқашан жетістіктерге жетелей бермеді. Бұл идеологиялық үдерістің бағыттары реформа жасаушы батыстық емес өзге халықтар үшін ыңғайсыздық комплексін қалыптастырды. Себебі, модернизация үдерісінде жетістікке жету үшін сыртқы факторлар шешуші рөл атқаратыны белгілі еді. Сондықтан да, аталған теорияға сәйкес батыстық мемлекеттер сол немесе өзге батыстық емес мемлекетте реформаларды жүзеге асыруда жетістікті немесе құлдырауды қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болды» (Шевченко 1995: 72-73). Дегенмен, ғалым «модернизация» термині мен оның батыстық мағынасындағы үдерісіне сыни тұрпатта қараса да, терминнің ғылыми ортада қолданыста екенін жоққа шығармайды және өзінің ғылыми тұжырымында бұл ұғымды сол қалпында қазіргі қоғамның тұрақты дамуының теориясы сипатында қолданады. Оның пікірінше тоталитарлық қоғам жүзеге асырған күштеу саясатының тағдыры ұзаққа бармады және өзінің жағымсыз салдарларын тарих сахнасында айқындап берді. «Теорияның кешенді және жан-жақты сараптауды қажет ететін бірден-бір маңызды деген мәселесі – ұтымды модернизация саясатын жүргізу үшін қоғамның ішкі ресурстарын жұмылдыру. Мұндай жұмылдыру тәсілі авторитарлық биліктің саяси еркіндікті шектеуі, күшті және икемді әкімшілік аппаратын ұйымдастыру, қоғамға мәжбүрлі еңбектің түрлі формаларын қолдану және т.б. тұрады. Сондай-ақ, тұрғындарды жұмылдыруда мемлекеттегі идеологиялық және адамгершіліктік-психологиялық кеңістік те маңызды орынға ие. Қоғамның ел болып жаппай жұмылуға дайындығы жаңаның, тұрақты және еңбекке деген ұзақ мерзімді мотивацияның қалыптасуына алып келеді. Оны мемлекеттік идеология мен мәде-



ниеттің өзара қатынасы мәселесі де құрайды» (Шевченко 1995: 73). Дегенмен мұндай кеңестік ұстанымның қоғамның ауыр зардаптарға ұшырауымен жүзеге асатыны тарих тәжірибесінен айғақталған. Сондықтан, қазіргі зерттеушілердің модернизацияның өркениетті және мәдени үлгісін қаузап, мұқият, тыңғылықты зерттеуінде тарихи, мәдени шындық жатыр. Өйткені өркениеттік тұрғыдағы ұстын соңғы кездері «мәдени-генетикалық код» деп таңбалана бастаған кез келген өркениеттің тереңде жатқан тамырларын айшықтауға мүмкіндіктер беретін тарихи үдерістерді сараптауда жаңа әдіснамалық негіздегі тұжырымдарды талап етеді.

Бұл тұрғыда В.Н. Шевченко «әрине, өркениеттік ұстынның әдіснамасы бірінші кезекте дамудың жағырафиялық және тарихи жағдайларын ескеруді нысанға алады. Мұндай сараптау барысында әлеуметтік-тарихи орта мен жағырафиялық жағдай біртұтастық ретінде қабылданып, «өркениеттің өз орнында дамуы» деген еуразиялық түсінікті дүниеге алып келді. Тек осылайша дәстүр мен жүріс-тұрыс нормаларының, рухани-адамгершіліктік құндылықтар мен идеалдар сабақтастығын, табиғатқа деген қатынас түрі мен әлеуметтік ұйымдардың ұстындарын, яғни өркениеттің генотипін пән ретінде анықтауға болады» дейді (Шевченко 1995: 74). Мұндай үлгіге Ресейдің мемлекеттік құрылысын жатқызады, оның кешенді зерделенуін көксейді. «Геосаяси, нақтырақ айтқанда геотарихи фактор әрбір өркениеттің дамуында маңызды рөл атқарады. Бізде соңғы жылдары геосаяси проблематика заңды түрде өз орнын тапты. ТМД мемлекеттері мен Ресей Федерациясының стратегиялық қауіпсіздігі мемлекеттің кеңістіктік-аумақтық орналасуына байланысты теориялық тұрғыда байыптауды талап етеді» – деген мәселені де қарастыру қажеттігіне ден қояды (Шевченко 1995: 74).

Сонымен, әрі-сәрі күй кешкен әбігерлі әлем һәм әлемдік жаһандану үдерісі заманында мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік, интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясында тұлға, ұлт, жалпы адамзаттың өзіндік дүниетанымдық көзқарасы мен өмірмәндік бағыт-бағдарларын айқындау, қайта бағалау және жасампаз ету міндеті тұрғанын атап өткіміз келеді.

### Қорытынды

Біріншіден, ұлттар мен ұлыстар, әсіресе, дәстүрлі мәдениетін сақтап қалуға ұмтылған шығыс халқы өзіндік төлтума мәдениетін

өркендетуді және осы құндылықтардың үнемі заманға сай жаңғыруын, біртұтас ұлттық мәдениет кеңістігін қалыптастыруын, оның әралуандылыққа серпін беруін, адамзат баласының шығармашылық тұрғысынан жан-жақты дамуы мәселелерінің өзектілігін күн тәртібіне қойып отырған шақта, қазіргі кезде әлемде болып жатқан әралуан үдерістерге қарамастан, қоғамдық санада модернизация, атап айтқанда, мәдени және ұлттық мәдени модернизация үдерістері ғылыми талқылаулар кеңістігінде әлі де күн тәртібінен түспей тұр деп айта аламыз.

Екіншіден, қазіргі ұлттық мемлекеттер «жаңарудың» жаңа траекториясын айқындауда әлеуметтік-мәдени кеңістікті түлетудің маңыздылығын ескере отырып, тарихи тәжірибені де объективті көзқараспен бағалаудың қажеттігін көрсетіп берді. Бұл – біз қарастырып отырған модернизацияның жаһандық үдерістері мен нақты мемлекеттің даму жолының үйлесімділігінің өрістерін сараптауды болжайды. Мәдени руханияттың модернизациясы – жалпыадамзаттық және «өзіндік-ұлттық-болмыстық» әлеуеттің болашаққа бой сермеуін көрсететін тәрізді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу ұлттық мәдениеттің жаңғыруының заман талабы мен адамзат эволюциясының үзілмес келешегі екендігіне де өзіндік үлесін қоса алатын ойтолғамдарға философиялық дискурстар аймағын туғыза алатындығы үшін белгілі бір деңгейдегі маңызды талпыныстардың бірі.

Үшіншіден, жаһандану дәуірінде ұлт пен ұлтшылдық мәселесі мемлекеттік және әлемдік кеңістік аясында бірегейленуі тиістілігін арттырып отыр. Ұлт қалыптастыру мәселесінде әлемдік үрдістер мен ғылыми тұжырымдамалар сан түрлі екені рас. Десе де, азаматтық сана, қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымы, мемлекеттілігі мен қоғамдық санадағы ұлттық рух қуаттанған сайын, өзін-өзі тануға деген мүмкіндігі, өзін тұтас әлеуметтік-рухани күш ретінде ұстауға деген ықыласы артып келеді. Ендеше, аталған тақырыптың өзектілігі рухани жаңғыруға бет бұрған заманауи мемлекеттік саясатымызға ыңғайластырылғандығымен де байланысты.

Төртіншіден, еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап, қоғамдық өмірдің әр саласындағы модернизациялану бағытын әлеуметтік және мәдени институттарымыз қолға алып келеді. Жаңару мен жаңғыру жүзеге асып отырған шақта, бұл үдерісті қоғамдық қатынастар мен мәдени институттардың барлық салалары қамтуы тиіс. Модернизация үдерісінің ұлттық

мәдени аспектісі жаңаша бағамдалуды талап етеді. Ендеше, біз қарастырып отырған тақырып қоғамымыздағы осындай өзекті мәселелерді теориялық және тәжірибелік тұрғыдан сараптау қажеттігінен туындайды.

Шындығында өткен тарих шежіресін, өткен дәуір шындығын ұлы ойшылдардың танымы терең шығармашылығын зерделеу арқылы терең ұғынамыз. Ұлы ойшылдар шығармалары ұлттың тарихымен тікелей үндесіп, болмысымен біте қайнасып жатқан адамгершілік пен парасаттылық, салт-дәстүр, дүниетаным ұғымдары, философиялық ой, көркемдік пен сұлулық, патриотизм, эстетикалық нәрге толы болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, түркі өркениетінің ұлы тұлғасы М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымы желісінде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын талдап-таразылау, рухани маңызын ашуды негізгі мақсат еттік. М.Х. Дулати дүниетанымдық ойларын тарихи-салыстырмалы талдау, философиялық, тарихи-педагогикалық әдебиеттер мен ғұлама шығармашылығына қатысты пікірлерді жүйелеп, қорыту зерттеу мақаланың негізгі әдістері болып табылады.

Түркілік өркениет «өмірдің әсер-ықпалымен» туындаған, өз мазмұн қуатымен дараланатын рухани мағынаға ие. Оны бүгінгі зерттеулермен асыл ойлар керуені дәлелдеп беруде. Түркі дүниесіне ортақ ғұлама ғалымдарымыздың сүбелі ойлары мен тұжырымдары ғылыми сипаты мен терең философиялық қуатымен дараланып, әлемдік мәдениет пен руханиятта айрықша бағалануда.

Түркі өркениеті мазмұны әрбір түркі халықтарының мәдениеті мен өркениетіне бастау болған. Сондықтан да, қазақ өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлес салмағын бағдарлау барысында да жана мазмұнға ие

болып, толығыны даусыз. «Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жетісегіз айлық жол болады. Оның шығыс шекарасы қалмақтардың жері – Барскөл (Қашқарияда), Еміл (Тарбағатайда) және Ертіске тіреледі. Солтүстігінде Көкше теңіз (қазіргі Балқаш көлі), Бум Лиш және Қараталмен; батыс шекарасы Түркістан мен Ташкент және оңтүстігінде Ферғана, Қашқар, Ақсу, Чалыш, Тұрфанмен шектеседі» (Дулати 2003: 403) – деп Дулати көрсеткен географиялық кеңістікте бүгінде жүздеген мемлекеттер өмір сүруде. Егер біз Еуразия сахарасындағы өркениетті Ұлы Қыпшақ даласындағы өркениет дей келіп, Мұрад Аджидің пікірімен келтірсек, «Бұл мәдениетті печенегтер, бұлғарлар немесе басқалар қалыптастырды десек те, төркіні бір. Өйткені, далада түркі тілі үстемдік еткен. Ұла дала бір ғана түркілік мәдени дәстүрлермен өркендеген. Түркілік рухани құндылықтарды қалыптастырған» (М. Аджи 1994: 84).

Д. Клеменец көне түркілерді «тамаша халық» деп тегіннен-тегін атамаған. Түркі өркениетінің әлемдік өркениеттерге жолбасшы болғаны да дәлелденуде. Ұлан-байтақ кеңістікте ғұмыр кешкен түркілер өмір, жаратылыстың тылсым сырларына қанығу барысында ұлы өркениет көшін қалыптастырды. Көшпелі ғұмыр кешіп, кең байтақ даланы қорғап, басқа мемлекеттермен ортақ қарым-қатынаста болған протоқазақтар (түркілер) өркениеті әлемдік өркениетке өз игі ықпал-әсерін тигізбей қалған жоқ.

Ертедегі түріктер өркениеттің дербес ошағын қалыптастырды. Онда болмыстың жаңа түрі, тың қарым-қатынас құралдары, қалалардың салынуы мен будда, христиан, кейіннен ислам секілді әлемдік дінге жақындаудың жаңаша діни жолдары пайда болды.

М.Х. Дулати – орта ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет және саяси қайраткер. Өзі өмір сүрген кезеңнің тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында «Тарихи Рашиди» еңбегі мен рухани маңызы терең «Жаһаннаме» поэмаларын жазған ойшыл өркениеттік мәселелерді мазмұндауда өзіндік тәжірибесіне жүгінді. М.Х. Дулатидің философиялық ой-тұжырымдарын талдау тарихи сана арқылы азаматтық тұлға қалыптастырудың қайсыбір уақытта да ерекше маңызға ие болғандығын, түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарының бүгінгі күнде де аса қажетті екендігін аңғартады. Ендеше, М.Х. Дулати дүниетанымының мәдени-тарихи құндылықтарының арнасы кең және маңызы терең, ол өз кезегінде қазіргі ұлттық

ойлау кеңістігінің өзекті мәселелерін шешуге мол мүмкіндіктер жасайтыны даусыз. Бүгінгі таңда М.Х. Дулати сипаттаған көшпелі өміріміз өзгерген. Ол уақытта ең басты байлығымыз – жылқы, оның еті мен сүті болса, жаһандық даму үрдісіне еркін ілесіп келе жатқан мемлекетіміз әлемге танылып, үлкен биіктерді бағындыруда. Дегенмен, рухани ойлау жүйеміз өзгермейді. Дулати заманындағы мәдени-тарихи құндылықтар күн өткен сайын бүгінгі ұрпақ тәрбиесі мен жалпы адамзаттың рухани дамуы үшін аса қажетті болуда.

Халқымыздың көшпелі тұрмысы мен рухани ойлауы, жалпы бүкіл түркі дүниесіндегі философиялық, әлеуметтік ой-пікірлердің тереңдігі батыс, шетел ғалымдарының назарын ерекше аударып, түркі қоғамы мен өркениеті дамуының әр түрлі тарихи дәуірлер мен уақыт ерекшеліктеріне байланыстылығына аса көбірек мән беруде. Сонымен қатар, тәуелсіздіктің ширек ғасырында халқымыз бұған дейін бодандық қамытындағы дүниетанымнан біржола қол үзіп, рухани бастауларымызды тереңнен зерделеп, қоғамдық сананың жаңаша қалыптастыруын, ұлттық түлеуін жүзеге асырды. Осы орайда, қазақ ұлтының ғана емес, түркі жұртының мәдени-рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұңғыш тарихшы, саяси қайраткер, көрнекті ойшыл, белгілі философ М.Х. Дулати көзқарастарының, ойшылдық пікірлерінің түркілік дүниетаным үшін аса маңызды екендігі даусыз.

Дулати дүниетанымының кеңдігі ойшылдың өмір жайлы, адамның өмірдегі орны, қоғам дамуының даму ерекшелігін терең түйсінуге деген талпыныстарынан бастау алады. Шындығында М. Дулати көзқарасы, арман-мұраты мен қоғамдық-саяси, рухани мақсаты халық мәдениетінен нәр алады да, философиялық адамгершілік пен ізгілікке айрықша мән беретін Шығыс мәдениеті арқылы толықтырылды. Ең бастысы, Дулати дүниетанымы қос мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде қалыптасып, адамдармен тығыз қарым-қатынаста болуымен және өмір теперішін көп көруімен ұшталып, кемелденді. Осы арқылы өзгенің өмірін толық түсініп, өзінің рухани ішкі «Менін» қалыптастыра алды. Халық тағдырын өз тағдырындай қарап, қоғамдық-саяси өмірге бей-жай қарай алмаған Дулати өзі де текті әрі ықпалды адамдардың қамқорлығының арқасында ел билеу ісіне араласады.

Орта ғасырдағы тарихи, мәдени және рухани жағдайлар М.Х. Дулатидің бойында ойшылдық қасиетін қалыптастырды, сондай-ақ ол мемле-

кет ішіндегі және ұлттар арасындағы рухани-материалдық тұрақтылықты қалыптастыруға ұмтылды. Өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, М.Х. Дулати мемлекет пен жалпы бейбіт өмірді қамтамасыз ететін азаматтық ұстанымдар ұсынды.

М.Х. Дулати мұрасы көптеген шетелдік зерттеушілердің назарын аударып, «Тарихи Рашиди» еңбегі XVI –XVII ғасырларда кеңінен тарап, көп рет көшірілді. Ол көшірмелер бүгінгі таңда Англия, Франция, Германия, Ресей, Иран, Пәкістан, Үндістан және Өзбекстан мен Тәжікстан елдерінің кітапханаларында сақтаулы. Ал ағылшындар болса XIX ғасырдың соңында, яғни ағылшын шығыстанушысы Денисон Росс еңбекті екі рет тәржімалап, 1895 жылы – алғаш рет, екінші рет 1989 жылы Лондонда басып шығарды (Denison Ross E. 1898) Ал 1996 жылы парсы тілінен В.М. Такстонның аударуымен Америкада басылса, орыс тіліндегі аудармасы 1996 жылы Ташкентте, 1999 жылы Қазақстанда жарық көрді. Қазақ тіліне белгілі шығыстанушы Ислам Жеменей аударып, 2003 жылы басылып шықты. Ал ғалымның әдеби туындысы – «Жаһаннаме» поэмасымен біз кейін ғана қауыштық. Авторы белгісіз, ежелгі түркі тілінде жазылған туынды да көптеген ғалым-зерттеушілердің, атап айтатын болсақ, Ахмет Заки Валиди, Р.К. Парму, Н. Туманович, Т. Сұлтанов, т.б. қызығушылықтарын туғызып, аталған поэманың М.Х. Дулатиге тиесілі екендігін дәйектеуде, «Тарихи Рашиди» шығармасымен үндес, ғұламаның өмірбаяндық мәліметтерінің келтірілгендігін нақтылай отырып, дәлелдейді (Ahmet Zaki Walidi 1937; R. Parmu 1969; Туманович 1973; Т. Султанов 1982). Үндістандық ғалым, парсы, ағылшын, орыс тілдерін жақсы білетін профессор Мансура Хайдардың тынымсыз зерттеу жүргізіп, Мұхаммед Хайдар туралы кітап жазып, ағылшын тілінде Үндістанда жариялауы айтулы оқиға болды. Оның «Мирза Мұхаммед Хайдар Дуглат в персидских источниках» атты зерттеуі орыс тіліне аударылып, Алматыда 2010 жылы жарық көрді (Хайдар 2010).

Дулаттану ғылымының кеңінен зерттеліп, ұлы ғұлама мұрасының рухани маңызын зерделеуге Ә. Дербісәлі, И. Жеменей, М. Қазыбек, т.б. қазақ ғалымдары ерекше еңбек етуде (Ә. Дербісәлі 2003; И. Жеменей 2009; М. Қазыбек 2014).

Мырза Мұхаммед Хайдардың түрік өркениетіне қосқан үлесі ерекше зор, Орталық Азияның, кейін Кашмир алқабының сол кездегі шаруашылығын, сауда-саттығын, мәдениетін жетілдіруде ерекше қызмет етті. Оның қаламына

мал мен егін шаруашылығы, көшпелілік пен отаршылық, дала мен қала, өнер мәселелері жиі ілігіп, ондағы түрлі әлеуметтік топтар сараланып бағаланды. Әсіресе, ұлы қазақ хандарының болмысы, адамның кісілік қасиеттеріне қатысты терең ойлар айтылады. Сөздің мәнін түсініп, тоқтай білу, қайсыбір мәселені болмасын ақыл көрігіне салып, таразылау, сабырмен шешу т.б. жайттар қозғалады. Мысалы:

«Кімнің қандай дауы бар ақылменен шешсеңіз, Кілтін таппай, тіл таппай, соғысатын кешеңіз!» – деген тоқтамның адам өміріндегі орны ерекше туындады. Осындай аталы сөзге тоқтай білмегендер өзінен де, ортадан да сүйеу таппай, көлеңкедей құбылды. Тек оқшау үстемдік ету саясаты мен күш көрсету тәртібі дағдыға айналды. Қара күшіне сенгендер араздықта өз пайдасын күйттейтіндердің, зұлымдықты жанындай жақсы көретіндердің заманы болды, қоздырды. Олар қастасумен талайға тор салды, жамандық пен өзімшілдікке бұрылды, көз тіккенді жанышқылаудан тайынбады. Бәрі де ел тоздыратын бүліктер, жүйке жұқартатын жіңішке тірліктер.

Әйтсе де осындай қиын сәтте «Тарихи Рашиди» секілді танымы терең туынды жазу тек тамыры терең алып бәйтерек секілді «Хайдар» атына сай М. Дулатидің қолынан келер ұлы іс еді. Жеке басы дүниеге қызығып байлық қумай, абыройын асқақ ұстады, арына дақ түсірмеуге тырысты. Жер мен ел мүддесі үшін күрескен жауынгер сарбаздармен қоян-қолтық жүріп, ел-жұртының жай-жапсарын, мұң-мұқтажын біліп отырды.

М.Х. Дулати Орта Азиядағы мемлекеттер мен халықтардың ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығындағы екі жүз жылға жуық тарихына шолу жасап, соның негізінде сол дәуірдегі қоғам өміріне, ондағы болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттеріне рухани және адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, терең әлеуметтік- философиялық тұжырымдар жасайды. Сондықтан да Мұхаммед Хайдар Дулати қазақтың ұлттық философиялық ақыл-ой жүйесінде тарих философиясының бастамасын қалаған деп айтуға толық негіз бар.

Ойшылдың «Тарихи Рашиди» шығармасында туған жерге, халқына деген ыстық сезімдері, толғаныстары жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасып отыр. Сондай-ақ, жастарды ерлікке тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Бұл туралы «Мұхамед Хайдар Дулати өзінің шығармаларында батырдың тұлғасын сомдап, жауына қаншалықты қатал

мейірімсіз болса, бауырларына, еліне халқына, отбасына соншалықты мейірімді болып суреттеледі. Ойшылдың шығармаларында барлық тәрбие негіздері қарастырылады. Яғни патриоттық тәрбиемен қатар дене тәрбиесі, имандылық пен адамгершілік тәрбие негіздері де беріледі. Мұның өзі халқымыздың ерлікпен қатар адамгершілікті жоғары бағалағанын, яғни балаға тән тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар беруді мақсат еткендігі байқалады» – деп түйеді зерттеуші Б. Қалыбекова (Қалыбекова 2006: 99).

М.Х. Дулатидің ұлы тұлғасы қазақ халқының жаугершілік қасиеті, ерлік дәстүрі мен ұлттық классикалық мұрасының өзіндік қайталанбас ерекшелігін айғақтайды. Әлемдік өркениет дамуына өзіндік үлес қосып отырған М.Х. Дулати мұрасы ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің, философиямыздың дамуына, жас ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол.

М.Х. Дулати өмір сүрген тарихи кезең қазақ халқының мәдени-тарихи, әлеуметтік дамуының өзіндік қайталанбас мұраларымен белгілі. Оның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен өзі өмір сүрген және қоршаған әлеуметтік орта, қоғамдық даму үрдісі. Қоғамдағы әртүрлі саяси әлеуметтік қайшылықтар М.Х. Дулатиді тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті. Ойшыл ретіндегі Мұхамед Хайдар Дулатидің дүниетанымдық көзқарасына әсерін тигізген негізгі екі рухани арнаны айтуға болады. Оның біріншісі, орта ғасырлық түркі – көшпелілердің дәстүрлі дүниетанымды болса, екіншісі – қазақ халқының рухани дамуына өркениеттік ықпалын тигізген ханифиттік бағыттағы ислам діні мен сопылық бағдар. Бұл жерде сопылық пен қазақ философиясының байланысын кең мағынада түсінген жөн.

Ұлы кемеңгердің дүниетанымдық ойлары мен философиялық толғамдарына терең үңіле келе, оның исламның өркениеттік мазмұнына терең мән бергендігінің куәсі боламыз. «Бір нәрсе айдан анық: кімде-кім ислам діні мен Мұхаммедтің заңына, жолына кедергі, шабуыл жасаса, ешқашан жеңіске жетпеген, ал оның дәстүрін сақтап, жолын қуған адамның күн сайын берекесі артқан» – деп бағалайды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеялық-мәдени құрылымдарын қалыптастыруда ислам дінінің басты қозғаушы күш екенін айтады. Осыдан кейін, жалпы түрік халықтарына ислам дінінің кең таралуына ықпал еткен Тоғлық хан екенін баяндайды. Оған мынадай оқиғаның себепші болғанын айтады:

– Ханға бірде шейх Жамаладдинді алып келеді. Ол келгенде хан иттерге шошқа етін беріп жатыр еді. «Сен жақсысың ба, әлде мына ит жақсы ма? – деп сұрайды хан. Шейх: «Егер иманды болсам, мен жақсымын, ал имансыз болсам онда менен мына ит артық» деп жауап береді. Ханды бұл жауаптың әсерлендіргені соншалық, оның жүрегіне исламға сенім нығаяды» (Дулати 2003:44).

Осылай ислам дінін қабылдаған Тоғлық Темір ханның өмірге келген сәтінен бастап, егжей-тегжейлі баяндап, сол арқылы сол ғасырлардағы бүкіл түрік ұлысының тарихын қағаз бетіне түсірген ғалымның ыждаһаттылығы кітаптың әрбір бетінен байқалмай қалмайды. Және ұлы ғалымның сөз зергері болғандығы кітап мазмұндылығы мен құнын арттыра түседі. Бұл әсіресе, Тоғлық темір ханның алғашқы жорықтарын баяндап, оның қолбасшылық қызметін сипаттағанда ерекше байқалады:

Ақыл әсте қолбасшы батырлықтың жолында,  
Ол бәрінің алдында, ерлік оның соңында,  
Егер ерсе екеуі бір-бірінің қасына,  
Ақыл шырқап шығады асқар шыңның басына!  
(Дулати 2003:44) –

деп жырлаған ақын аталмыш кітабында адамгершілік ойлар мен терең адамдық қасиеттерді паш етіп, жырлаған ұлы ғалым «Тарихи Рашиди» кітабының бірінші кітабының соңын мынадай өлең жолдарымен аяқтайды:

«Менің мақсатым – ғалымдығымды көрсетіп қалу ғана емес, бұрын өткен моғол хандарының есімдері тарих бетінен мүлдем жойылып кетпесе екен деп естелік жазу болмақ. Егер де моғол хандарына өзінің ата тек шежіресі туралы, өздерінің ата-бабаларының даңқты істері жайлы білгісі келсе, олар ол жөнінде осы еңбектен оқып қана біледі. Бұл жерге ислам діні таралғанға дейін, өткен ғасырлардағы моғол хандары туралы (шығармада), олардың есімдерінен басқа ешнәрсе еске алынбайды, себебі, кәпірлердің бәрі тіпті Жамшид пен Заххактың құдіретіне ие болса да еске алуға лайық емес. Бұл кісілердің әрекеттері құдіретті күшті алланың қаһарына ұшырауға лайық. Аттарын да атаудың өзін артық санадық» (Дулати 2003:44).

Осы үзіндіден-ақ ойшылдың жан-жақты дүниетаным иесі, парасатты жан иесі болуымен қатар, діни өресінің де биік деңгейін танып, саралауға болады. Адамзаттық өркениеттің қалыптасу тарихында құндылықтардың негізгі төрт жүйесі сараланады: эстетикалық, діни,

ғылыми және этикалық. Атақты ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылық тұғырнамасына баланған атақты еңбегінде осылардың қайсыбірі де терең пәлсапалық ойлармен көмкеріліп, сипатталынады. Әсіресе, өзінің осы еңбекті жазу мақсатын қайталап айта отырып, аталған құндылықтардың әрбір хан тұсында қалай дамып, жүргізілгендігін де назардан тыс қалдырмайды.

Сақтар болсаң, ей Алла, пенделіктен сақтағын!  
Мықтап бекіт бойдағы жамандықтың қақпағын.  
Бір өзіңнен іздеймін сүйенішті, тірлікті,  
Қасіреттен, қайғыдан сақта және жүректі!  
(Дулати 2003:44) –

деп толғанған ойшыл әрбір оқиғаны пайғамбар хадистерімен түйіндеп отырса, достық, махаббат секілді киелі ұғымдарды барынша жан-жақты ұғындыруға қадамдар жасайды. «Шынайы ғашық азаматтың махаббат үшін көрген тауқыметі шексіз байлық, жаңа зат деп санау қажет», – деп ұғынған Дулати бұл ойларды былай өлең жолдарына айналдырады:

Сен ұсынған нәрсенің бәрі шипа жаныма,  
Ал өзгенің бергені у боп тарар қаныма  
(Дулати 2003:43).

Осылайша ұлы ойшыл өзі киелі санайтын әрбір адамдық қасиеттерді дәріптеп, мадақтайды. Өз ойларын хадистермен шегелейді. Мысалы, ешқашан қолынан келмейтін іске бекіну мен ант ішіп, серт беруді бұзудың ақиқаттың аулына еш жанаспайтынын да айтады:

Уәде беріп, ант ішіп, босқа қапыл қалмағын,  
Ойнамағын қос жүзді қылышымен Алланың.  
Орға апарып жығады алып-ұшпа қызбалық,  
Ант бермегін, ант берсең, оны ешқашан бұзбағын!  
(Дулати 2003:43).

Қазіргідей жастарымыз өзге діндердің ықпалында кетіп, батыстық даңғаза мәдениеті ерекше әсер етіп жатқан тұста, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ділін, тілін, дінін сақтап қалудың бірден-бір жолы – мектептегі жеткіншектерімізді Қожа Ахмет Ясауи, М. Дулати сияқты бабаларымыздың шығармалары арқылы адамшылыққа, имандылыққа тәрбиелеу. Өзі тақуалардың жетекшісіне балаған, нақыл да ақыл сөздің данасы Маулана Әли Йәзидің «Зафар-наме» кітабынан

Алламызды барынша беремін деп сыйпаттап,  
Шын пенделік жасадым, енді отырмын қипақтап.

Жалғыздығын Алланың есіме алсам күйемін,  
Дірілдейді жүрегім, сырқырайды сүйегім  
(Дулати 2003:43) –

деген жыр жолдарын кіріспе ретінде келтірген ойшыл адамзат үшін айтулы мәселелерге тоқталады. Мұхаммед Хайдар Дулати өз ғұмырында әрбір тарихи оқиғаға ұлттық мүдде жағынан қарап, бағалады. Өзі қол астында болған хандар мен сұлтандардың көңілінен шығып, қарамағындағы халықтың тыныш өмірі мен рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолына ғұмырын арнап, мұң-мұқтажына қол ұшын берген ойшылдың «Тарихи Рашиди» еңбегі тек хақ жолындағылардың жалаң тарихы емес, өмір мәні мен адамдық болмыстан сыр шертетін рухани қазына. Екі жасқа жетпей анасынан айырылған Дулати бойында өмірге деген талпыныс пен ажалдан арашалаған адал жандар арқылы ізгілікті қасиеттер шоғыры қалыптасты. Өз еңбегінде ойшыл қоғамдағы саяси әлеуметтік жағдайды баяндай отырып, көрегендігімен ерекшеленеді. Ол билік тізгінін өз қолына алғаннан кейін де өз мемлекетінде адамдар арасындағы татулыққа, көршілерімен бейбіт бітім жасасуға әрекеттенеді. Бұл жолдағы қадамдары нәтижесіз де болған жоқ. Өзі билеген ұлысындағы қалалардың мәдени гүлденіп, мәнді өмір сүру қағидаларын қалыптастырды. Жоғары рухани құндылықтар мен азаматтық сапаларды дәріптей отырып, еркіндік пен ішкі «мен» табиғатына тоқталады. Адамның ақыл-парасаты мен сана-сезімінің деңгейі, ой-өрісінің кендігі, алған тәрбиесі, рухани құндылықтары, менталитеті, дүниетанымы және қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайына сөзсіз әсер ететіні белгілі. М.Х. Дулати жай ғана ойшыл болып, тіршілік кешкен жоқ, жаратылыс сыры мен заңдылықтарын танып, білуге ұмтылды және дала өркениеті Дулати ұғымында өз аясын кеңейтті (Қалыбекова 2008: 12).

Бұл жөнінде М. Қозыбаев былай дейді: «Мұхаммед Хайдар Дулати кешенді түрде көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін қарастырумен бізге қымбат» (Қозыбаев 2001:11] – десе, «Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде көшпелілердің отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін тұңғыш рет қарастырған ұлы тұлға. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Шыңғыс хан, Өмір Темір шапқыншылығына ұшырап күйреген ел, құлазыған дала көрінісін шынайы суреттейді.



Шындығында да, адамзат тарихында талай мәдениеттердің жаугершілік замандарда өзін-өзі қорғай алмай, дәрменсіздік көрсетіп, ассимиляцияға ұшырағандығы немесе мүлде жойылып кеткендігі қалың көпшілікке белгілі тарихи-мәдени фактілер болып табылады. Ал сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да әлемдік философияда, мәдениет көшінің қатарынан қалмай, өзіндік бет-бейнесін таныта білген қазақ философиясы, мәдениеті бүгінгі таңда да, өзінің өміршеңдігін танытып отыр (Қарашин 2003:12) – деп түйеді.

М.Х. Дулати шығармасының тарихымыз бен мәдениетіміз үшін көптеген құнды жақтары бар екені даусыз. Ол өз еңбегі арқылы Дала өркениетінің аясын кеңейтіп, сан ұлы тұлғалардың образдарын көз алдымызға әкелді.

Осы орайда, Елбасы Н. Назарбаевтың: «қазақтар талай жерде тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге құштарлық, азаттыққа құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, тәуекелге бел бұғызды» – деген сөзіне жүгінбеске болмайды (Назарбаев 1999: 26).

Қазақ тарихының Геродоты атанған атақты ойшыл, ірі ғалым, ғұлама ой иесі М.Х. Дулатидің дүниетанымдық иірімдері «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталған құнды шығармасының діни сипатынан да жан-жақты көрініс табады.

«Тарихи Рашиди» шығармасындағы түркі өркениеті мәселелерін қарастыру барысында А. Ясауи, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, т.б. секілді түркі тілдес халықтарға ортақ ойшылдар ойларымен үндесіп жатқандығынан бағамдаймыз. Сонымен қатар, өзіне етене жақын әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, ел басқару, т.б. туралы соны пікірлер айтып, өзі тарихи шежіресін жазған дәуірде өмір сүрген өнер қайраткерлері, ақындар, ғалымдар және діни адамдар туралы, олардың өмірі мен шығармашылығы, адамдық болмысы мен тұлғасы жайлы тың деректер береді. Әсіресе, Ә. Науаи, Әбдірахман Жәми, Лутфи, Сайфи секілді ақындар туралы кең сипаттаса, Ахи, Хилали, Биннай, Жалайри, Шейх Ахмед, Ахли, Наргиси, Хажри, Әмір Мұхаммед Салих, Шаһиди, Шухуди, Гулхани, Гулшани, Пайами, т.б. түркі өркениетінің көрнекті тұлғаларының есімдерін кездестіреміз. Бұл аталғандардың кейбіреулерінің өмірі, аз-кем шығармашылығы туралы деректер табылса, енді бірі туралы әлі де болса мәліметтер жоқ. Бұның өзі де түбіміз бір саналатын түркі дүниесіне ортақ тұлғалар болғандықтан, оларды зерттеп, зерделеу руханият үшін теңдесі жоқ мазмұн, мағынаға ие болар еді.

Түркі өркениеті негізінде қалыптасқан ұлттық пәлсапамыздың даму ерекшелігі де тарихи дәуірлерге байланысты екені анық. Осы тұрғыдан келгенде, М.Х. Дулати әкесінің қайғылы қазасы мен моғол әмірлеріне түгелдей дерлік жасалған Шаһибек хан зорлығынан кейін тізгінін алған мемлекеттің қоғамдық-саяси, экономикалық ахуалы мен адамдардың рухани дамуына жағдай жасауға тырысты. «Тарихи Рашиди» еңбегін жазу барысында да тарихи оқиғаларды тәптіштеп баяндап қана қоймай, мәдени, рухани тұрмысын, адамдар арасындағы алуан қарым-қатынастарды жете жеткізуге тырысты. Ел басқару ісіне мансап тұрғысынан емес, адамгершілік жағынан көңіл бөледі. Әрбір елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайын дер кезінде шешіп, жүйелі жүргізілуі ел басында отырған азаматтардың парасат-пайымы мен зерделі ақылына байланысты екендігін дәлелдейді. Өзі ел басқарған тарихи шағындағы тәжірибелерінен үлгі алуға болады.

Атақты философ, ұлттық философиялық мәселелерді терең зерттеп, бүгінгі өркениетке қатысты үлкен зерттеулер жазып жүрген академик Ғ. Есім: «Бүгінгі өркениетте кеңінен өріс алған тобырлық мәдениет нәпсіні түп-тура тауарға айналдырды. Демек, нәпсімен бірге адамдар тауарға айнала бастады. Адам және оның нәпсісі тауар болып сатылып жатыр. Бұған барлық діндер қарсы, бірақ базарлық дүниетаным ізгілік философиясын ығыстырып барады. Егер де бұл тенденция тоқталмаса, адамның азып-тозуы жаппай дертке айналып, адамдар өздерін-өздері соғыс майданында емес, мәдени өрісте-ақ өз-өзін жоюға мүмкіндікті толық жасап алмақ. Бұл шындық – адамзатқа көне заманнан белгілі, алайда соның аса қарқынды кезі енді басталып отыр, яғни адам нәпсіні өте тиімді тауарға айналған заман өз күшіне енді. Оны тоқтатудың амалын кім айта алады, кім іске асырмақ? Бұл қазіргі заман сұрағы (Есім 2000: 19-21) – деп дабыл қағуда.

А. Қасабек: «М.Х. Дулати өзінен бұрынғы, заманындағы тарихи оқиғаларды объективті қарастырып, оларды эмпирикалық жүйелі түрде зерттейді. Осы ерекшелігі арқылы ол қазақ тарихи философиясын бастап береді. Оқиғалардың өзара байланыстылығы, ішкі даму логикасы, деректердің баяндалуымен қолданылуы, олардың бағалануы Дулатидің шығармашылығында қазіргі тарих философиясына қойылатын талаптардың үрдісінен шығып жатады. Онысы кемшіліксіз де емес, ол өз заманындағы тарихи-әлеуметтік және ғылыми деңгейлермен өлшенуі

тиіс. Дегенмен Дулати жалпы жоғары санада тарихи-философиялық тұжырымдар жасауды мұрат ретінде қалыптасу басында өмір сүріп, қызмет атқарды, қоғамдық ойдың дамуына, ұлттық философиялық білімнің мағынасын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Ойлау дәстүрлерін жаңартуға, байытуға, тарихи өлшемді ескере отырып біршама еңбек сіңірді» – деп бағалайды (Қасабек 2002: 210).

Ең маңыздысы, М.Х. Дулати сенім, қайырымдылық, кеңпейілділік, жоғары мәртебелілік, абырой секілді рухани құндылықтарды жоғары ұстады. Мемлекет тұрақтылығы мен қарапайым халық тұрмысы ең алдымен билікті жүргізушілерге тікелей байланысты. Әсіресе, өзара татулықты, келісімді берік ұстаған, көршілес елдермен достық қарым-қатынаста болған ел билеуші, патша, т.б. үлкен абыройға бөленеді. ХҮІ ғасырда өмір сүрген М.Х. Дулати тарихи заман сұраныстарына сай, елінің ішкі және сыртқы қайшылықтарына баса назар аударып қана қоймай, оларды шешу жолдарын қарастырды. М. Дулатидің аталмыш еңбегінде өркениеттің қайсыбір мәселесі де тысқары қала алмайды. Сол кездегі қоғамдық даму, адамдардың рухани деңгейі, мәдени-діни ахуал, т.б. соқталы баяндалады. Бұл туралы дулатитанушы Б. Қалыбекова: «Мұхаммед Хайдар Дулати өзі өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын әр түрлі деңгейде зерттеп, түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесін жасады» (Қалыбекова 2006а: 80), – дейді.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» еңбегінен басқа «Жаһаннаме» секілді әдеби туындының авторы. Өзі ірі текті тұқымнан шыққандығына қарамай, тағдыр теперішін көп тартқан ғұлама ел басқарып отырып, қоғамдық жағдаймен қатар, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа үлкен мән бере қарап, өркениет ісіне өлшеусіз үлесін қосты. Біз М.Х. Дулатидің шығармашылық еңбектерінен айтылмыш уақыттағы қоғамымыздың саяси-экономикалық, қоғамдық әлеуметтік хал-ахуалы мен халқымыздың сана-сезім талғамын, дүниеге көзқарасы мен ой-өрісі, болмыс бітімін көреміз. Сонымен бірге оның еңбектерінде көрсетілген мәселелер бүгінгі біздің қоғамымыздың сонылы мәселелерге сай келіп, қазіргі біздің уақытымызбен үндесіп жатыр. Қасабек А.: «Қазақ философиясында қоғамдық ой үш кезеңнен өтті. Олар – қоғам, қоғамдастық, қоғамдық пікір дей келіп, қоғамдық ойдың

бір бөлігі ретінде халықтық философия мен халықтың саяси көзқарастарын айту керек» – дейді (Қасабек 1999: 10-11).

Бұдан шығатын қорытынды – ойшыл, ғұлама, ірі қоғам қайраткері ретінде танылған тұлғаның өз өмірі мен саяси-мәдени, қоғамдық жайттарды ой елегінен өткізе отырып айтқан тұжырымдары халықтық пәлсапада ерекше маңызға ие болады екен. Сондықтан да, М. Дулати дүниетанымы бүгінгі ұлттық философиямыз бен өркениеттік дамуымыздың алғышарттары болды деп батыл айта аламыз.

М.Х. Дулати түрік әлемінің рационалдық-иррационалдық табиғатын ашу мақсатында интеллектуальдық жағдайдың кең шежіресін жасады. Моғол қоғамының идеялық қорын құрайтын шығыс перипатетизмі философиясы (ғылым), ислам, мұсылман құқығы екенін жоғарыда айтып өттік. Аристотельден басталған шығыс перипатетизмі Әл-Фараби еңбектерінде кең көрініс тауып, Ибн-Сина мен Ұлықбек еңбектері арқылы әлем мәдениеті мен өркениетіне сүбелі үлес қосты. Және өзінен кейінгі неоплатонизмге негіз болды.

X-XIII ғасырлар аралығында Қазақстан аса дамыған ортағасырлық ислам өркениетінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл тұста ислам діні тез қарқынмен дами отырып, түркі-ислам синтезі ретінде үрдіс алады (Әлсатов 1999: 32).

Ғ. Есімнің айтуынша, сопылық – дүниетаным, ислам мәдениетіндегі өте көрнекті құбылыс. Сопылықтың өркендеген уақыты X-XV ғасырға дейінгі аралық деп көрсетеді.

Адам өмірі мен қажеттіліктеріне толық жауап беретін дін ретінде ислам, ал сопылық адамды ішкі рухани тереңдікке бастайтын ілім ретінде қалыптасқан. Ислам діні қабылданғаннан кейін Жаратушы иеге құлшылық етушілер пайғамбарларға еліктеді. Оларға еліктеп, өздерін барлық өмірлік мұраттардан тыйып ұстап, Құдайға деген ұлы махаббат жолына арнады. Құран аяттарына жүгініп, өткінші қызықтардың барлығынан бас тартқан мұндай ғұламалар ғылым жолына жан-тәнімен беріліп, өз шығармашылықтарында терең мазмұндады. Әл-Ғазали, А. Ясауи, Ж. Баласағұни, С. Бақырғани, т.б. секілді М. Дулати де тасаууф ілімін кемел ақылымен зерделеп, иман тақырыбына терең бойлап, Құранның ішкі мәні мен адамның болмысын ұғындыруға талпыныс жасады.

«Тарихи Рашиди» еңбегінің басынан аяғына дейін Дулатидің әлеуметтік және моральдық-адамгершілік нормалар мен ислам сенімінің тәртіптеріне негізделген идеяларын

кездестіреміз. Өз кітабында қиын да күрделі сол бір кезеңдегі тарихи оқиғалар барысында атақты тұлғалар жағымды жағымсыз әрекеттеріне адами тұрғыда өзіндік талдаулар жасайды. Олар кейде өз сөздерімен, енді бірде Құран аяттарымен түйінделген, исламдық дүниетанымға негізделген терең философиялық мазмұнға ие. Ыждаһаттылықпен салыстыра қарағанда бұндай ойлары мен түйіндеулері Құранның жекелеген аяттарымен ғана емес, қоғамдық өмірдің жан-жақты әсерлері мен үрдістерін түсіндіретін исламдық дүниетанымның тұтас жүйесімен өзара байланысты, сабақтасып жатқандығын байқаймыз.

Бұл жерде М. Дулатидің мұсылманша білім алғандығын, исламның рухани және моральдық-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбие алып, исламдық мәдениеттің саналы тұлғасы ретінде қалыптасқандығын айта кету қажет. Осы себептен де ол ислам дінінің дүниетанымдық негіздерін құрайтын идеялар мен принциптерді саналы қабылдап, мойындады. Өз кітабында қоғамның тарихи дамуындағы тарихи оқиғалар мен әлеуметтік қатынастарды талдап, түсіндіруде қолданды.

Дулатидің исламдық-тарихи философиясының негізгі тірегі – ақиқат. Қоғамның тұрақтылығы мен орнықты дамуы үшін ең қажетті шарттардың бірі. Хисар халықтарының моғолдарға көрсеткен қысымын суреттей келе, «әділдікті исламның басты әлеуметтік принципі» сипатында қарастырады. Әділдік жаратушының ең тамаша қасиеттерінің бірі, ол қоғам мүшелерінің барлығына да бірдей деген топтам жасайды. Құранда да әділдікке көп көңіл бөлінген және Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де терең мағынаға ие болады.

Осы орайда айта кету қажет, «Оның шығармаларының алғышарты ретінде дінге негізделген ұлттық келісім, қоғамдық қатынастардың әділдігіне, басшылардың мемлекеттік даналығына сенген, әлеуметтік және мәдени-психологиялық тұтастық аясында қалыптасқан рухани идеялар аталған (Мингулов 1965: 64 б.).

Мұхаммед Хайдар Дулати мұсылман дінін берік, нағыз мұсылман дінін таратушы ретінде философия іліміне терең із қалдырған данышпан ғалым, әрі философ, әрі тарихшы. Ол өз көзімен көріп-білген, естіген дүниелерді ғана жазған, өз заманында нендей дүрбелең оқиғалар болып жатқанына көңіл аударған ірі ойшыл, шыншыл тарихшы. Ол өз өмірін мұсылман дініне арнап, көптеген елдерде қасиетті соғыс ашып, мұсылман дініне арнап, көптеген елдерде

қасиетті соғыс ашып, мұсылман дінін кіргізген жан. Сол қасиетті соғыс кезінде ол өзін керемет, дарынды қолбасшы екенін көрсете білді.

Сондықтан Ә. Дербісәлиев: «Өзін мұсылман санап, Құдіреті күшті Алла тағаладан жақсылық күтетін әрбір азамат тек тән тазалығы ғана емес, сондай-ақ парасатсыздық пен парықсыздықтан, ойсыздық пен дарақылықтан, рухани азып тозудан өзін аулақ ұстап, зиялылықты, тектілікті, тазалықты, отансүйгіштікті, ұлттық мүддеге адал болып, оны жоғары қоюға, елінің келешегін ойлап, досқа күлкі, дұшпанға таба болмай, ертеңіне үміт арта өмір сүруі керек. Жастарды да сондай ұлтына, халқына тұлға боларлық рухта тәрбиелеуіміз керек» – дейді (Дербісәлиев 2001:7).

Дүниедегі ең күрделі мәселелердің бірі – адам мен адам арасындағы қарым-қатынас. Оның жұмбағы мол, сыры терең. Осындай күрделі сипатқа ие адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен зұлымдықты, адамды сүю мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидің де сан толғанған. Ойшыл тұжырымында адам ішкі жан дүниесінің, мәдениетінің негізгі көрсеткіші – өзінің айналасындағы адамдарға деген сыйластығы, ілтипаты, олардың іс-әрекетін сабырлылық пен салқынқандылықпен қабылдай алуы. Ойшыл үнемі өмір бар жерде өлімнің де бар екенін естен шығармайды, дүниенің алдамшы, өзгермелі екендігі туралы да баяндайды. М.Х. Дулати:

Өмір салты, тіршіліксіз көз жасына тұрмайды,  
Іркілген жас кірпікке енді қайтіп құрғайды!  
Өмірдің ақыры – бір топырақ үйілген,  
Аралауға жер үстін арнадым мен ғұмырды,  
Болмаған соң мәңгілік, қайтем алтын тұғырды?!  
(Дулати 2003: 87), –

десе, екінші бір өлеңінде:

Өлім-ажал ешқашан кәрі-жас деп жатпайды,  
Оның лебі тиген жан о дүниеге аттайды дейді  
(Дулати 2003: 64).

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан сол замандағы құндылықтарды көреміз. Заман өзгерсе де, ар, ұят, адамгершілік, мейірімділік, кешірімділік, жан тазалығы, шынайылық сияқты рухани құндылықтардың өзгермейтіндігін айтады.

Бұл дүниеде жасаған жақсы қасиеттеріңнің, ілтипатыңның рахметі бір Жаратушыдан рақым

болады деп сендіреді. Дулати ұғымында кешірім жасаудың да өзіндік реті бар. Бұны ойшыл былай деп береді:

Үш адамды сыртынан кіналаудың жөні бар,  
Ал кешіру – қателік, ол алдыңнан жолығар.  
Үштің бірі – падишаһ, ұғасыздар мұны әлі,  
Егер халық сорласа, тек сол ғана кінәлі!  
(Дулати 2003: 511), – дейді.

М.Х. Дулати адамға қайсыбір жағдайда болмасын нысана мақсатына жетуіне мүмкіндік беретін берік тұғырдың адамгершілік қасиет екендігіне шек келтірмеді. Оның философиялық, поэтикалық шығармашылығы осы қасиеттерді жандандыруға, асыл мұраттарды көнертпеуге бағытталады. Сондай-ақ, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде мазмұндалатын мәселелер бүгінгі біздің қоғамымыз бен тәуелсіз мемлекетіміздің саяси өміріндегі өзгерістермен үндесе келіп, қазіргі уақытымызбен үйлесіп жатыр. М. Дулатидің философиялық ой-толғамдары, саяси-әлеуметтік көзқарастары, дүниетанымдық пайымдаулары қазіргі таңда адам үшін берері мол, үйретері көп мұра екені даусыз.

М.Х. Дулатидің тарихи философиясының аса маңызды негіздерінің бірі – әділеттілік. Әділеттілік, сонымен қатар, қоғамның беріктігі мен тұрақтылығының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Хисар халқына моғолдардың көрсеткен зорлығын суреттей келе, М.Х. Дулати өзінің кітабында мынадай қорытынды жасайды: «Бұл оқиғаларды баяндауымның мақсаты – билеушілер мен үстемдік жүргізушілерге адам өмірін де, мемлекетті де күйрететін зорлыққа жол бермеудің және мемлекет беріктігінің негізін құрап, өмірді нығайтатын әділеттілік орнатудың қаншалықты маңызды екенін көрсету» (Дулати 2003:315).

Әділеттілікті, сондай-ақ, исламның басты әлеуметтік қағидаты деп атауға да болады. «Әділетті» – Аллаһтың ізгі қасиеттерінің бірі. «Әділеттілік» қоғамның барлық мүшелеріне бірдей ортақ «Аллаһтың әділдігі» ретінде ұғынылады. Ал «Аллаһтың әділдігіне» сену исламның басты талаптарының бірі болып табылады. Құранда әділеттілік тақырыбына көп назар аударылады. Әділеттілік туралы Құранда көптеген аяттар берілген: «Әділетті болыңдар», «Әділдікте нық тұрыңдар...», «Аллаһ сендерге әділетті өкім етуді бұйырады... (Крачковский 1963: 91). Ал Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде әділеттілік қағидаттары адамдар мен қоғамның өміріне қатысты нақтылық

сипатқа ие болған. Әділеттілік туралы мынадай хадистер бар: «дінде әділ болыңдар, адамдармен қарым-қатынаста өнегелі болыңдар» (Порохова, 2003: 16). Бұл хадисте Мұхаммед пайғамбар әділеттілік туралы адамгершілік тұрғысынан насихаттайды, өйткені істер мен әрекеттердегі әділдіктің адамдардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда зор тәрбиелік мәні бар, адамдардың әділдікке сенімін күшейтіп, қоғамдағы әділеттіліктің үстемдігін нығайтады.

М.Х. Дулати өзінің кітабында әділдікті қоғамның өркендеп дамуының негізі деп қарастыра отырып, мынадай пікір айтады: «... әлемді жаратудың мақсаты болып табылатын адамзаттың тыныштығы мен аман-саулығының негізі ретінде Аллаһ жоғары лауазымды билеушілердің әділдігі мен билігін берді. ...Егер билеушінің мақсаты Жаратушының ризашылығына қол жеткізу болса, бұл үшін әділеттілік пен қол астындағыларға қамқор болудан артық жолды ойлап табу қиын, өйткені алғашқы да, соңғы да, ең ғұлама және ең таңдаулы (пайғамбар) алпыс жылдық құлшылықтан әділеттілік жасауға кеткен өмірінің бір сағатын артық санаған.

М.Х. Дулати әділеттілікті билікпен байланыстырған, биліктің әділеттілігін талап етуді өзінің тарих философиясының басты қағидаттарының біріне айналдырған.

Әділ болсаң, халықтың көңілінен шығасың,  
Пайғамбардың есігін қысылмай-ақ қағасың  
(Дулати 2003: 88).

Бұл жерде ислам дүниетанымының ықпалы айқын байқалады. Біріншіден, М.Х. Дулати жоғары лауазымды билеушілердің әділдігі мен билігін Аллаһтың ризашылығымен байланыстырады. Екіншіден, әділдікті ұстанған және өзінің қол астындағыларға қамқор болғандар Жаратушы Аллаһтың қолдауына ие болады. Үшіншіден, осы ойдың дәлелі ретінде Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сілтеме жасайды. Егер осы мәселе бойынша ислам діни ілімдерінің ережелерінде «билік – Құдайдан» деген идея насихатталады. Сондықтан билікке бағынып, көнбістік таныту қажет. Тіпті «ислам» деген сөздің өзі араб тілінен аударғанда «бас ию, бойұсыну» дегенді білдіреді. Құранда билікке бағыну туралы былай дейді: Аллаһқа бас иіңдер және пайғамбарға бас иіңдер және араларындағы билікке ие болғандарға бас иіңдер» (Ислам 1991:11).

Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде билікке бағыну туралы мәселеге көп көңіл

бөлінеді және нақты нұсқаулар мен міндеттер белгіленеді. «Қаранәсілді құл болса да, өздеріңнің басшыларыңа бағыныңдар және оны тыңдаңдар» (Порохова, 2003: 16). Егер осы хадиске түсінік беретін болсақ, ислам ілімі бойынша, билеушінің нұсқаулары Аллаһтың еркіне – Құранның сөзіне қайшы келмейтін болса, оған бағыну керек. Себебі «билеушілер мен данышпандар – Аллаһтың жердегі көлеңкелері». Сондықтан «лауазымы жоғары адамдарды тыңдау және оларға бағыну – ол ұнаса да, ұнамаса да – әрбір мұсылманның міндеті. Себебі билікке бағыну қоғамдағы тыныштық пен тәртіптің кепілі болып табылады. Осындай мәндегі тұжырымдарды М.Х. Дулатидің кітабынан да кездестіруге болады: «Егер барлық тұрғындары бұйрығына бағынуды міндетті деп санайтын және ешқашан оның нұсқауларынан бас тартпайтын билеушісі болмаса, кез келген елдің істері мен тәртібі сөзсіз құлдырауға ұшырайды» (Дулати 2003: 57). Жоғарыда келтірілген үзіндіден біз данышпан ойшылдың тарихтағы билік пен билеушінің әлеуметтік рөлі қаншалықты маңызды екендігін айқындайтын көзқарастарын танимыз.

М.Х. Дулатидің тарихи философиясында да, исламда да жай ғана билікке емес, әділетті билік идеясына баса назар аударылады. Халық билеушінің үстемдігін мойындап, оған бағыну үшін, ол мемлекет басқару ісінде әділетті болуы және әділ басқаруды орнатуы тиіс. Осындай ой Құранның 4-сүресінің 58-аятында көрініс тапқан: Аллаһ, шын мәнінде, бізге бұйырады..., адамдарға билік айтқанда, әділдікпен билік айтыңыз» (Крачковский 1963: 91). Ал әділетсіз билік ислам діни ілімінде үзілді-кесілді айыпталады және жол беруге болмайтын, адамдарға үлкен ауыртпалық әкелетін әрекет ретінде қарастырылады. Әділеттілікті ақиқаттылық пен шындыққа құрметпен қарау, зұлымнан бет бұру, ақысын иесіне қайтару, әрбір адамның ісі мен әрекетінде әділетті шешім қабылдап, қиянатқа жол бермеу деп ұғындыра отырып, әділетсіз ұлттар мен мемлекет ұзақ жасамайтындығын дәлелдеп береді.

Хадистер кітабында әділетсіз билеушілер туралы мынадай түсінік беріледі: «Әділетсіз билеушілер өзінің қолындағы билікті, тіпті дінді де өзінің жеке басының мүддесіне пайдаланады; осы арқылы қоғамдағы тыныштық пен әділдікті бұзып, онда алауыздықты, әлеуметтік ауыртпалықтар мен қайшылықтарды туғызады» (Порохова, 2003: 20). Хадистерде әділетсіз билеушілерді айыптап қана қоймай, оларға қарсы жүрес жүргізудің қажеттілігі туралы айтылады

және оларды әшкерелеу мұсылманның қасиетті міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады: «Ең қасиетті жиһад адамның озбыр билеушіге шындықты бетіне айтуы болып табылады» (Порохова, 2003: 115).

Ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты болатын мәдениетті ашып беру, ұлтымыздың өркениеті мен мәдениетін, оның тарихын ұлықтаған ұлы тұлғаларының үлесін танытатын мәдени мұраны сақтауды, қазақстандық рухани кемелденуінің өркениет көшінен кейін қалмауын қамтамасыз ету» – дейді Елбасы Н. Назарбаев (Назарбаев 2007: 9). Қазіргі кезеңде ұлттық руханияттың қайсыбір саласында болмасын дінге үлкен мән беріліп, оның жалпы сипаты қарастырылуда. Сондай-ақ, тарихи жәдігерлеріміз де осы тұрғыда жаңаша мазмұндалуы қажет. Осындай ұлы мұралардың бірі – атақты М.Х. Дулати шығармалары.

Ойшылдың исламдық дүниетанымының түркі өркениетіндегі үлесі К. Скотт Левидің «Тарихи бастаулар антологиясы» (К. Скотт Леви 2009) мен М. Хайдардың М.Х. Дулати туралы жазылған парсы еңбектерін талдаған зерттеуінде жан-жақты мазмұндалды (М. Хайдар 2002).

Демек, Мұхаммед Хайдар Дулати немесе оларға дейінгі ұлт ұстаздары мұрасының бізге берер рухани азығы, жан дүниемізді байытар, ізгілендірер рухани күш екені даусыз. Өйткені ойшылдарымыздың мұраларына жете көңіл бөліп, санамызға қабылдар болсақ, бізден кейінгі толқынға берер дүниеміздің маңызды да, мазмұнды болары сөзсіз.

Қашанда діни ағымдар мен түрлі секталардың қоғамда болуы елдің ынтымағын бұзатын себептердің бірі екенін осы еңбекте көре аламыз. Екінші жағынан, дінсіздік, яғни күпірлік адам өмірін қараң дүниеге жетелейді. Өйткені адамның рухы тазалықтан, биіктерге самғаудан адыра қалады. Содан өз биігін байқай алмай әуре-сарсаңға түсіп, өзінен де өмірден де түңілетін сәттерге тап болады.

Жас ұрпақты қалыптастыру барысында, адам рухани дамудан шектеліп қалмаса екен деп қынжылады. Адам өзінің рухани дамуына бар күш-жігерін салмаса, назарын Нұрға, Махаббатқа қарай бұрмаса, онда өзі таңдаған нәпсілік әлсіздіктер әлеміндегі пенде күйінде қала бермек. Ол әр түрлі түркі тектес халықтардың арандатпайтын, іргетас болатын руханилық құбылыс екенін жақсы білген.

Біз осы кезге дейін қалыптасқан рухани қазынамызды түгендеп, оның шынайы құндылығын әлі де анықтап білген жоқпыз. Кеңес

Одағы идеологиялық саясатының көлеңкесінде қалып қойған дүниелердің ішінде ұлттық тәрбие де бар. Ал қазіргі таңда оның біртұтас жүйесін жасап шығу алдымызда тұрған мақсаттардың бірі болып отыр.

Мұхаммед Хайдар Дулати адам – халық үшін, халықтың ауыртпалығы мен қиыншылығын жеңілдету және әрқашан оның игілігі үшін қызмет етуі тиіс деп есептеген. Сондай-ақ бабамыз, адам жеке басының мүддесінен жоғары болып, өз тіршілігінен биік болуы тиіс дейді. Ойшыл өзінің саналы өмірі мен шығармашылық күш-қуатын адамдық қасиеттерді биіктетуге, оның рухани-саяси дүниетанымын байытуға, жетілдіруге сарп етті.

Демек, Мұхаммед Хайдар Дулати немесе оларға дейінгі ұлт ұстаздары мұрасының бізге берер рухани азығы, жан дүниемізді байытар, ізгілендірер рухани күш екені даусыз. Өйткені ойшылдарымыздың мұраларына жете көңіл бөліп, санамызға қабылдар болсақ, бізден кейінгі толқынға берер дүниеміздің маңызды да, мазмұнды болары сөзсіз.

Өз шығармашылығында түркі тілдес халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне лайықты рухани философиялық ойлар түйіндеген М.Х. Дулатидің сопылық бағыттағы тұжырымдары А. Ясауи пікірлерімен іштей үндесіп жатады. Дегенмен де, Ясауи секілді тек Жаратушыға беріліп, бұл өмірден безінуді қолдамаған М. Дулати философиясының мазмұны Жаратушыға сеніп, оның үкіміне бой ұсыну қажет-ақ, алайда қоғам, адам, мемлекет ісін де ұмытпау керек дегенге саяды. Сопылықтың адамгершілік құндылықтар турасындағы мағынасына ерекше ден қойған ойшыл өз философиясында дін мен иманның адам тәрбиелеудегі рөліне көңіл бөліп, адамдарға деген махаббат, өмірге құштарлық, әділет, парасат ұғымдарына тоқталады. Сопылық арқылы ислам дініне ерекше ден қояды. Кітабының өзін ислам дінінің Моғолстан жеріне енуі мен Тоғылық темір ханның ислам дінін қабылдауынан бастап, тарихи шежірелеп отырған кезеңдегі діни жағдайынан көптеген мәліметтер береді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Мұхаммед Хайдар Дулати дүниетанымының негізгі бастауы – шығыс әдебиеті мен мәдениеті. Осы шығыс мәдениетінен терең сусындаған М. Дулати бәрінен бұрын ұлттың мүддесін жоғары қоя отырып, адамның ішкі жан дүниесін жаңғырту ілімін тұңғыш дамытушылардың бірі болды. Адам болмысының ішкі дүниесін кеңінен жаңғыртып, суреттеуге мән беруі арқылы М. Дулати тек

қазақ елі немесе Орта Азияда ғана емес, бүкіл мұсылман Шығыс мәдениетінің мақтанышына айналды.

Жалпы халықтың мұңы мен мұқтажын жоқтап, қоғамда адамгершіліктің жоғары сапасын қалыптастыруға ұмтылған Дулатидің кісілік қасиеттері жақсыдан үйренудің, тағылымалудың, жақсы жалғастырудың, дәріптеудің жарқын үлгісі екендігі даусыз. Өз бойындағы тектілік қасиеттері, яғни, қарапайым халыққа көмектесу, адамдарға жақсылық жасау, жауапкершілікті терең сезіну арқылы ғана М. Дулати келешекті болжай білетін, алыстан көре білетін көреген ойшыл тұлғасы қалыптасты. Дулати мұрасынан тәлім-тәрбие алу – болашақ әрбір ұрпақтың парызы екендігі даусыз.

М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымын талдай отырып, өз заманын, ондағы тарихи оқиғаларды нәзік сезінген, дұрыс түсіне білген ойшыл, қайраткер тұлға екенін байқаймыз. Әсіресе, Қазақстан тарихы үшін белгісіз болып келген оның көп мәліметтері қазақ «тарих философиясына» көп көмегін тигізуде.

М. Дулатидің шығармашылық мұрасы – қазақ ұлтының өз шаңырағын құрып, жеке хандық құрған, аса ауыр да дүрбелең уақытындағы түркі тілдес халықтардың мәдени-тарихи өмірін шежірелеуден туған, өмір философиясына тұнған, болмыс пен таным туралы, адам тұлғасы жайлы жан-жақты сыр шертетін философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. М.Х. Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннаме» секілді еңбектері арқылы түркі тілдес халықтарға ортақ рухани тұлға болып қана қоймай, бүгінгі таңда да жоғары деңгейдегі рухани көшбасшы болуда. Бүгінгі күн егемен ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.

Қазақхалқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Қазіргі таңда өз ұлттық тарихымызды терең танып-білуде ең алдымен рухани байлығымыздың қайнары болған тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын зерттеу қажет. Қазақ ұлты – тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілгеннен кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылудамыз. Жабайы күн кешкен, көшпелі тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты

тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғанын дәлелдеудеміз. Тәуелсіздік алғалы қоғамның діни ахуалы өзгеріп сала берді. Әр түрлі ағымдар өз үгіт-насихаттарын күшейтіп, алғашқы жылдары сансырап қалған халықтың жүрегіне әр түрлі тәсілдермен жол тауып, біршама жастарымыз, қаракөз қандастарымыз шет діннің құрығына ілікті. Бұл ел бірлігін, ынтымағын бұзатын себептердің бірі екені анық. Осы себепті де Елбасымыз әр түрлі діндердің көшбасшыларымен кездесіп, жиындар өткізуде. Жүзден астам ұлт өкілдері тіршілік кешіп жатқан елімізде дін бостандығы заңмен шешілген. Әйтсе де, кейбір діни секталардың пиғылдары рухани мақсат-мүдделерді көздемейді. Ондай діни ағымдар адамды рухани тәрбиелеу, рухын тазалу, т.б. секілді жайттарға назар аудармайды. Міне, осындай діни ұйымдармен күресу үшін исламды насихаттауды, оның руханият ісіндегі үлесін жете таразылап, жас ұрпаққа жеткізуіміз қажет. Бұл мақсатқа қол жеткізбейінше, бәсекеге қабілетті ел болып, әлемдік өркениетте өзіндік орнымызды бағдарлай алмайтынымыз жасырын

емес. Бұл тұста Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық көзқарастарын зерттеудің ролі ерекше.

Соңғы уақытта дулатитану ғылымы жаңаша байыптау мен дамуға көшуде. Түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ тұлға ретінде танылып келген Дулатидің арғы тегі қазақ екені дәлелденіп, ұлттық тарихшы, ғұлама ойшыл, педагог қырлары талданған еңбектер жарық көрді. Өткен ғасырдың ортасында белгілі шығыстанушы тарихшылар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султановтың «Тарих-и Рашидиді» жинақтап айтқанда, орта ғасырлық мұсылман тарихнамасындағы Қазақ хандығының ерте тарихын баяндайтын жалғыз шығарма» (Кляшторный, 1963:54), ал орта Азияны зерттеуші П.П. Ивановтың «Тарих-и Рашиди» – ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Моғолстан өмірі туралы мәліметтерге негіз болатын жалғыз дерек» (Иванов 1963: 42) деген бағалары толығымен дәйектеліп, ендігі уақытта ойшылдық пікірлерін мәдени-тарихи жүйелеп, құндылықтарын саралау, ұлттық тәрбие беру ісінде кеңінен қолдану маңызды болуда.

#### References

- 1 Dulati M.Kh. Tarikhi Rashidi. – Almaty: Tyran, 2003. – 614 b.
- 2 Аджи М. Полюнь половецкого поля. – М., 1994. – С. 214.
- 3 The Tarikh –I Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A history of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The translation by E.Denison Ross. London, 1895,1898 (Patna, 1972; Delhi, 1986)
- 4 Walidi A.Z. Ein Turkisches Werk Von Haidar Mirza Dughlat // Bulletin of the School of Oriental Studies (University of London). – Vol. VIII. pt.4 (London), 1937.
- 5 R.K. History Of Muslim Rule in Kashmir. 1320-1819. Delhi-Bombay, 1969.
- 6 Туманович Н.Н. Сочинение Мирзы Мухаммед Хайдара «Тарих-и Рашиди» как источник по истории киргизов и Киргизии // Арабско-персидские источники о тюркских народах. – Фрунзе: Илим, 1973.
- 7 Султанов Т.И. «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дулата (Литературная история памятника) // Письменные памятники Востока. Историко-филологическое исследование. – М., 1982.
- 8 Хайдар М. Мирза Мұхаммед Хайдар Дулат в персидских источниках. – Алматы, 2010.
- 9 Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003
- 10 Жеменей И. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдеби әлемі. – Алматы: Арыс, 2009
- 11 Қазыбек М. Дүние таныған Дулат // Айқын. – 2014. – 23 сәуір
- 12 Қалыбекова Б. Адам өмірінің мәні – М.Х. Дулати шығармашылығының философиялық өзегі // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2006. – №1. – 98-101 б.
- 13 Қалыбекова Б. М.Х. Дулати шығармашылығындағы адам мәселесі: автореферат. – Алматы, 2008.
- 14 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001, – 369 б.
- 15 Карашин Ө. Халықтық философияға бетбұрыс // Ақиқат. – 2003. – № 3. – 12 б.
- 16 Назарбаев Н.Ә. Тарихтың шеңберлері және ұлттық зерде // Жұлдыз. – 1999. – № 3. – 26 б.
- 17 Есім Ғ. Нәпсі // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 18 тамыз. – 13 б.
- 18 Қасабек А. Тарихи-философиялық таным. – Алматы, ҚазГЗУ, 2002. – 264 б.
- 19 Қасабек А.Қ. М.Х. Дулатидың қазақ философиясындағы орны туралы // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1999. – 188-189 бб.

- 20 Әлсатов Т. М.Х. Дулатидың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері // Изденіс. –1999. – № 2. – 162-164 бб.
- 21 Мингулов Н. Мухаммад Хайдар Дулат / Великие ученые Средней Азии и Казахстана. – Алма-Ата, 1965. – С. 62-64.
- 22 Дербісәліев Ә. М.Х. Жақсыдан қалған жәдігер // Ақиқат. – 2001. – № 3. – 33 б.
- 23 Коран пер. с арабского акад. И.Ю. Крачковского. Предисл. к изд. – М., 1963.
- 24 Ислам: Энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1991. – С. 315.
- 25 Хадисы Пророка / Пер. и коммент. Иман Валерии Пороховой. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Рипол Классик, 2003. – С. 312.
- 26 Назарбаев Н. Мәдени мұра – мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Егемен Қазақстан. – 14 ақпан, 2007.
- 27 Scott C.Levi Antology of Historical Sources. Ron Sela Indian University Press. 2009, – С. 338.
- 28 Haidar M. Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. – Manohar, 2002. – С.191.
- 29 Кляшторный С.Г. Истории древней тюрки. – М., 1954.
- 30 Иванов П.П. Тюрки. – М., 1965.

### References

- 1 Dulati M.Kh. Tarikhi Rashidi. – Almaty: Tyran, 2003. – 614 b.
- 2 Adji M. Polin poloveskogo polia. Moskva, 1994. – S.214
- 3 The Tarikh – Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Duglat. A history of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The translation by E.Denison Ross. London, 1895,1898 (Patna, 1972; Delhi, 1986)
- 4 Walidi A.Z. Ein Turkisches Work Von Haidar Mirza Dughlat // Bulletin of the School of Oriental Studies (University of London). Vol.VIII.pt.4 (London), 1937
- 5 R.K. History Of Muslim Rule in Kashmir. 1320-1819. Delhi-Bombay, 1969
- 6 Tumanovich N.N Sochikenie Mirza Muhammad Haidar Duglat's kak istochnic po istoriyi kirgizov i Kirgiziyi // Arabcko-persidskie istochniki o turkskih narodah. Frunze, Ilim, 1973
- 7 Sultanov T.I. «The Tarikh –i -Rashidi» Mirza Haidara Duglata (Literaturnaya istoriya pamitnika) // Pismennie pamitniki Vostoka. Istoriko-filologicheskoe issledovanie. Moskva, 1982
- 8 Haidar M. Mirza Muhammad Haidar v persidskih ichtochnicah. – Almaty, 2010
- 9 Derbisali A. Islam jane zaman. – Almaty, 2005. – 560б.
- 10 Jemenei I. «Tarikh –i-Rashidi» enbeginin adebi alemi. – Almaty: Aris, 2009
- 11 Kazybek M. Dynie tanigan Dulat //Aikin. – 2014. – 23 cayir
- 12 Kalybekova B. Adam ovitinin mani – M.Kh. Dulati shygarmashilinin filosofiyalik ozegi // KazUU khabarshisi. Filosofiya seriyasy. Madeniettanu seriyasy. – Almaty, 2006. - №1.- 98-101bb.
- 13 Kalybekova B. M.Kh. Dulati shigarmashiligindagi adam maselesi. Avtoreferat. – Almaty, 2008
- 14 Kozybaev M. Orkeniet jane ult. – Almaty: Cozdik-Clovar, 2001. - 369 b.
- 15 Karashin O. Halihtih filosofiaga betburis // Ahihat. – 2003. - № 3. – 12 b.
- 16 Nazarbaev N. Tarikh tolkininda. – Almaty: Atamura, 1999. – 320 b.
- 17 Esim G. Napsi // Kazak adabieti. – 2000. – 18 tamiz. – 13 b.
- 18 Kasabek A. Tarikhi-filosofiyalik tanim. – Almaty, KazGZU, 2002.-264 b.
- 19 Kasabek A. M.Kh. Dulatidin kazak filosofiasindagi orni turali // Muhammad Haidar Dulati. Oichil. Tarikhchi. Jazuchi. Kolbaschi: Khalikaralik gilimi-teoriyalik konferensiyai. – Almaty, 1999. – 188-189 bb.
- 20 Alsatov T. M.Kh. Dulatidin talim-tarbielik oi-pikirleri // Izdenis. – 1999. - № 2. – 162-164 bb.
- 21 Mingulov N. Muhammad Haidar Duglat / Velikie uchenie Srednei Azyi I Kazakstana. – Almaty, 1965. – S. 62-64.
- 22 Derbisaliev A. Jaksidan kalgan jadiger // Ақиқат. - 2001. - № 3. – 33 b.
- 23 Koran per. s arabskoqo akad. I.Yu. Krachkobskoqo. Predisl. k izd. Moskva, 1963
- 24 Islam: Entsiklopedicheskiy slobar. – М.: Nauka, 1991. – S. 315
- 25 Khadisy Proroka / Per. i comment. Iman Baleriy Porokhoboi. – 3- izd., pererab. I dop. – М.: Rипol Klassik, 2003. – S. 312
- 26 Nazarbaev N. «Madeni mura» bagdarlamasi memlekettik bagdarlama boluy tiis // Egeмен Kazakhstan-2003.- 29-karasha
- 27 Scott C.Levi Antology of Historical Sources. Ron Sela Indian University Press. 2009, – С. 338
- 28 Haidar M. Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. - Manohar, 2002. – С.191
- 29 Klyachtorni S.G. Istoria drevnei tyurki. –Moskva, 1954
- 30 Ivanov P. Tyurki. – Moskva, 1965



**Рахимжанова С.К.**

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Астана қ., e-mail: rahimzhanova.82 @ mail.ru

**ДӘСТҮРДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ**

Бұл мақалада жеке адам мен тұлғаның, ұлт пен ұлыстың, қоғам мен мемлекеттің және жалпы адамзаттың дамуындағы дәстүрдің рөлі философиялық тұрғыдан пайымдалады. Ұлттың өмір сүру болмысы, дүниеге деген көзқарасы, ата-бабалардың өмір тәжірибесінен туындаған дәстүрлі құндылықтардың халық өмірінде алатын орны айрықша. Қай халық болса да ежелден қалыптасқан игі дәстүрлерді дәріптеген, дәстүрді уақыт шеңберінде мәнін жоймайтын, кейінгі ұрпақтарына рухани азық болатын мәңгі өлмес құндылық ретінде таныған. Дәстүр ұғымы философиялық тұрғыдан қарастырыла отырып, адамзат өміріндегі, ұлттың дамуындағы негізгі құндылық екендігі дәлелденген, халықтың бойына сіңген ұлттық дәстүрдің мәні анықталған. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлер бүгінгі таңда ұлт дамуының діңгегі ретінде танылып келеді. Соңдықтан дәстүрдің философиялық мәні қарастырылады.

**Түйін сөздер:** философия, дүниетаным, дәстүр, салт, болмыс, құндылық, адам, кісілік, адамгершілік, ұлт.

Rahimzhanova S.K

PhD, L.N. Cumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: rahimzhanova.82 @ mail.ru

**Philosophical meaning of tradition**

This article deals with disclosure of tradition's role and meaning in the development of person and personality, nation and ethnos, society and country, the whole humanity from a philosophical point of view. Traditional values which came from the generations, views, living type and experience of our nation, have a great concern to the people's life. The concept of tradition is considered from the philosophical point of view as the main value that does not lose its value, being at all times spiritual wealth in the development of humanity and an integral part of the people's life. Customs are the spiritual heritage of nationalities which will never be lost. Article shows that custom is the philosophical concept which takes the main significance in nation's development. Accordingly, it considers philosophical task of tradition.

**Key words:** philosophy, world outlook, tradition, custom, existence, value, person, humaneness, nation.

Рахимжанова С.К.

PhD докторант 1 курса, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: rahimzhanova.82 @ mail.ru

**Философский смысл традиции**

В данной статье всесторонне и философски раскрываются роль и значение традиции в развитии индивида и личности, этноса и нации, общества и государства, а также всего человечества. Традиционные ценности, сложившиеся, возникшие и сформировавшиеся в процессе жизнедеятельности наших предков, их взглядов и мировоззрения, передаваемые из поколения в поколение, имеют огромное значение в жизни любого народа. Понятие традиции рассмотрено с философской точки зрения как основная ценность, не теряющая своего значения, являющаяся во все времена духовным богатством в развитии человечества и неотъемлемой частью жизни народа. Глубоко осмыслены национальные традиции, выдержавшие испытание временем, признанные основой развития нации. Соответственно, рассматривается философский смысл традиции.

**Ключевые слова:** философия, мировоззрение, традиция, обычай, сущность, ценность, человек, человечность, нравственность, нация.

## Кіріспе

Дәстүр философиялық ұғым ретінде қарастырылып, оның жалпы адамзат өміріндегі алатын орны көрсетіледі. Дәстүр әр ұлт пен ұлыстың өмір сүру болмысымен, ойлау сипатымен, дүниетанымымен байланысты құндылық болғандықтан, сол мемлекет дамуының негізгі көзі болып табылады. Қазіргі таңдағы рухани жаңғыру мәселесіне орай, ежелден келе жатқан құндылықтарымызды сақтай отырып, қазіргі үнемі өзгеріп отыратын заман ағымында ұлттық келбетімізді жоғалтып алмау мәселесі де осы дәстүр тақырыбына қатысты деп ойлаймын. Халқымыздың басынан өткен талай нәубетке қарамастан, ұлттың санасынан өшпей, ұлттың діңгегі болып келе жатқан дәстүрлерімізді дәріптеуіміз қажет. Адамды рухани тәрбиелейтін, оның сыртқы сұлулығына ғана емес, ішкі рухына да әсер ететін – әр ұлттың бойына анасының сүтімен, әкесінің қанымен даритын ұлттық құндылықтар. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі дәстүр екенін дәлелдеу. Халық бойына сіңген құндылықтар ұмытылса, ұрпақтың толыққанды тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан, ұлттың рухани дамуының, адамның адам ретінде қалыптасуының негізгі көзі болып отырған – осы құндылықтар. Мұндай құндылықтардың адамзат өміріндегі орны айрықша. Бұл мақалада автор адамның өмірі мен рухани болмысын реттеудегі дәстүрдің ролі айрықша екендігін ұғындырып отыр. Елдігімізге сын келмесін десек ұлт үшін маңызды құндылықтарды аяқ асты етпей, өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс бағдар бергеніміз абзал.

## Негізгі бөлім

Қазақ деген халықтың болмысын тану үшін, оның ұлтының бойына сіңген құндылықтарды тани білуіміз қажет. Қазақ халқының бойына сіңген ұлттық құндылықтардың бірі – дәстүр. Дәстүр – тарихи қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын, ұлттың дүниеге көзқарасынан, өмір сүру болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен, ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесінен, яғни бүгінгі түсінікпен айтсақ, уақыттың өзі бекітіп, ұлттың бойында ұзақ уақыт сақталған мұрасы [1, 135 б.]. Дәстүр ұғымын философиялық мәселе ретінде таныған ойшылдардың бірі – И.Г. Гердер. Иоганн Готфрид Гердер өзінің «Адамзат тарихы философиясына арналған идеялар» атты еңбегінде

«дәстүр» ұғымын алғашқы рет философиялық категория ретінде қарастырды [2, 28 б.]. Ойшыл осы еңбегінде дәстүрді адамның дүниеге қатынасынан туған құндылық ретінде таниды. Философия тарихында М. Вебер өз еңбектерінде дәстүрді белгілі бір әлеуметтік ортаның «қалыптасқан мінез-құлқы» ретінде дағдыланған стереотиптерімен байланыстырады [3, 544 б.].

Қазақ философиясын зерттеуші ғалымдардың соның ішінде А. Қасабек пен Ж. Алтаевтың «Қазақ философиясы», Д. Кішібековтің «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең», Ж.Ж. Молдабековтің «Қазақтану», Ғарифолла Есімнің «Хакім Абай», Т.Х. Ғабитовтің «Қазақ философиясы» еңбектерінде ұлтымыздың мәдениеті мен дәстүрлі дүниетанымына философиялық талдау жасалынып, қазақ дүниетанымының әр түрлі қырлары айшықталған. Адамзат өмірінде айрықша орын алатын рухани қызмет салаларының бірі философия. Философия ғылымындағы ең негізгі мәселелердің бірі адам және оның әлемдегі орны болып табылмақ. Біз дәстүр ұғымын не себепті философиямен байланыстырамыз? Дәстүрдегі барлық мәселе адам және оның өміріне қатысты болып табылмайды ма? Дәстүрдегі ең негізгі мәселелердің бірі – адам мәселесі. Дәстүр – адамның өмір сүріп отырған ортасынан, дүниеге деген көзқарасынан, тұрмыс тіршілігінен туындап отырған құндылық. Сондықтан дәстүрді философиялық мәселе ретінде тану өте орынды. Кез келген саналы адамның өз болмысына, адами табиғатына сай құндылықтарға қол созуы – заңды құбылыс. Яғни, адам өз сұраныстарын қанағаттандыру үшін тек тойынған тіршілік аз екен, одан адам өзін адам сезінбейді екен [4, 10б.]. Сондықтан саналы адам тәндік қажеттіліктен әлдеқайда кең, әлдеқайда терең әлемде өмір сүруді аңсайды. Ол – рухани әлем. Адамның өмір сүруінде екі әлемі бар: биологиялық және рухани әлемі. Биологиялық әлем адамның тәндік қажеттіліктерін ғана қанағаттандырса, рухани әлем – адамды мәңгіліктің аясында өмір сүруге шақыратын әлем. Биологиялық жағдай – ұрпақ жалғастыру із-түссіз жоғалып кетпудің кепілі. Өмір адам үшін белгілі бір мәнділікке ие болған кезде ғана өмір болып табылады.

Адам күнделікті мұқтаждықпен ғана күн кеше алмайды, ол үнемі толғанады. Адам табиғаты шексіз, жан-жақты. Ол биологиялық дамуды ғана емес, қоғамдық, рухани дамуды да қажет етеді. Ал мәңгіліктің аясы – рухани дүние. Рухани өмірде адам барлық адамдармен теңесе алады, биік құндылықтарға қол созады. Рухани байлық

әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив. Қазақ мәдениетінің әлем мәдениетінің бір бөлшегі ретінде ұлт өмірінің ерекшеліктерін айқындататын рухани құндылықтарымыздың бірі дәстүр. Салауатты ұрпақ қалыптастыра білу үшін біз жастарымызды дәстүрлі құндылықтарымызбен тәрбиелей білу шарт.

Адамды жаратушы басқа тірі жандылардан өзгеше етіп, ақыл-ой беріп жаратуының астарында үлкен философиялық ой жатыр. Дәстүр – адам өміріне, оның дүниеге деген көзқарасына, дүниетанымына байланысты туындаған, адамның адам болып қалыптасуына ерекше әсер ететін рухани құндылықтарымыздың бірі. Дәстүрді біз философиялық тұрғыдан былай ұғындырғымыз келеді. Дәстүрдің адамзат өміріндегі маңызы зор. Кез келген ұлтты жойғың келсе, оның дәстүріне балта шап – дейді. Яғни, дәстүрінен айырылған ұлт мәңгүртке айналмақ. Дәстүр бұзылған жерде халықтың болмысы бұзылады. Дәстүрінен айырылған халық тамыры тартылған ағаш сияқты. Қандайда бір ұлт болсын, ұлттық қасиетінен айырылып, өмірдің қиын ирімдеріне төтеп бере алмай, өзгеге тәуелді болады. Ұлттың замана дауылына төтеп беріп, өмірдің ирліміне түсіп кетпеуі үшін, халықтың бірлігін, ұлттың тұтастығын сақтап, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруда ұлттық дәстүріміз сондай қажет. Ал тамыры тереңге жайылған ағаш аязға да, аптап ыстыққа да қарамастан жайқалып, жапырағы көктей бермек. Дәстүрінен айырылмаған елде тамыры тереңде жатқан ағаш секілді, замана қиындығына төтеп беріп, халықтық қасиетін сақтап, тәрбиелі ұрпақ қалыптастырады. Ондай ұлттың болашағы жарқын болмақ. Дәстүр біздің қоғамымызды ұстап біріктіретін желім секілді. Дәстүр – ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын құндылық. Өткенін ұмытпауға, болашағына жол салуға көмектеседі. Дәстүр – ағашқа тіршілік нәрін беріп тұрған тамыр сияқты, адамға да рухани нәр беретін, әр ұлттың бойына сіңген ұлттық құндылығы.

Өсімдіктің құнарлы жерде көрікті де әсем болып өсетіні сияқты адамзат та өскен ортасына, алған тәрбиесіне қарай қалыптаспақ, яғни ұлттық құндылықтармен сусындап тәрбиеленген адам, құнарлы топырақта өскен өсімдік секілді. Дәстүрдің негізінде жатқан құндылық – тәрбие. Тәрбиенің адамзат өміріндегі орны ерекше.

«Ел болам десең бесігінді түзе!» – деп Мұхтар Әуезов атамыз айтқандай, күнделікті өмірде баланың тәрбиесі отбасындағы тәлім-тәрбиесіне

тікелей байланысты екендігін айтады [5, 122 б.]. Бүгінгі жастар – ертеңгі еліміздің болашағы. Әл-Фараби атамыз айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне қауіп әкеледі». Адам адамгершілік құндылықтарын жоғалтса, онда ол адамдық болмысын жоғалтып алады. Сондықтан әрбір адам тәрбиені адамшылдық құндылықтарды ең бірінші өзінің отбасында қалыптастырады. Дәстүрдің де адамға беретіні – тәрбие. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері баланың өсу жолымен беріліп отырады, баланың тәрбиесіне терең мағына берген халықтың бірі қазақ халқы [6, 7, 8 3 б.].

Дәстүр жайындағы шетелдік ойшылдардың пікірлеріне тоқталсақ: француз философы Жан Жорес «...дәстүрді ескінің сарқыншағы деп санайтындармен келіспеймін. Дәстүр күл-қоқысты сақтау емес, от-жалынды лаулату» деп жазған. Шындығында да, дәстүр – жойылуға емес, жетілуге, дамуға жеткізетін құндылық. Дәстүр ұрпақтарды сабақтастырады, өткенді есте сақтай отырып, болашақ туралы ойлауға, болашақты жасауға көмектеседі. Орыс мәдениеттанушысы Петр Савицкий «Дәстүрін жоғалтқан төменге құлдырайды» деп жазды. Дәстүрінен айрылған адам өзінің болмысын, бастапқы мәнін жоғалтады. Ал Герольд Бельгердің пікірі бойынша «Өз халқының тереңде жатқан тамырын, салт-дәстүрін, тілін білмеу – ұлттық сана-сезімнің өшіп бара жатқанының белгісі. Ұлттық мәдениеттің тарихына енжар қарау міндетті түрде орны толмас қайғыға апарып соқтырады». Қазақ халқының дәстүрі – ортаймас қазына, адами құндылықтардың шетсіз-шексіз мұхиты. Баланы ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеу арқылы ғана өз ұлтын сүйетін ұрпақ тәрбиелеп шығаруға болады. Дәстүр келешек ұрпақтың бойына адамгершілік, төзімділік, өз ұлты үшін мақтаныш сезімі сияқты қасиеттерді сіңіруде шешуші рөл атқарады.

Дәстүрдегі барлық амал-әрекеттердің тәрбиелік маңызы айрықша емес пе? Келешек жас ұрпағымыздың бойына дәстүрлі мәдениетімізді сіңіре отырып, тәрбие қалыптастырсақ адам бойындағы адамдық, кісілік құндылықтарды да дарыта аламыз. Философиядағы негізгі мәселелердің бірі адам үшін ең қажетті, ең маңызды құндылық адамгершілік құндылықтары емес пе еді? Осы жерде В.Г. Белинскийдің айтқан «Адамгершілік адам үшін бірінші орында болуы шарт, өйткені кез келген ғылым адамды белгілі бір маман болуға үйретсе, ал адамгершілік

ілімдері сені адам болуға бастайды» – деп ой тұжырымдайды [9, 38 б.]. Қазақтың салты, дәстүрі ұлт үшін өнеге, тәлімдік, тәрбиелік маңызы зор рухани құндылық болып табылған. Бізді мынандай сауал ойландырады: қандай дәстүрлер арқылы қазақ елі болашаққа бара алады? Адамшылдыққа бастайтын дәстүрлер қазақ елінің болашағына сүрлеу жол сала алады. Дәстүр ұлт дамуының негізгі көзі, ұлттың өмірден көрген-түйгенінен, дүниетанымынан туған нәрсе. Бір немесе екі адамның арасындағы қарым-қатынастан емес, жалпы ұлт болып қалыптастырған құндылық. Халықтың, ұлттық дүниетанымның тарихи арналарының бірі – оның дәстүрі [10, 7 б.]. Қазақ дүниетанымында ұлт болып қалыптасуда үлкен моральдік талаптар қойған. Олардың ең бастылары, яғни жеті атасын, өзінің шыққан тегін білу, үлкенді құрметтеу, адамгершілік құндылықтарды жоғалтпау, өзінің ар-намысын, ұятын жоғары қою т.б. құндылықтарымыз. Қай халықтың болмасын өзінің тарихы, мәдениеті, дәстүрі бар. Адамзат өмірінде ерекше орын алатын дәстүрлеріміздің философиялық астарына үңілсек, мысалы «Жеті атасын білу» дәстүрі. Өзінің жеті атасын білу көрегендік пен білімділігін, ата көргендігін танытады. Білмесе «жеті атасын білмейтін жетесіз» – деп сөккен. Жеті атаны үйрету әр атаның басты борышы болып саналған. Мысалы, өзі, әкесі, атасы, бабасы және оның арғы ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз [11, 12, 20 б. 40 б.]. Өз ұрпағына, оның санасына жеті атасын сіңіріп өсіру – қазақ дүниетанымында атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Мұның қандық, туыстық жағынан алғанда халқымыз үшін үлгі боларлық мәні болған, оны берік ұстану ұлт үшін маңызы зор болып табылған. Жеті ата ұғымында туыстар арасындағы үзілмес бірлік, бұзылмас тектілік тәрбие – ұлт үшін тәлімі жоғары дәстүрлеріміздің бірі. Бірақ қазіргі әдебиеттерімізде жеті ата ұғымына қатысты түрлі нұсқалар көрсетіліп жатады. Бірақ жеті ата ұғымына біздің ертедегі ата-бабаларымыздың, аузы дуалы билердің сөзімен жүгінсек, жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабалар шежіресінен бастап таратылады. 1. Өзін. 2. Әкең. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. Жеті атаның осылай таратылатынын ерте замандағы біздің би-шешендеріміз айтып кеткен. Ата-бабаларымыз жеті атаға дейінгі қандық туыстық қатынастарды бұзбаған. Бұл дәстүр – текті, дені сау, таза ұрпақ өсіру кепілі. Жеті ата дәстүрінің астарында философиялық

тұрғыдан қарастырсақ, бірлік, тектілік, тәрбие, бауырластық, сабақтастық секілді құндылықтар бар. Текті ұрпақ тәрбиелеу қазақ халқы үшін, ұлт үшін маңызды мәселе болып табылады. Жеті ата дәстүрі – ұрпақтар арасындағы өткені мен бүгінін байланыстаратын, сабақтастық орнататын дәстүр. Адамзат өмірінде ерекше орын алатын дәстүрлеріміздің бірі – сәлемдесу. «Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты» (Ел аузынан). Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» дегендей жөн білетін үлкен кісілердің өзі барып сәлемдесетін жолы бар [11, 13, 42 б. 309 б.].

Қазақта үлкен адамдарды сыйлау, үлкеннің қолынан ас жеу, үлкеннің батасын алу, үлкеннің жолын кесіп өтпеу, жасы кішілердің үлкен кісілерге дауыс көтермеу, үлкен кісінің сөзін бөлмеу, үлкенге сәлем беру секілді адамшылдыққа бастайтын дәстүрлеріміз бар. Осыған байланысты қазақта «Көптің алдын кеспе, көмусіз қаласың, үлкеннің жолын кеспе, көрінбей қаласың» деген даналық сөзіміз бар.

Мұндай дәстүрлеріміздің астарында ұрпақ үшін адамшылдыққа бастайтын мынандай ой жатыр: адамдардың бір-біріне деген сый құрметінің белгісі, бір-бірін рухани қолдауы, бір-біріне деген ыстық ықыласы, құрметі, сыйластығы, адамгершілігі. Үлкенді сыйламау қазақ дүниетанымында көргенсіздік, тәрбиесіздік, адамшылдықтың жоқтығын көрсетеді. Қазақ дүниетанымында мен тек өз тағдырымның алдында ғана жауаптымын демей, барлық адамзат тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырған. Үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болу қазақ дүниетанымындағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Олардың барлығы қазақтың қанына қалай сіңірілді, әрине дәстүрі және ұлттық құндылықтар арқылы қалыптасты. Өмірдің өткінші екендігін, бүгін кешкен күннің ертең қайтып келмейтіндігін ұмытпау, қамшының сабындай қысқа ғұмырда тек жақсы сыйластықпен өмір сүру ата-бабамыздың қанына сіңген жақсы қасиеттердің бірі болған. Осындай адамшылдыққа бастайтын құндылықтары атадан балаға дәстүр ретінде жалғасып отыр. Гректің ұлы ойшылы Гераклит айтқандай, «Бір түскен өзенге екінші рет түсе алмайсың». Мұның астарында уақыттың өткінші екендігін, бүгінгі кешкен күннің ертең қайтып

оралмайтындығын ескертеді. Ал онда адамзат не себепті өмірдің өткінші, уақыттың алдамшы, өтпелі екендігін біле тұра орынсыз әрекеттерге аяқ басады? Адамның адам деген атына кір келтіруі, кейбір адамдардың өзінің адамдық болмысын жоғалтып, хайуандық әрекеттерге аяқ басуы оның шыққан ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты. Мұндай жағдайлар қазақ дәстүріне мүлдем жат, оқыс жағдайлар болып табылмақ. Тіпті қазақ дүниетанымында танымайтын адамдарды қонақ қылып, барлық жиған-терген дәмдісін үйіне келген қонаққа ұсынған. Оның себебі қазақ халқының қанына сіңген дәстүрі – қонақжайлық.

Қонақжайлық – адамның келген қонаққа ілтипатпен, ізетпен қарауы. Халқымыз келген қонақты құрметтеп қарсы алып, мал сойып, ас береді. Бұл – қонаққысы деп аталады. Ол жомарттықтың, сыйластық пен құрметтің үлкен белгісі. Халқымыздың қонақжайлығы, жомарттығы, мәрттігі соншалықты, тіпті семіз малын, малдың қадірлі мүшелерін, дәмді – тәтті тағамдарын өзі жемей, келетін қонақтарға сақтап қойған. Жалпы сойылған малдың мүшелері қазақ халқында шақырылған қонақтардың жас мөлшеріне, туыстық жақындығына, абырой-мәртебесіне қарай сыбағалы табақтарға тартылған. Сонымен қатар, келген қонақтардың өнерін сынайтын, ортаға салуды сұрайтын салт – қонақкәде деп аталады. Егер ол күйші, жыршы, әнші болса, ауыл адамдары 2-3 күн қонақ етіп, өнерін тамашалаған. Қазақ халқы балаларын барған жерде қонақ кәдеге өнерін көрсете алмай, ұятқа қалмау үшін жастайынан өнерге баулыған. Әр ұлт өз мәдениетіне сай әртүрлі әдет-ғұрыппен сипатталады [14, 15 127, 131, 117 бб.]. Сондықтан да қонақты сыйлау, құрметтеу, қонаққа деген ілтипат көрсету бала кезден қалыптасады. Үй иесі шақырылған қонақты жылы жүзбен қарсы алады, хал-жағдайын сұрап төрге отырғызады. Дайындаған тағамдарын беріп, ренжітпей қайтаруға тырысады. Осының барлығы шақырылған қонақты сыйлау, оған көрсетілетін құрмет болып саналады. Егер шақырылған қонақтардың ішінде келе алмағаны болса, үй иесі сарқыт салып беріп, оған өз тарапынан сәлем айтады. Жоғарыда аталған құрмет тек қана шақырылған қонаққа көрсетілетін сый-сияпат емес, ол кез келген уақытта келген қонаққа көрсетіледі. Егер келген қонақ асығыс болса, онда үй иесі ауыз тию жоралғысын жасайды. Қонақты күту, сыйлау көбінесе үй иесіне қатысты болады. Сондықтан қазақ дүниетанымында қонақты сыйлау, күту

мәселесін терең меңгерген және оны бала тәрбиесінде қатаң ұстанады. Үйде ата-анасы болмаған жағдайда баласы келген қонақты үйге кіргізіп, шай береді. Қазақтар арасында келген қонақты үйге кіргізбей сырттан қайтару ұят болып есептелініп, ата-анасына сын болған. «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген халық даналығында отбасында алған тәрбиенің кез келген уақытта көрініс табатындығын меңзейді. Сондай-ақ, үй иесі қонақ келген кезде бала тәрбиесіне көп көңіл бөледі, қонақ отырғанда баласына ұрыспайды немесе дауысын көтеріп сөйлемейді. «Қонағын сүймеген, баласын ұрады, не үйін сыпырады» деген мақал осыған қатысты айтылған. Бұл қонақжайлық дәстүрі қазақтың кеңпейілділігін, жомарттығын, ақжарқындығын, мәрттігінің, парасаттылығының көрінісі болып табылады. Ата-бабаларымыздан келе жатқан тағы да бір керемет дүниетаным бойынша үйге келген қонақ сол үйдің босағасындағы жаманшылықты жояды деген түсінік бар. Кімнің үйіне қонақ көп келсе, сол үйде жақсылық көп болады – дейді. Әрбір келген қонақ өзімен бірге сол үйге ырыс әкеледі деген түсінік бар. Бұлда қазақ дәстүрінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Міне, қазақтың қонақжайлық дәстүрі ата-бабаларымыздың бір-бірімен сыйласуын, өзгені өзіндей сезінуін, барлық қазақтың бір-бірін жақын көргенін, жомарттығын көрсететін дәстүрлерінің бірі болып табылады.

Айта берсек, қазақтың дәстүрлері өте көп. Бірақ, қазіргі заман талабына сай ескірген дәстүрлер де болуы мүмкін. Ондай дәстүрлер заман жаңарған сайын, уақыт көшіне ілесе алмай, ұмыт бола бастайды. Ал қазіргі жастарымыз жаңаша ойлауға, жаңашылдыққа ұмтыламыз деп дәстүрге ескілік ретінде қарап, заманның қанша сынына түссе де, ұлт дамуының дінгегі болып отырған дәстүрлерімізді аяқ асты етпеуі шарт.

Біздің айтқымыз келетіні, дәстүр адамның бойына көптеген тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар: ізгілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлық, адамшылық, кісілік.

Осының ішінде философиялық мәні ерекше болып табылатын *кісілік, адамшылық* ұғымдарын талдайық. Адам бойындағы ең ізгі және адамды адам етіп тұратын қасиеттердің бірі – кісілік, адамшылық. Кісілік, адамшылық ұғымы – жалпы адамға қатысты айтылған ұғымдар қазақ халқының және ғұлама ойшылымыз Абай Құнанбаевтың дүниетанымында ерекше орын алған.

Атымды адам қойған,  
Қайтіп надан болайын [17, 32 б.].

Міне, Абайдың шығармашылығындағы кісілік, адамшылдық мәселесінің алатын орнын осы ойдан-ақ байқауға болады: әрбір адам өзінің атына, адам деген болмысына сай әрекет ету қажет. Өмірде адам баласы адамдық әрекеттермен қатар хайуандық әрекеттерге де баруы мүмкін. Ал адамның хайуаннан айырмашылығы оның ақыл-ойы, санасы емес пе? Ендеше, адам осынау өткінші өмірде өз бойына адамға ғана тән, адам үшін маңызды құндылықтарды ғана жинай білуі шарт. Ал бойында кісілік, адамшылық қасиеттер болмаса, оның от оттап, су сулаған хайуанан несі артық? Сенің барлық адамдығыңның өлшемі осы кісілік, адамшылық арқылы танылмай ма? Қарапайым адамдардың бәрі өздерінің адам екенін сезініп, адамшылық абыройын шын мәнісінде құрметтей білген кезде ғана оның болашақ өмірі бүгінге айналады. Бұл құндылықтарды өз бойыңнан жоғалтып алсаң, адам ретінде «өлгенмен бірдейсің», қазақ дүниетанымында тірі жүріп арамдықпен бал жалағанша, адамшылдықтың уын ішіп өлгенің артық демей ме? Осыдан-ақ қазақ халқы үшін «адамшылық» – адам өмірінде ең негізгі және ең маңызды орын алғандығын аңғаруымызға болады. Жүсіп Баласағұн еңбегіндегі негізгі мәселе ол кісілік, адамшылдық құндылықтарына арналған. Кісілік – адамның адамшылдық өлшемі. Кісілігі, адамшылдығы бар адамға ең бірінші керегі ар-ұятты. Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы. Ал ұялып-қызара білу адам бойындағы адамгершілік қасиетті білдіреді. Ұялу жақсы сезім, ең жақсысы – адамның өзінен-өзі ұялуы. Егер де адам өзінен-өзі ұялса жаман қарекетке бармайды, өтірік, өсек, мақтаншақтыққа салынып, адамшылдығын аяқасты етпейді. Өмір өткінші, оның бәрі қалатын нәрселер, шындығына тоқталсақ, адамның адамшылығы – артына қалдырған асыл мұрасы. Өмірінің мәнділігі, оның жасаған және тындырған ісімен байланысты. Дүниеде жасаған ісінді өзіңмен бірге ала кетесің демейді, істеген жақсы ісін – артыңа қалдырған ісін. Адамшылық кісілік, шын мәнісінде азамат болу – қарақан бастың қамы емес екені бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын адам болу. Адамшылық, кісілік қасиеттің қалыптасуына білімнің орны айрықша.

Әрбір дүниеде дұрыс жолға бастайтын, жөн сілтейтін, өлмес құндылықтардың аясы – білім. Білімнің керек емес және кеспейтұғын жері жоқ.

Өмірдің парасат биігіне апаратын адастырмас сатыларының бірі – ғылым-білім. Білімді үйрену үшін де адамда құмарлық, ғылым-білімге деген махаббат болуы қажет. Білімді адам – көңілі ояу, жүрегі айна. Білімді болу үшін көкірегі ояу, көзі ашық болу қажет. Білімсіздің көкірегі байлаулы, жүрегі толы ол ешнәрсені ұқпайды, оның ақылында байлау, ойында тұрлау жоқ. Ал ғылым-білімді үйрену үшін адамда адамшылдық, кісілік қасиет болу шарт. Ар-ұят жазасы барлық жазадан да ауыр. Ар-ұят – адамның адамшылдығы. Ар-ұят – сенің басқаның алдындағы адамдық өлшемің. Кісілік, адамшылық – адам бойындағы жақсы қадір-қасиеттердің, өзгеге өнеге болар болмыстың айқындауышы. Кісілік – бұл адамның адамдық болмысына сай өмір сүріп, адамның ақыл-ой санасына сай әрекет етіп, өзінің адамдық қасиетін жоғалтпау. Кісілік, адамшылық – өресі биік, қастерлі қасиет. Кісілік, адамшылдық – ар-ұятты ардақ тұтқан адамға ғана тән қасиет. Кісіліктің бастауы – адамдық пен адалдық. Адамның өз болмысына сай әрекеттерден бас тартып, адамдық қасиетінің жоғалуы менмендік, қулық-сұмдық, пысықтық, жеңіл мінездің жетегіне жегілу де – кісілікке, адамшылдыққа кереғар қарекет. Адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, адалдық, бәрі-бәрі – кісілік, адамшылық қасиеттің белгісі.

Адам өмірінде шаттыққа толы күндер мен тұман басқан небір қиын сәттер алма-кезек ауысып келіп отырады. Бірақ кез келген жағдайда біз өзіндік табиғи болмысымызды жоғалтып алмауымыз керек. Әрбір жан шыр етіп дүниеге келгенде күнәдан пәк періште іспеттес болмаушы ма еді? Ендеше осы өмірдегі адамдардың да әрбірінің бойында түймедей болса да жағымды қасиет бар екені ақиқат. Біз осы қасиетті жоғалтпай және соны өзгелердің де бойынан көре алар болсақ, бұл – біздің асылдығымыз. Егер қандай да бір нәрсе, ол адам ба, басқа ма, маңызды емес, табиғи болмысынан айырылар болса, бұл – оның өз құндылығын жоғалтқандығы. Осы тұста бір нәрсені ескерте кету керек. «Табиғилық» деп тек жақсы қасиеттерді ғана тануды айтады. Пайдасынан зияны көп мақұлықтың табиғилығынан не пайда? Сондықтан кез келгеніміз өз бойымыздағы жаман қасиеттерден арылуға тырысып, таза болмысымызды қалыптастыруға міндеттіміз. Табиғилығын сақтап қала алмаған кей адамдарға мысал да келтіруге болады. Олар – белгілі бір себептермен ашкөз, озбыр, дүниеқоңыз боп танылып, бүкіл жақын жандарынан айырылған жандар. Ондайлар кісілік, адамшылық қасиеттерін

де жоғалтқан. Адамның бойында «Кісілігінен айырылған адамдарды қалайша түзетуге болады» – деген сұрақ туындайтыны анық. Оның да жауабы табылды. Тым алысқа бармай-ақ, өзіміздің ғұламалардың даналықтарын негізге ала отырып талдасақ та, сан түрлі жұмбақтың шешімін оңай табатынымыз ақиқат. Хакім Абайдың айтуы бойынша, қоғамды өзгерту үшін жаңа ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу керек. Кез келген ұлт өз ұлтының бойына дарыған құндылықтарды білуі шарт деп қарастырады. Ал оларды тәрбиелейтін адам табылса, солар Жаратушының сүйікті құлдарына айналады. «Егер балаң адам болсын десең, оны оқыт, сонда оған да, халқыңа да қызмет қылған боласың» – дейді дана. Кісілік, адамшылық – адамның рухани арқауы. Ол – адамның тұлғалық жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. Осындай құндылықтарымыздың қалыптасуына септігін тигізетін ол – біздің дәстүріміз. Жаһандану кеңістігінде ұлтаралық, халықаралық және мемлекетаралық өзара әсер ету процесі жүріп жатқан кезеңде қазақ мәдениетінің жағдайы не болмақ деген көкейтесті мәселе барлығымызды толғандырып жүргені – бұл шындық дүние [19, 198 б.]. Бірақ қазіргі жаһандану заманында дәстүріміз сөніп бара жатқан секілді. Ақпараттық құралдардың қарқынды дамуы, интернет технологиясы, батыстық мәдениетке еліктеу қазіргі қоғамда белең алып тұр. Осындай жаһандану кезеңінде біз ұлттық құндылықтарымызды, дәстүрімізді, тілімізді, мәдениетімізді қалай сақтап қала аламыз? Біздің қоғамымызға жаһандану қажет, жаңару керек, бірақ біз батыстан нені алуымыз керек, нені алмауымыз керек, соны білу шарт. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Қазақ жастары ХХІ ғасырдағы озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгеру арқылы біз бәсекеге қабілетті және іргесі мықты ел бола аламыз. Ал батыстық дүниетанымнан туған мәдениет бізге керек емес. Соның нәтижесінде, қазіргі қоғамымызда адам өз болмысынан жат әрекеттерге аяқ басуда. Өйткені біздің жастарымыздың санасы уланып жатыр, біз оған жол бермеуіміз қажет. Жастарымыз жеңіл түсінікпен, уланған санамен кете берсе біздің болашағымыз не болмақ? Оның бір амалы ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалуымыз қажет. Ол – біздің дәстүріміз, ол – біздің тіліміз, ол – біздің тарихымыз, ол – біздің дініміз. Осы құндылықтарды сақтап, жастарымыздың бойына дарытсақ, рухы биік халық ретінде болашаққа жол тартамыз. Бұл

төрт құндылық – ұлтты ұлт етіп отырған ұлттың діңгегі. Ал діңгегімізді сындырып болашаққа жол тартамыз десек, онда біздің қателескеніміз. Сондықтан дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды, дәріптеу – барлығымыздың борышымыз. Біздің ұлтымыздың бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыздың ұрпақ өміріндегі орны айрықша. Адамның адам ретінде қалыптасуына өзара септігін тигізетін рухани байлық жатыр. Ұлттық санамыздың кемелденуі де осы ұлттық құндылықтарымызға байланысты. Оны сақтай білу әрбір саналы қазақ азаматының парызы болып табылады. Кезінде Көк Бөрінің ұлығы бүкіл даланы қалай оятса, бүгінде Қазақ Елінің «Мәңгілік Ел» идеясы – болашақ ұрпақты солай оятуға шақыратын идея. Мәңгілік Ел болудың сыры – еліміздің әр отбасының береке-бірлікте өмір сүруі, тарихы мен болашағын ұштастыра білетін, білікті де білімді ұрпақ тәрбиелеу, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау, ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді дәріптеу. Сонда ғана біз ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманына қол жеткізе аламыз. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты уақыттың сынынан сүрінбей өткен дәстүрлерімізбен, ұлттың-рухани тамырынан нәр алатын ұлттық құндылықтарымызбен тәрбиелемесек, онда жастарымыздың болашағы жарқын бола алмайды.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, дәстүрді философиялық ұғым ретінде қарастырудың себебі – дәстүр ұғымының – адам өмірімен, дүниеге деген көзқарасымен, дүниетанымымен, адами болмысымен байланысты құндылық екендігі. Дәстүрдегі барлық құндылықтар адам өміріне қатысты туындаған. Философиядағы ең негізгі мәселе – адам және оның әлемдегі орны емес пе? Міне, дәстүр мен философия ұғымдарын жақындастыратын ортақ нәрсе – адам мәселесі. Ұлтта мәдени құндылықтардың қалыптасуын дәстүрмен байланыстырады. Философиялық тұрғыдан алсақ, дәстүрдің адам өміріндегі тәрбиелік қызметі айрықша. Дәстүр – қоғамда ұрпақтардың арасын, олардың бүгінгі мен келешегін байланыстыратын сабақтастық құралы. Дәстүр халықтың өмірлік бағдары, рухани болмысы, дүниетанымы, ұлттық ойлау сипаты болып табылады. Халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келген игі дәстүрлеріне ізгі ниетпен қарау, оның пайдалы тәрбиелік жақтарын күнделікті өмірде қолдану, ұлт дамуының

дiңгегiне айналған дәстүрлердi дәрiптеу – әрбiр саналы азаматтың парызы. Қазiргi қоғамның мақсаты дәстүрмен жаңашылдық мәселелерiнiң маңыздылығын түсiне бiлу. Дәстүрге ескiлiк деп қарап, жаңашылдық деп ұлттық келбетiмiздi жоғалтып алмауымыз қажет. Керiсiнше, ұлттық жаңару дегенде ұлттың дiңгегi болып тұрған құндылықтарымызды негiзге ала отырып, жаңашылдыққа бет бұрамыз. Ал ұлттық құндылықтарымызды ұмытып, жаңашылдыққа бетбұру дегенiмiз – бос әурешiлдiк. Онда бiз керiсiнше, ұлттық болмысымыздан айрылып қалмақпыз. Қазақ дәстүрi – қай уақытта болмасын мәнiн жоймайтын, артқы ұрпағының жанына мәңгi рухани азық болатын өлмес

құндылық. Бүгiнгi күнге аяқ басуымыз – рухани құндылықтардың арқасы. Сондықтан әрбiр адам өзiнiң ұлтының бойына сiңген ұлттық дәстүрiн тереңнен толғап, оның негiзiнде жатқан басты мәселелердiң мәнiн аша бiлуi шарт. Ана сүтi жас баланың буыны бекiп, бұғанасы қатаюға қандай зор әсер ететiн болса, қазақ дәстүрi де әрбiр қазақ баласының азаматтық рухының көтерiлуiне сондай әсерiн тигiзетiн құндылық. Тамыры тереңде жатқан әр ұлттың өзiнiң рухани ұлттық коды болады. Бiз қандай кезеңде өмiр сүрiп жатсақ та, елiмiздiң ұлттық кодын сақтай бiлуiмiз шарт. Дәстүрдiң философиялық маңыздылығы адами болмысымызды сақтауға, ұлттық санамыздың кемелденуiне жол ашады.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақ халқының салт дәстүрлері. – Алматы, 2010. – 135 б.
- 2 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 28 с.
- 3 Вебер М. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – 544 с.
- 4 Әбішев Қ. Философия. – Алматы, 2001. – 10 б.
- 5 Зайырлы қоғам: «дiн мен дәстүрдiң өзара байланысы». – Орал, 2014. – 122 б.
- 6 Кенжеахметұлы С. Жетi қазына. 1 кiтап. – Алматы: Ана тiлi, 2005. – 3 б.
- 7 Кенжеахметұлы С. Жетi қазына. 2 кiтап. – Алматы: Ана тiлi, 2005.
- 8 Кенжеахметұлы С. Жетi қазына. 3 кiтап. – Алматы: Ана тiлi, 2005.
- 9 Traditions, customs and social life. – Alma-Ata, 1974. – 38 p.
- 10 Есiм F. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университетi, 2006. – 7 б.
- 11 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлерi мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тiлi, 1994. – 20, 42 б.
- 12 Kazakh traditions and customs. – Almaty, 2010. – 42 p.
- 13 Encyclopedic dictionary of traditional Kazakh culture. – Almaty, 1997. – 309 p.
- 14 Ұлттық тәрбие. – Алматы, 2011. – 127, 131б.
- 15 Kazakhstan. – National Encyclopedia. – Almaty, 2007. – 117 p.
- 16 Philosophy. – Oxford: New, 2015.
- 17 Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 1991. – 32 б.
- 18 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетiнiң типологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетi, 1998.
- 19 KazNU Bulletin. Philosophy series. Culturology series. Political science series. –№1(38).2012-198 p.
- 20 Есiм F. Бостандықтың бағасы. – Алматы: Қазақстан, 2003.
- 21 Қазақ газетi. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- 22 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
- 23 Шәрiп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Бiлiм, 2000.
- 24 <https://k.m.wikipedia.org/wiki>
- 25 Bertrand Russell. The problems of philosophy. – New York: Oxford, 1997.

### References

- 1 Kazakh traditions and customs.-Almaty , 2010.- 135p.
- 2 Gerder I.G. Ideas to the philosophy of the history of mankind. – М.: Science,1977.
- 3 Veber M. Selected works. – М.: Progress, 1990. – 544 p.
- 4 Abishov K. Philosophy.-Almaty, 2001.-10 p.
- 5 Secular society: «communication among tradition and religion».-Oral, 2014.-122 p.
- 6 Kenzheakhmetuly S. ZhetiKazyna. 1 book.-Almaty: Ana tili, 2005.-3 p.
- 7 Kenzheakhmetuly S.Zhetikazyna. 2 book.-Almaty: Ana tili, 2005.
- 8 Kenzheakhmetuly S. Zhetikazyna.3 book.-Almaty: Ana tili, 2005.
- 9 Traditions, customs and social life.-Alma-Ata, 1974.-38p.
- 10 Esim G. The history of Kazakh philosophy.-Almaty: Kazakh University, 2006-7 p
- 11 Kenzheakhmetuly S. Kazakh traditions and customs.-Almaty: Ana tili, 1994.-20,42 p.
- 12 Kazakh traditions and customs.-Almaty, 2010.-42 p.



- 13 Encyclopedic dictionary of traditional Kazakh culture. –Almaty, 1997.-309 p.
- 14 National upbringing.-Almaty, 2011.-127,131 p.
- 15 Kazakhstan-National Encyclopedia.-Almaty,2007.-117 p.
- 16 Philosophy.- Oxford: New, 2015.
- 17 Kunanbayev A. Collected Works.-Almaty: Atamura, 1991.-32 p
- 18 Gabitov T.KH. Tipology of Kazakh culture: Textbook.-Almaty: Kazakh University, 1998.
- 19 KazNU Bulletin. Philosophy series.Culturology series.Political science series. №1(38).2012-198 p.
- 20 Esim G. The price of freedom.-Almaty: Kazakhstan,2003.
- 21 Kazakh gazette.-Almaty. Kazakh Encyclopedia, 1998.
- 22 Nazarbayeva N.A. The wave of the history.-Almaty: Atamura, 1999.
- 23 Sharip A. Kazakh poetry and national idea.-Almaty: Bilim, 2000.
- 24 <https://k.m.wikipedia.org/wiki>
- 25 Bertrand Russell. The problems of philosophy.-New York:Oxford,1997.

**Хасанов М.Ш.<sup>1\*</sup>, Петрова В.Ф.<sup>1</sup>, Сырғакбаева А.С.<sup>1</sup>, Сундетбаев Д.М.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: Hasanov.marat.41@mail.ru

## **РОЛЬ ОПЕРЕЖАЮЩЕГО РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ В СОЦИОКУЛЬТУРНОМ СТАНОВЛЕНИИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА**

Цель, основные направления и идеи научного исследования состоят в том, чтобы показать роль опережающего развития общественного сознания в социокультурных изменениях современного общества. Научная значимость работы заключается в том, она позволит разработать бытийные основы модернизации общественного сознания. Научное осмысление явлений и событий, происходящих в мире и в стране позволит людям на практике адаптироваться к изменениям в способах человеческого общения. Решение этих вопросов должно внести большой вклад в развитие отечественной социальной философии. Практическое значение итогов работы выражается в возможности разработать новый спецкурс «Модернизация общественного сознания казахстанского общества».

**Ключевые слова:** социальность, культура, модернизация, общество, сознание.

Hasanov M.Sh.<sup>1\*</sup>, Petrova V.F.<sup>1</sup>, Syrgakbaeva A.S.<sup>1</sup>, Sundetbaev D.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

\*e-mail: Hasanov.marat.41@mail.ru

### **The role of the rapid development of social consciousness in socio-cultural changes in modern society**

The purpose, main trends and ideas of the research are to show the rapid development of social consciousness plays an important role in socio-cultural changes in modern society. The scientific significance of the work are that it will develop existential bases of modernization of the public consciousness. Scientific understanding of the phenomena occurring in the world and in the country events will allow people in practice to adapt to changes at work, home, leisure, housing, ways of human communication. The solution to these issues should contribute to the development of national social philosophy. Practical meaning of results of work is expressed in the possibility to develop a new discipline «Modernization of Kazakhstan's identity».

**Key words:** sociality, culture, modernization, society, identity.

Хасанов М.Ш.<sup>1\*</sup>, Петрова В.Ф.<sup>1</sup>, Сырғакбаева А.С.<sup>1</sup>, Сундетбаев Д.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилов атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.,

\*e-mail: Hasanov.marat.41@mail.ru

### **Қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени қалыптасуындағы қоғамдық сананың озық дамуының ролі**

Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары және идеялары қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени қалыптасуындағы сананың озық дамуының ролін көрсету. Ғылыми зерттеудің маңыздылығы – қоғамдағы сана модернизациясының болмыстық негіздерін қалыптастыру. Сонымен қатар, дүниежүзінде және мемлекетімізде болып жатқан құбылыстарды ғылыми талдау

адамдар арасындағы қарым-қатынаста орын алған өзгерістерге тез бейімделуді үйретеді. Осы мәселелердің шешімі отандық әлеуметтік- философияның дамуына үлкен үлесін қосады. Зерттеу нәтижелерінің негізінде «Қазақстандағы қоғамдық сананың модернизациясы» атты арнайы курсын жүргізуге болады.

**Түйін сөздер:** әлеумет, мәдениет, модернизация, қоғам, сана.

## Введение

Выбор темы исследования обоснован тем, что модернизация общественного сознания переходных обществ типа Казахстана была обусловлена трансформацией тоталитаризма в демократию, плановой экономики в рыночную. Эти процессы политической реформы и модернизации экономики должны были получить обновление с началом Третьей модернизации Казахстана. По словам Президента РК Казахстана Н.А. Назарбаева, недостаточно просто войти в тридцатку развитых стран мира, необходимо также сопроводить эти масштабные преобразования опережающей модернизацией общественного сознания. Потому нужно сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой нацией сильных и ответственных людей (Назарбаев Н.А., 2017). Из этого следует, что исследования социокультурных изменений общества как материального базиса модернизации общественного сознания являются на сегодня одной из самых актуальных проблем социальной философии.

Актуальность темы исследования обусловлена тем, что за годы развития Казахстана в условиях независимости и суверенитета произошли кардинальные изменения социальных, экономических, политических и культурных институтов общества. Правда, на их эволюцию существенное влияние оказали такие нарастающие негативные явления, как терроризм, насилие, безграмотность, болезни, разрушение окружающей среды и международные конфликты. Естественно, что эти деструктивные явления не должны были укореняться в казахстанском обществе, более того они должны были получать достойный отпор и решительное противодействие.

## Материал и методы

Вопросы особенностей методологии исследования общества переходного периода стали актуальны после распада СССР, когда бывшие советские республики взяли курс на трансформацию тоталитаризма в демократию, плановой экономики в рыночную. Это было продвижени-

ем данных республик в сторону построения современного (постсовременного) общества.

Глубокое изучение формирования современного общества в социокультурном плане предполагает использование комплекса классических, неклассических и постнеклассических методов, принципов научного исследования.

Из классических, наиболее распространенным является стадияльно-формационный метод исследования.

Стадияльный подход Даниэла Белла и его концепцию постиндустриального общества можно назвать творческим развитием «теории стадий экономического роста» У. Ростоу. В свое время английский ученый выделил пять «стадий» в развитии общества:

- 1) традиционное общество;
- 2) стадия создания предпосылок для подъема;
- 3) стадия сдвига;
- 4) стадия роста;
- 5) период высокого уровня массового потребления.

По его мнению, эти стадии характеризуют этапы перехода традиционного общества в индустриальное на основе развития орудий труда (Rostow W.W., 1971).

К. Маркс выделил восходящие этапы развития от личной зависимости через личную независимость при вещной зависимости к свободной индивидуальности универсально развитого человека и соответственно определил пять общественно-экономических формаций всемирно-исторического процесса: 1) племенная, 2) античная, 3) феодальная, 4) буржуазная, 5) будущая коммунистическая форма всеобщей собственности (Маркс К., Энгельс Ф., 1978).

Формационный подход К. Маркса позволяет взглянуть на структуру общества как на систему, и на его этапы, которые, с одной стороны, будут для любого народа обязательными, а с другой стороны – каждое общество на каждом данном этапе будет иметь сходную структуру.

- 4 Рутман В.М. Американский независимый кинематограф: историко-тематический анализ. Автореферат диссертации. – СПб.: СПбГУИКТ, 2012. [Электронный ресурс] (<http://cheloveknauka.com>)
- 5 Дерен М. Определение творческого процесса и работа с пространством и временем // «Сеанс». – №10. – 1995 [Электронный ресурс] (<http://seance.ru>)
- 6 Артюх А. Преображенный кинематограф Майи Дерен // «Сеанс». – №10. – 1995 [Электронный ресурс] (<http://seance.ru>)

- 7 Hoberman J. Wild at Heart. 2006 [Электронный ресурс]. (<http://www.villagevoice.com>)
- 8 Hattenstone S. Kenneth Anger: «No, I am not a Satanist» [Электронный ресурс] // Guardian. – 2010. (<https://www.theguardian.com>)
- 9 Хармони Корин. Интервью с Кеннетом Энгером [Электронный ресурс] – 2014. (<http://cinemaholics.ru>)
- 10 Хренов А. In memoriam: Стэн Брэкидж. Цвета радуги для неискушенного глаза. // «Искусство кино». – №6. – 2003 [Электронный ресурс] (<http://kinoart.ru>)
- 11 Дешин С. Мария Годованная: «Неотъемлемой частью обучения были походы в «библиотеку», то есть в ближайший бар». – 2012, [Электронный ресурс] (<http://os.colta.ru>)
- 12 Роженцов К. Йонас Мекас о своем видении кинематографа. – 2015 [Электронный ресурс] (<http://theoryandpractice.ru>)
- 13 Katz E. The Film Encyclopedia. Harper Perennial, 1994.
- 14 Рябчикова Н. «Джон Кассаветис: независимый классик» // «Киноведческие записки». – №89. – 2009. [Электронный ресурс]
- 15 History of American Cinema. /Charles Harpole, General Editor. Volume 7. The Fifties. Transforming the screen. 1950-1959. by Peter Lev. Charles Scribner's Sons. 2003.
- 16 Артюх А. Старый Голливуд на пороге нового, или время глобальной трансформации // «Art and Cult». – №2. – 2011, [Электронный ресурс] (<http://articult.rsuh.ru>)
- 17 Кудрявцев С. «3500 кинокритик». Том 1. А-М. – 2008.
- 18 Dargis M. Madman, Perhaps; Survivor, Definitely // The New York Times. – April 7, 2010 [Электронный ресурс] (<http://www.nytimes.com>)
- 19 Коростелева Д. Культура молодежного протеста и американский кинематограф. 1960-1970-е годы. [Электронный ресурс] // «Киноведческие записки». – 2002. – №60.

#### References

- 1 King G. American independent cinema. – Bloomington: Indiana University Press, 2005.
- 2 Merritt G. Film production: The Complete Uncensored Guide to Independent Filmmaking by Greg Merritt. – N.Y.: Lone Eagle, 1999.
- 3 Polish M. The Declaration of Independent Filmmaking: an Insider's Guide to Making Movies Outside of Hollywood. – Harcourt, 2005. – 310 s.
- 4 Rutman V.M. Amerikanskij nezavisimyj kinematograf: istoriko-tematicheskij analiz. Avtoreferat dissertacii. – SPb.: SPb-GUIKT, 2012. [Jelektronnyj resurs] (<http://cheloveknauka.com>)
- 5 Deren M. Opredelenie tvorcheskogo processa i rabota s prostranstvom i vremenem // «Seans». – №10. – 1995 [Jelektronnyj resurs] (<http://seance.ru>)
- 6 Artjuh A. Preobrazhennyj kinematograf Maji Deren // «Seans». – №10. – 1995 [Jelektronnyj resurs] (<http://seance.ru>)
- 7 Hoberman J. Wild at Heart. 2006 [Jelektronnyj resurs]. (<http://www.villagevoice.com>)
- 8 Hattenstone S. Kenneth Anger: «No, I am not a Satanist» [Jelektronnyj resurs] // Guardian. – 2010. (<https://www.theguardian.com>)
- 9 Harmoni Korin. Interv'ju s Kennetom Jengerom [Jelektronnyj resurs] – 2014. (<http://cinemaholics.ru>)
- 10 Hrenov A. In memoriam: Stjen Brjekidzh. Cveta radugi dlja neiskushennogo glaza. // «Iskusstvo kino». – №6. – 2003 [Jelektronnyj resurs] (<http://kinoart.ru>)
- 11 Deshin S. Marija Godovannaja: «Neot#emlejoj chast'ju obuchenija byli pohody v «biblioteku», to est' v blizhajshij bar». – 2012, [Jelektronnyj resurs] (<http://os.colta.ru>)
- 12 Rozhencov K. Jonas Mekas o svoem videnii kinematografa. – 2015 [Jelektronnyj resurs] (<http://theoryandpractice.ru>)
- 13 Katz E. The Film Encyclopedia. Harper Perennial, 1994.
- 14 Rjabchikova N. «Dzhon Kassavetis: nezavisimyj klassik» // «Kinovedcheskie zapiski». – №89. – 2009. [Jelektronnyj resurs]
- 15 History of American Cinema. /Charles Harpole, General Editor. Volume 7. The Fifties. Transforming the screen. 1950-1959. by Peter Lev. Charles Scribner's Sons. 2003.
- 16 Artjuh A. Staryj Gollivud na poroge novogo, ili vremja global'noj transformacii // «Art and Cult». – №2. – 2011, [Jelektronnyj resurs] (<http://articult.rsuh.ru>)
- 17 Kudrjavcev S. «3500 kinorecenzij». Tom 1. A-M. – 2008.
- 18 Dargis M. Madman, Perhaps; Survivor, Definitely // The New York Times. – April 7, 2010 [Jelektronnyj resurs] (<http://www.nytimes.com>)
- 19 Korosteleva D. Kul'tura molodezhnogo protesta i amerikanskij kinematograf. 1960-1970-e gody. [Jelektronnyj resurs] // «Kinovedcheskie zapiski». – 2002. – №60.

**Болысбаева А.К.**

докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aiya-8707@mail.ru

**ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ФЕМИНИЗАЦИЯСЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ  
(исламизмнің мысалында)**

Қазіргі таңда діни экстремизм трансформацияланып, эволюцияланып, жаңа формада феминистік экстремизм кейпінде әлемдік қауымдастықта орын алып отыр. Әйел адамның радикализациясының күнделікті өмірден бастап, саяси институттар дәрежесіне дейін ықпал етуіне байланысты бұл бүгінгі күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Сондықтан осы зерттеудің мақсаты экстремизмнің феминизациясы процесін жан-жақты қарастыру болып табылады.

Мақалада экстремизмнің феминизациясы мәселесіне арналған отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды. Заманауи тенденцияларды анықтау мақсатында эксперттердің сұхбаттары сараланды.

Зерттеу барысында экстремизмнің феминизация процесінің шығу себептері, оның қоғамға ықпалы және аталмыш проблеманың алдын алу шараларын қарастырумен қатар, экстремизмге бейім әйелдің әлеуметтанулық портреті құрастырылды.

Жалпы, алынған мағлұматтар болашақта діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет бағдарламаларын даярлау, контрагитациялық дәрістерді, сонымен бірге студенттерге дәрістер жасақтауда қолданылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** исламизм, экстремизмнің феминизациясы, мұсылман әйел, салафизм, исламдық белсенділік.

Bolysbayeva A.K.

PhD student, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aiya-8707@mail.ru

**Feminization of extremism as a social phenomenon  
(on example of Islamism)**

In our days religious extremism is transforming, evolving has appeared before the world community in a new form of feminist extremism. The radicalization of women affects all levels of society from everyday life to political institutions, so this problem is the most topical for today. Therefore, the purpose of this article is to study the feminization of extremism. In the article analyzed the works of Kazakh, Russian and foreign scientists researched the problem of extremism's feminization. In order to research modern situation analyzed of expert interviews. In the course of the study, the reasons for the feminization of extremism, its impact on society, methods of prevention, and a portrait of a woman susceptible to extremism were identified.

In general, the provided research can be used to create programs to counter extremism and terrorism, the preparation of counter-lecture lectures, as well as lectures for students.

**Key words:** Islamism, the feminization of extremism, the Muslim, Islamic activism, Salafism.

Болысбаева А.К.

докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aiya-8707@mail.ru

### **Феминизация экстремизма как социальный феномен (на примере исламизма)**

На сегодняшний день религиозный экстремизм трансформируясь, эволюционируя, предстал перед мировой общественностью в новой форме феминистского экстремизма. Так как радикализация женщины влияет на все уровни жизнедеятельности общества, начиная от повседневного быта заканчивая политическими институтами, данная проблема является самой злободневной на сегодняшнее время. Поэтому целью данного исследования является изучение феминизации экстремизма. В статье проанализированы труды отечественных, российских и зарубежных ученых, посвященные проблеме феминизации экстремизма. В целях определения современных тенденций был проведен анализ экспертных интервью. В ходе исследования выявлены причины феминизации экстремизма, его влияние на общество, методы профилактики, а также сконструирован социологический портрет женщины, подверженный влиянию экстремизма.

В целом, полученные данные могут быть использованы в создании программ по противодействию экстремизму и терроризму, подготовке контрагитационных лекций, а также лекций для студентов.

**Ключевые слова:** исламизм, феминизация экстремизма, мусульманка, исламский активизм, салафизм.

#### **Кіріспе**

Қазіргі күні әлемдік қауымдастықтың күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі діни экстремизм мен терроризм болып табылады. Себебі, зорлық-зомбылықты ақтау үшін діни көзқарастар қолданылатын болса, соңғысына ешқандай тосқауыл болуы мүмкін емес. [Mauger J-F., 2001: 361-376]. Ал жаһандану эрасында барлық діндер радикализация процесіне бейім болып келеді, сол себепті белгілі бір діни дәстүрге террористік зорлық-зомбылық тән деп есептеуге еш негіз жоқ [Rapport D., 1988: 195-213]. Белгілі бір кезеңде террористік әрекеттерге барлық әлемдік және ұлттық діндердің барғандығы тарих беттерінен белгілі. Атап айтатын болсақ, Теология реконструкциясы және Христиандық біртектілік қозғалысының өкілдері АҚШ-тағы жүктілікті тоқтататын клиникалар мен олардың персоналдарына қарсы лаңкестік актілері [Sharpe T., 2000: 604-623], протестантизм мен католицизмге қатысты Солтүстік Ирландиядағы конфликт, иудей дәрігер Барух Гольдштейннің 67 мұсылманды атуы (25 ақпан 1994 ж.), буддистік секта «Аум Синрикениң» Токио метросында зарин улы газын жіберуі осының айқын дәлелі. Дегенмен, қазіргі таңда діни терроризм мен экстремизм ислам дінімен байланыста ғана қаралатыны белгілі. Мәселен, АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің террористік ұйымдардың тізімінде дінді өзінің террористік әрекеттерін легитимдеу үшін қолданатын 17 ұйымның 15-і исламмен

байланысты [State department, 2001]. Осы орайда америкалық эксперттердің біршамасында ислам мен исламизмді өзара тығыз байланыста қарастыру сынды жаңсақ пікірдің бар екендігін де айта кету керек. Осылайша, америкалық эксперт Г. Вуд өзінің «ИШИМ нені қалайды» атты мақаласында «Ислам мемлекетін исламдық, тіпті өте исламдық» деп санайтындығын жазады [Wood G, 2014]. Осыған ұқсас пікірді Ш. Хамдидің «Temptations of Power: Islamists and Illiberal Democracy in a New Middle East» атты мақаласында кездеседі: «ол (ислам – А.Б.) қобалжығандарды ИМ жағына шығуға мәжбүрлейді, ол күрестегі өлімге рухтандырады. Ол өлтіруді ақтайды, ол стратегияны құрастыруға және тіпті соғыс шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді» [Hamid Sh, 2014: 310]. Осылайша, әлемдік қауымдастықта, қоғамдық санада исламофобияның пайда болуы үлкен проблема болып табылады. Осы исламофобияның қалыптастырушы фактор ретінде ислам дінінің атын жамылған исламистік бағыттағы экстремистік топтарды атауға болады.

Қазіргі таңда олар эволюцияланып, трансформацияға ұшырап, жаңа деңгей – радикалды исламизацияға жетті. Ал радикалды исламизация «қоғамдық өмірді исламдық нормалар мен құндылықтар тарапынан өзгертуге бағытталған исламдық әйелдердің қозғалысының» пайда болуын меңзейді [Балтанова Г., 2007: 356]. Өз алдына суицидтік терроризмді, әсіресе оған әйелдердің қатысуын түсіндіру исламизм по-

зиясы – исламистік белсенділік кульминациясын көрсететін саяси тенденцияны түсіну арқылы жүргізіледі [Sedgwick M., 2004].

Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, тек Ислам мемлекетінің құрамында түрлі дереккөздер бойынша, 20 мыңнан бастап 200 мыңға дейінгі мигрант бар, олардың 500-і еуропа елдерінен келген әйелдер болып табылады [Г. Балтанова, 2016: 225]. Қырғызстандық эксперт Ж. Фронтбек-қызының айтуынша, террористік ұйымдардың әрбір төртінші мүшесі әйел адам болып табылады [28]. Ал Қазақстан азаматтарына тоқталар болсақ, 2015 жылдың мәліметтері бойынша, террористік ұйымдардың қатарында шетелдік әскери іс-қимылдарға 150 отандастарымыз қатысуда. Олармен бірге әскери нүктелерде 200-ге жуық әйел мен балалар бар [25]. Жалпы, экстремизмнің феминизациясы үлкен қауіп төндіретіні анық. Бұл феномен қоғам өмірінің барлық салаларына, яғни саяси институттардан бастап, адамдардың күнделікті өміріне дейін ықпал тигізетіні белгілі. Сол себепті діни экстремизмнің феминизациясы мәселесі қазақстандық қоғам үшін де, сонымен бірге әлемдік қауымдастық үшін де маңызды проблемаға айналып отыр.

Осылайша, егер осы күнге дейін «мұсылман әйелінің образы «батыстық» авторлардың шығыстық «Басқаны» суреттеу процесіндегі мақсат пен құрал ретінде» қолданылып [Werner K., 1998: 40], «Исламдағы қорланған әйел туралы көзқарастар ең көп таралған болса, қазірде ислам терроризмінің әлемдік қауіпі ретіндегі стереотип» [Сабинова Г.А., 2004: 212], соның ішінде әйел адамды да потенциалды қауіп ретінде қарастыру кең таралған. Ғылыми дискурста бұл мәселені О. Абдельлатиф, Д. Кук, А. Карам, М. Оттоуэй, Р. Шолк, М. Сегдвик, А. Әбдірасылқызы, Г. Балтанова, Т. Дронзина, Ж. Фронтбекқызы, Ғ. Шойкин және т.б. сынды ғалым-эксперттер зерттеген. Исламистік ұйымдардағы әйелдердің қозғалысының тарихына О. Абдельлатиф пен М. Оттоуэйдің, Т. Дронзинаның еңбектері арналған. Осылардың арасында исламтану ғылымының тарапынан ең алғаш рет әйелдер исламизмінің қарастырылуы Г. Балтанованың «Черные флаги на черном ветру. Женский исламизм в ИГ: сегодня и завтра» атты еңбегі болып табылады [Балтанова Г.Р., 2016]. Барлық ғалымдар осы феноменнің өте қауіпті екендігін, қоғамды, тұтас әлемдік қауымдастықты дестабилизациялауға ықпал ете алатын процесс ретінде бағалайды.

## Негізгі бөлім

Аталмыш феноменнің ХХІ ғасырда ғана толыққанды пайда болып, сонымен бірге діни экстремизмнің эволюцияланып, қоғаммен, діни көзқарастармен бірге трансформациялануына байланысты бұл құбылысты толыққанды зерттеу бүгінгі күннің талабына айналып отыр. Жоғарыда көрсетілген еңбектердің экстремизмнің феминизациясы туралы ғылыми дискурста қосқан үлесін мойындай отырып, біздің зерттеуіміздің жаңалығы ретінде исламистік ұйымдардың арбауындағы әйелдерді дерадикализациялау әдістерін зерттеу ұйғарылды.

Зерттеудің әдістемесін құрастыруды зерттеудің объектісін анықтап алудан басталды. Зерттеудің объектісі діни экстремизмнің феминизация процесі болса, зерттеудің пәні ретінде исламистік экстремизмнің феминизациясы қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты діни экстремизмнің феминизациясы процесін зерттеу болып табылады. Алға қойылған мақсатқа орай төмендегідей міндеттер қойылды:

- діни экстремизмнің феминизациясы процесінің қоғамға тигізетін ықпалын талдау;
- оның шығу себептерін қарастыру;
- діни экстремизмге бейім әйелдің әлеуметтанулық портретін суреттеу;
- осы процестің болашақ перспективаларына болжам жасау;
- экстремизмнің феминизация процесінің алдын алу және онымен күресудің жолдарын қарастыру.

Осылайша, зерттеудің объектісі мен пәні, мақсаты мен міндеттері анықталған соң, зерттеудің гипотезасын анықтауға кірістік. Зерттеудің ауқымды болуына байланысты бірнеше гипотезаны алға тарттық:

1. Экстремизмге мешіт-медреселерде білім алмаған немесе білімін аяқтамаған, яғни діни білімі жоқ неопиттер бейім болып келеді. Көп жағдайда олардың қатарында исламды жаңа қабылдаған конвергенттер де болады.

2. Экстремизмнің феминизациясы қоғамның дамуы үшін қауіп жоғары проблема болып табылады. Ол күнделікті өмірден бастап, саяси институттардың деңгейіне дейінгі қоғам салаларына негативті ықпалын тигізуі мүмкін.

3. Әйелдердің экстремистік ұйымдарға мүше болып, террористік актілерге қатысуы

себептерін екі деңгейде (объективті және субъективті) қарастыру қажет.

Зерттеу әдісі ретінде құжаттарды талдау, эксперттік сұхбаттарды саралау әдістері таңдалды.

Экстремизмнің феминизациясының алдын алу және онымен күресудің тиімді әдістерін анықтау үшін, ең алдымен, осы процестің өзін жан-жақты қарастырған жөн. Сол себепті бұл құбылысты зерттеудің тарихын шолудан бастаған абзал. Жалпы, әйелдерді түрлі террористік актілерге қолдану тәжірибесінің бірнеше жылдық тарихы болғанымен, ол тенденциядан гөрі жекелеген фактілер көлемінде орын алған. Атап айтатын болсақ, алғашқы әйелдердің исламистік топтары ливандық Хизболлах, египеттік Мұсылман-бауырларда, палестиналық джихадтық топтарда, ХАМАС, аль-Каидада пайда болған [Abdellatif O., Ottaway M., 2007: 45]. Дегенмен исламизмнің феминизациясы процесі толыққанды феномен ретінде қалыптасуы ХХІ ғасырға сай келеді. Бұған Ливандағы (1985-1987 жж.), Шри-Ланкадағы (1987-2008 жж.), Түркиядағы (1996-1999 жж.), Шешенстандағы (2000-2004 жж.), Палестинадағы (2002-2006 жж.) әйелдердің террористік актілерге қатысуы дәлел болып табылады [Дронзина Т., 2011].

Экстремизмнің феминизациясының қоғамға тигізетін ықпалын Айнұр Әбдірасылқызы әлемдік және отандық деңгейге бөліп таныстырады. Әлемдік деңгейде бұл феномен радикалды топтардағы әйелдердің санының өсуі, олардың интернет-кеңістіктегі, соның ішінде әлеуметтік желілердегі ақпараттық-насихаттық жұмысқа белсене қатысуы, әйелдердің әскери күш ретінде қолданылуы және соғыс алаңдарында жараланған адамдарға көмек көрсетуге қатысуы, «сексуалды джихадқа» жалған шақыртулар арқылы интимдік қызмет көрсетуші тұлға ретінде әйелдерді пайдалану және олардың радикалды көзқарастағы жаңа ұрпақты тәрбиелеу арқылы көрініс табады.

Ал Қазақстандағы экстремизмнің феминизациясына тән өзіндік ерекшеліктер төмендегідей:

1. Дәстүрлі емес жамағаттың әйел ізбасарлары балаларын дәстүрлі емес көзқарастар аясында тәрбиелеп, олардың құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір деңгейде шектейді. Бұл қыз балаларын қинап хиджаб кигізуінен, балаларының кейбір мектептік пәндерге (биология, сурет, өзін-өзі тану) қатысуына рұқсат бермеуінен, дене шынықтыру, өнер, би үйірмелеріне қатыстырмауынан, зайырлы білім беру жүйесіне сыни көзқарасты қалыптас-

тыруынан, вакцинациядан бас тартуынан көрініс табады.

2. Дәстүрлі емес діни отбасылардың әйелдері төмендегідей іс-әрекеттерге қатысады:

- оқшауланған (салафиттік) жамағат мүшелерінің арасында дәстүрлі емес діни ағым жақтастарының көзқарастарына негізделген өмір салтын дәріптеу;

- зайырлы өмір салтын және зайырлы тәрбиені қабылдамау және оларды діни өмір салтының антиподы ретінде қарастыру;

- жамағат мүшелері арасында дәстүрлі емес көзқарастарды насихаттау;

- өз діни көзқарастарына сай келмейтін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қағидаларын қабылдамау;

- шариғат заңдарына негізделмеген зайырлы мемлекетке қатысты сыни көзқарастарды қалыптастыру.

3. Діни экстремизм үшін сотталған адамдардың әйелдері түрмеде отырған күйеулерінің жамағатпен байланысын дамыту мен жалғастыруда басты рөл атқарады. Бұған дәстүрлі емес діни ағымдағы жамағат өкілдерінің сотталған адамның отбасы мүшелеріне материалдық көмек көрсетуі ықпал етеді.

4. Сонымен бірге Сириядағы соғыс зонасына кеткен адамдардың әйелдері экстремизмнің жаһандық феминизациясы нәтижесінде пайда болған іс-әрекеттерге қатысады [20]. Оңтүстік Қазақстанның Сарыағаш қаласының тумасы Ұлболсын, Ақтөбе облысының тұрғындары Гүлбану Асанова мен Эльмира Сүлейменнің Сирияға аттануы осының айқын дәлелі болып табылады [25].

Көріп отырғанымыздай, экстремизмнің феминизациясы үлкен қауіп төндіретіні анық. Бұл феномен қоғам өмірінің барлық салаларына, яғни саяси институттардан бастап адамдардың күнделікті өміріне дейін ықпал тигізетіні белгілі. Сол себепті осы құбылыстың пайда болу себептерін қарастыру қажет. Жоғарыда айтылғандай, исламизмнің феминизациясы бұл діни экстремизмнің бір көрінісі болып табылады. Сондықтан исламизмнің феминизациясының себептері де діни экстремизмнің себептерімен ұқсас болып келеді.

Ғалымдардың арасында діни экстремизмнің пайда болуының себептері жөнінде плюралистік көзқарастар қалыптасқан. Біз мақалада діни экстремизмнің пайда болуын әлеуметтану ғылымының аясында қарастыруды жөн көрдік. Әлеуметтанулық тәсілдеменің негізі ретінде Р. Мертонның дисфункция теориясы алынды.

Аталмыш ғалымның пікірінше, қоғам әлеуметтік жүйе болып табылатындықтан белгілі бір қызметті, функцияны атқаратын, өзара ықпалдасқан механизмдерден (әлеуметтік институттардан) құралады. Бір құрамдас бөлігінің бұзылуы тұтас жүйедегі ауытқуларға, яғни дисфункцияға әкелуі мүмкін. Р. Мертон дисфункцияның болуын белгілі бір әлеуметтік институттың басқа институттың қызметіне кедергі жасауының нәтижесінде пайда болады деп ұйғарады. Ғалымның пайымдауынша, әрбір дисфункция девиацияға әкелуі мүмкін. [Социологический словарь, 2004: 124-125]

Яғни, экономикалық, саяси, білім беру және т.б. әлеуметтік институттардың өздерінің функцияларын толыққанды орындай алмауы, базистік әлеуметтік институттардың бірі болып табылатын дін институтында да дисфункцияның және девиантты мінез-құлықтың, яғни экстремизмнің орын алуына себеп болады. Осылайша, экономикалық реформалардың сәтсіздігі (өндірістің құлдырауы, үдемелі жұмыссыздық, тұрғындардың маргинализациясы және т.б.) діни экстремизмнің пайда болуының басты себебі болып табылады. Айталық, 1990 жылдардың соңына таман Сауд Арабиядағы орта білімі барлардың саны жылына 100000 адамды құраса, тек үштен бірінен сәл аз саны ғана өзіне жұмыс таба алады [Kerel G., 2003: 91-108]. Мұның барлығы қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың негізі орта таптың дамуына кері ықпалын тигізіп, әлеуметтік шиеленісушілікті туындатты.

Білім беру институтындағы, соны, соның ішінде теологиялық білім беру саласындағы да дисфункциялар діни экстремизм сынды девиантты мінез-құлықтың пайда болуына ықпал ететіндігі айдан анық. Білімсіздік және білім алуға қаражаттың жетіспеуі индивидтердің маргинализациясына демеу болады. Мұны діни терроризм мен экстремизм мәселесін зерттеуші Хусейн абд-эль Маджид Шауаар террористік ұйымдарға қатысы бар адамдардың арасында, олардың аталмыш ұйымдарға қосылу себептерін анықтау мақсатында өткізген сұрауының нәтижелері дәлелдейді:

– діни сауатсыздық (сұралғандардың 56,67% Құранды өте нашар біледі немесе тек исламистердің оларға үйреткендерін біледі);

– пайда құмарлық (сұралғандардың 50% оңай табыс үшін террорист болған) [Абдалла Бен Салех Аль-Обейд, 2004: 36-42].

Сонымен бірге біршама ғалымдар діни экстремизмнің таралуын жаһандану процесімен байланыстырады. Атап айтқанда, жаһанданудың

нәтижесіндегі мұсылмандардың Батыс елдеріне жаппай миграциясымен және олардың көшкен елінің кеңістігіне интеграцияланбай, жергілікті халықпен ассимиляцияланбауына орай тұрғылықты халықтың иммигранттарды дискриминациялауымен байланысты болса, екіншіден, жаһанданумен қатар жүретін вестернизация процесіне қатысты. Вестернизация мұсылман әлеміне тән емес принциптерді тарата отырып, араб әлемінен өзінің түп-тамырына, рухани негіздеріне қайта оралу түріндегі кері реакцияны тудырады. Зерттеушілердің пікірінше, «трансұлттық корпорациялардың тұтынушылық мәдениетін енгізу талпынысына ең қызу наразылық осы корпорациялар жарнамалайтын игіліктерді жақын перспективада иемдене алмайтын тұрғындардың арасында пайда болады» [Пряхин В.Ф, 2008: 36-37].

Дәл осы жағдайды экстремисттер оңтайлы пайдаланып, шынайы исламнан бас тартудың себебі ретінде Батыс әлемін қарастыра бастады.

Жоғарыда аталып өткендей, қоғам бір-бірімен тығыз байланысты, өзара ықпалдасқан әлеуметтік механизмдерден, яғни әлеуметтік институттардан құралған жүйе болып табылады. Яғни жұмыссыздықтың нәтижесіндегі жеке тұлғаның кәсіби саладағы өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігінің болмауы, қоғамның кәсіби саласындағы проблемалардың бар екендігін, халықтың белгілі бір бөлігінде мобильділіктің жоқтығын, әлеуметтік лифтілердің және каналдардың жабық болуын меңзейді. Мұны жастардың көпшілігінің өзінің мамандығы бойынша жұмыс жасамауын, сонымен бірге өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілердің көпшілігінің іс жүзінде жұмыссыз болып табылатындығымен байланысты.

Осылайша экстремизмнің пайда болуының факторлары өзара байланысты, кей жағдайларда бір факторлар екіншілерінің пайда болуының себебі болып есептеледі. Осылайша, кәсіби білім алу мүмкіндігінің жоқтығы және жұмыссыздық бірінің-бірі себеп-салдары болып табылуы мүмкін. Ал жұмыссыздық индивидтің материалды жағдайына негативті ықпал етуі ықтимал. Осылардың барлығы адамның өзін-өзі қауіпсіз сезінбеуіне әкелуі мүмкін.

Өмірінің ретке келтірілмегендігі, негізгі қажеттіліктердің (қауіпсіздік, біртектілік, мойындау және т.б.) қанағаттандырылмауынан пайда болған ызаланушылық көптеген адамдарды осы ұйымдардың «құшағына» итереді. Осының негізінде оларды басқару, оларда наразы көңіл-күй тудыру оңайлығын экстремистік



ұйымдар мен олардың өкілдері жеке мүдделерінде қолданады. Бұл орайда, әсіресе, жастарды ерекше атау керек, олар өздерінің әлеуметтік тәжірибесінің аздығына байланысты секталарға өмірдің мәнін, өзін-өзі анықтау, жаңа мүмкіндіктерді іздеп келеді.

Ал қазіргі таңдағы исламизм тарапынан пайда болған жаңа тенденция осы құбылыстың феминизациясын қалайша түсіндіруге болады деген мәселе туындары анық. Накос әйелдер мен ер террористер оларды рекруттау, мотивация, идеологиялық ынтызарлық және қатыгездік түсініктерінде фундаменталды ажыратылатындығы туралы ешқандай айғақ жоқтығын алға тартады [Nacos, B. 2005: 413-419]. Дегенмен, феминистік экстремизмге сай өзіндік ерекшеліктердің, яғни әйелдерді өзіндік мүдделерінде пайдаланудың экстремистік топтар үшін «ұтымды» тұстарының бар екендігін ескеру керек. Біріншіден, әйелдер гендерлік стереотиптерге байланысты (әйел адам агрессивті емес) оларды потенциалды қауіпті деп қарастырмау тән. Екіншіден, хиджабтың кең болуы әйелдердің жарылғыш заттарды ғимараттарға алып кіруіне мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, отбасының ұйытқысы болып, бала тәрбиесінде басты рөл атқарушы әйел радикалды көзқарастағы жаңа ұрпақты тәрбиелей алады.

Экстремизмнің феминизациясы процесін толыққанды ашу мақсатында осы процестің іске қосылуының үлгісін ұсынуды жөн көрдік.

Бірінші кезеңде әйелдердің экстремистік ұйымдардың мүшесі болуы немесе террористік ұйымдарға қатысуы шектен шыққан іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Шолктың айтуынша, гендерлік қарым-қатынастарды қамтитын конвенционалды мінез-құлықпен ажыраудың (мысалы, әйелдердің ер адамның статусына тән зорлық-зомбылық жасауы) болуына байланысты террористік ұйымдар осы мінез-құлықты «мәртебелі» мінез-құлыққа қарама-қарсы болып қарастырылмауы үшін ескі гендерлік нормалардың жаңа формасы ретінде көрсетуге тырысты. [Schalk, P, 1994: 1-22, Schalk P, 1997: 151-190]. Сол себепті исламистік феминизмнің идеологтары әйелдердің джихадқа қатысуына байланысты дін тарихындағы фактілерді іздестіруі «осы проблеманың діни мұсылмандардың көзіндегі легитимділікке ие болуы үшін, оның тарихи тереңдігінің болуы қажеттілігін» [Cook D, 2005: 375-384] түсінуімен байланысты.

Келесі кезеңде феминистік экстремизмді легитимизациялау қажеттілігі туындайды. Осы

құбылысты заңдастырудың ең басты қадамы пәтуаларды шығару болып табылады. Атап айтқанда, Пәтуалар бойынша комитеттің басшысы Шейх Абу аль-Гасан әйелдердің қатысуына оң санкциясын береді: «Бұл соғысқа ұлы әкесінің рұқсатынсыз, әйел күйеуінің рұқсатынсыз, құл иесінің рұқсатынсыз қатыса алады... Исламға шабуыл жасалғанда, шекаралар жойылады. Джихад барлық мұсылмандар үшін міндетті» [Sheikh Abu Al Hassan, 2001]. Келесі пәтуаны Шейх Умар аль-Бакри де пәкістандық президент Мушаррифке қарсы пәтуә шығару барысында әйелдердің қатысуына оң баға береді. [Israeli R., 2004: 66-96]

Келесі кезең пәтуаларды адресатқа, яғни әйелдерге жеткізу болып табылады. Әйелдердің исламистік қозғалысқа тарту мақсатындағы негізгі канал – әлеуметтік желілер болып табылады. Ғ. Шойкиннің мәлімдеуінше, осы тақырыптағы аккаунттар «Вконтакте», «Одноклассники» сынды әлеуметтік желілерде жиі кездессе, «Facebook»-те де бірнеше тіркелген парақшалар бар [24]. Бұл пікірді А. Әбдірасылқызы да құптап, интернет-ресурстарда экстремистік бағыттағы мәліметтердің көптігін айтады [20]. Жалпы дәстүрлі емес діни көзқарастарды насихаттаушы материалдарға деген сұраныстың болуын олардың қолжетімділігімен және ислам туралы ақпараттың жеткіліксіздігімен немесе толыққанды болмауымен түсіндіруге болады.

Әлеуметтік желілермен қоса, әйелдердің деструктивті діни ұйымдардың қатарына кіругінің себебі ретінде отбасы мүшелерінің арасында дәстүрлі емес діни көзқарастарды ұстанушылардың да болуы қарастырылуы тиіс.

Әрине, ұсынылған үлгі осы процестің қырсырын толыққанды ашып бере алмағанымен, оның негізгі кезеңдерін қамтиды. Яғни, үлгіде көрсетілген іс-әрекеттерден бөлек түрлі іс-қимылдардың да қолданылуы мүмкін екендігін, сонымен бірге аталмыш феноменнің уақыт талабымен трансформацияланып, эволюцияға ұшырайтындығын ескеру керек.

Экстремизмнің феминизациясының себептерін қарастыра келе, оның құрсауына түскен әйел адамның әлеуметтанулық портретін құрастыру потенциалды құрбанды анықтауға және онымен адрестік жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады.

Мадрид автономды университетінің саясаттану және исламдық зерттеу докторы К. Маликов «секс-джихадқа» аттанып, террористік ұйымдардың мүшелеріне айналатын көп жағдайда екінші рет тұрмыс құра алмай жүрген жесір немесе ажырасқан әйелдер екендігін

алға тартады. Дегенмен, отбасындағы зорлық-зомбылықпен ұшыраған тұрмыстағы әйелдер мен өзінің екінші жартысын таба алмай жүрген жас қыздардың да арасында Сирияға аттанатындары кездеседі. Олардың барлығы дерлік мешіт-медреселерде білім алып, исламдық курстарды аяқтамаған неофиттердің, яғни кенеттен діншіл болып кеткендердің қатарына жатқыза аламыз [26].

Ал ресейлік эксперт В.А. Сосиннің пікірінше, әйелдерді суицидтік терроризмге үгіттеу үшін олардың діни сауатсыздығы, олардың исламның «уахаббистік» тұжырымдарын дұрыс деп тануға негізделген примитивті діни көзқарастары қолданылады. Сонымен бірге ғалым әйелдерді діни террористік актіге итермелейтін себептерге ол әйелдердің негативті біртектілігінен айырыла алмай, қоғамға қайта оралу мүмкіндігінен жоғалтуына байланысты өзінің ар-ожданын құтқарудың жалғыз жолы ретінде суицид арқылы «әулие азаптанушы» мәртебесіне өту қарастырылады [Сосин В.А., 2011].

Қырғызстандағы Сириядан қайтып келгендердің арасында жүргізілген сауалнама олардың мемлекет жүргізіп отырған саясатқа көңілі толмайтын орта тап өкілдері екендігін және олардың тағдырына ренжіген, болашағына сеніммен қарамайтын адамдар екендігін анықтады [26].

Жоғарыдағы көрсетілген кандидаттарды Риколфидің дифференциялау үлгісінің негізінде [Ricolfi L., 2005: 111] өзіміздің үш топтан құралған модельді ұсынамыз:

1) Өздерін таңдаулылар ретінде қарастыратындар. Олардың мотивациясының түп-тамырын өзін Құдаймен таңдалғандар (Жаратушы азап шегушілерді таңдайды) және азаптану трансценденталды марапаттарға жетудің ең қысқа жолы ретінде қарастыруы құрайды.

2) Кек алуға тырысушылар. Бұл топтың басты мақсаты террористік актілерде немесе әскери іс-қимылдарда қаза тапқан туыстары үшін кек алу болып табылады.

3) Саяси режимнен көңілі қалғандар. Бұл топқа саяси жүйені тек революция жолымен ғана өзгертуге болатындығына сенімді адамдарды жатқызуға болады.

Көріп отырғанымыздай, діни аспект, яғни діндарлық әйелдің экстремистік ұйымның мүшесі атануының басты себебі болып табылмайтындығы анықталды. Көп жағдайда әйелдің экстремистік ұйымның мүшесі атануына діни сенімнен басқа отбасы мүшелерінің аталмыш ұйымдардың мүшесі болуы, қайтыс болған туыстары үшін кек алу, саяси режимге наразы болу,

отбасындағы зорлық-зомбылықтан құтылу, өзінің ар-ожданына келген кірді кетіру сынды себептер түркі болады.

### Қорытынды

Осылайша, исламның діни экстремизм мен терроризмге қатысының жоқтығын, жалпы, «исламизмнің дәстүрлі ислам принциптерін арамдататын діни тоталитаризмнің идеологиясы» деп объективті баға беруге болады [Nadi Palazzi, 2001]. Сондықтан айрандай ұйыған елімізді арандатуға әкелетін бұл құбылыспен кешенді күрес қажет. Ол деструктивті ағымдарды жоюмен қатар олардың көбеюінің алдын алу мақсатындағы діни ұйымдар мен мемлекеттің симбиозын құрайтын шаралардан құралуы тиіс. Атап айтқанда, ең алдымен профилактикалық әдістерге баса назар аударылуы керек. Олардың өзі екі деңгейде жүргізілуі тиіс. Біріншіден, исламистік ағымдардың деструктивті ықпалын аша көрсетуге бағытталған шаралар болса, екіншіден халықтың арасында, соның ішінде діни қызметкерлердің теологиялық білімдерін жоғарылатумен сипатталуы қажет. Себебі, халықтың діни сауаттылығының жоғарылығы олардың деструктивті секталардың құрбанына айналу қаупін төмендетеді. Сонымен, бұл шаралардың қатарына келесілерді жатқызамыз:

1. Контрагитациялық жұмыс үшін дінтанушылардан, ЖОО қызметкерлерінен, дәстүрлі діндердің дін басыларынан құралған топтарды жасақтап, орталықтар құру қажет. Бұл орталықтарда аталмыш эксперттердің өткізетін тренинг, семинарларының үгіт-насихат материалдары көркем безендіріліп, сауатты, әрбір адамға түсінікті түрде дайындалуы керек. Бұл тұста агитацияға түрлі әлеуметтік топтардың адамдарының қатысатынын ескере отырып, олардың білім деңгейлері, мінез-құлқының ерекшеліктері, дүниетанымдық көзқарастары есепке алына отырып, діни постулаттармен қатар, ҚР діни ұйымдар туралы заңнамасы, діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңдарын түсіндіруге ерекше мән қойылуы тиіс.

2. Ескерілетін жайт, түсіндірме жұмыстары фиктивті, формалды түрде жүргізілетін болса, олардың ешқандай нәтиже әкелмейтіні анық.

3. Жоғарыда аталған орталықтарда мамандар тренингтер ұйымдастырып, солардың барысында қауіп тобына кіретін адамдармен жұмыс жүргізіледі. Бұл топтарды мониторингтің көмегімен анықтауға болады.

4. Орта немесе жоғары оқу орындарында белгілі бір діни ілімге акцент жасалмай, дін

тарихы және философиясы пәні оқытылғаны абзал. Ойлау мәдениеті үйретілуі тиіс, жеке тұлғалық діни және философиялық талғамдарды қалыптастыру қажет. Бұл болашақта әрбір адамға қоғам үшін қауіпті ілімдерді анықтай алып, олардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

5. Жастарға мәдени, өнімді бос уақыт өткізу дағдыларын қалыптастыру процесіне тек ата-аналар, мектеп және басқа да білім беру ұйымдарынан бөлек, балалар шығармашылығы және жастар үйлері сынды ұйымдардың да қатысуы маңызды. Бұл сектасыз толыққанды өмірді көруге мүмкіндік береді.

6. Жастарды жұмыспен қамту, жұмыс орындарының болуын қамтамасыз ету, аз қамтылған тұрғындар үшін білім алу гранттары мен квоталарын бөлу.

7. Деструктивті ұйымдардың ықпалына бейім тұрғындармен жұмыс барысында ең маңызды міндет бұл сенімнің біздің менталитетке, қазақ халқының салт-дәстүрлеріне тән еместігін түсіндіру болып табылады. Үгіт-насихат жұмыстарында сектада болған шынайы адамдардың тарихына негізделген сапалы түрде монтаждалған видеоматериалдар көп көлемде қолданылуы керек.

8. Осы орайда тек деструктивті ағымдарға қарсы немесе олардың алдын алатын іс-шаралармен шектелмей, дәстүрлі ислам туралы ақпараттық мәлімет беретін орталықтардың және топтардың санын ұлғайту. Ол бірнеше бағытта, яғни барлық оқу орындарында, мешіттер мен басқа да мемлекеттік ұйымдарда түсіндіру жұмыстары мен дәрістер оқылуы тиіс.

9. Сонымен бірге мешіттердің жанынан ақысыз түрде діни сауат ашу курстарының санын ұлғайту. Бұл жоба ислам діні туралы халықтың білімін жоғарылату арқылы дәстүрлі емес діни идеологияның таралуына шектеу қояды.

10. Имамдардың кәсіби мамандану деңгейін көтеру. Имамдардың арасында кәсіби

теологиялық немесе дінтанулық білімінің болуын шарт ету керек. Себебі, бұл жамағаттың имамға деген құрметін жоғарылатады.

11. Мұсылман әйелдер ұйымдарының ассоциациясын құру. Бұл олармен адрестік түсіндірмелік және әдістемелік жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

12. Өзбекстандағы маххалалардағы отын тәжірибесін қолдану. Өзбек мұсылман әйелдерінің арасында отынның, яғни ислами білімі бар және осы білімін трансляциялаумен айналысатын әйелдер қауымын «отын» деп атайды. Олар өзбек қоғамында мәртебеге ие, мұсылман әйелдер олардың кеңестеріне құлақ асып, олардың пікірлерін жоғары бағалайды. Біздің пікірімізше, қазақстандық қоғамға да «отын институты» қажет.

Келесі шаралардың қатары экстремизмге қарсы әрекеттерден құралыуы тиіс:

13. Әлеуметтік желілердің мониторингі және дәстүрлі емес діни идеологияны таратушы сайттар мен әлеуметтік желілердегі парақшаларды бұғаттау. Бұл іс-әрекет үнемі жүргізіліп отыруы тиіс. Себебі, көп жағдайларда жойылған аккаунттардың орнына жаңалары тез арада пайда болып отырады.

14. Деструктивті діни ағымдардың құрсауына түскен әйелдермен жан-жақты әлеуметтік жұмыс. Сенім телефондарының болуы, тегін психологиялық көмектің көрсетілетін әлеуметтік орталықтардың Қазақстанның барлық қалаларында ашылуы керек.

15. Қазақстандағы діни экстремизмге қарсы күресте басқа мемлекеттердің тәжірибесі кеңінен қолданылуы керек. Бұл өзіміздің жұмысымыздағы кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді.

Болашақта осы ұсыныстар жүзеге асырылатын болса, Қазақстандағы экстремизмнің феминизациясына тосқауыл болуына септігін тигізетініне сенімдіміз.

## References

- 1 Abdellatif O., Ottaway M. Women in Islamist Movements: Toward an Islamist Model of Women's Activism // Carnegie Middle East Center. – 2007. – № 2. – June. – 45 p.
- 2 Cook, David. 2005. Women fighting in Jihad? Studies in Conflict and Terrorism, 28, pp.375-384
- 3 Hadi Palazzi. Islam perverted // The Review, October 2001, vol. 26, №10.
- 4 Hamid Sh. Temptations of Power: Islamists and Illiberal Democracy in a New Middle East. – Oxford University Press, 2014. – 310 p.
- 5 Israeli, Raphael. 2004. Palestinian women: the quest for a voice in the public square through «islamikadze martyrdom», Terrorism and Political Violence, Vol.16, N1, (Spring), pp.66-96
- 6 Kepel, Gilles. 2003. The Origins and Development of Jihadist Movement: From Anticommunism to Terrorism. Assian Affairs, Vol. XXXIV, N II, July, pp.91-108

- 7 Mayer, Jean-Francois. 2001. Cults, Violence and Religious Terrorism: an International Perspective. *Studies in Conflict and Terrorism*, 24, pp.361-376
- 8 Nacos, B. 2005. The portrail of female terrorists in the media: similar framing patterns in the news coverage of women in politics and terrorism. *Studies in Conflict & Terrorism*, 2005, 28, pp.413-419
- 9 Rapoport D. 1988. Messianic Sanctions for Terror. *Comparative Politics* vol.20 N2, (Jan), pp.195-213
- 10 Ricolfi, Luca. 2005. Palestinians 1981-2003. In GAMBETA, Diego. (ed) 2005. *Making sense of Suicide Missions*. Oxford, Oxfor Univerity Press, p.111
- 11 Schalk, Peter. 1994. Women fighters of the Liberation tigers in Illiam: the martial feminism of Atel Palac. *South Asia Research*, 14 (2), Autumn, pp. 1-22,
- 12 Schalk, Peter. 1997. The revival of Martyr cults among Ilavar. *Temenos*, 33, pp.151-190
- 13 Sedgwick, Mark. 2004. The Islamic Leviathan. Oxford scholarship on-line, <http://www.oxfordscholarship.com.chain.kent.ac.uk/oso/private/content/politicalscience/9780195144260/p047.html>
- 14 Sharpe T. 2000. The Identity Christian Movement & Ideology of Domestic Terrorism. *Journal of Black Studies*, Vol.30, N4 pp.604-623.
- 15 Sheikh Abu Al Hassan. 2001. 18 October. MEMRI: Special Dispatch Series – No. 296, <http://www.memri.org/bin/articles.cgi?Area=sd&ID=SP29601>
- 16 State department, 2001. Patterns of Global Terrorism, [www.state.gov/s/ct/rls/pgtrpt/](http://www.state.gov/s/ct/rls/pgtrpt/)
- 17 Werner K. Deconstructing the Issue of Islamic Fundamentalism: Approaching the Issue. In: Stauth G. *Islam – Motor or Challenge of Modernity*. Hamburg: Lit, 1998.
- 18 Wood G. What do ISIS really want? *The Atlantic*, September, 2014. – URL: <http://www.theatlantic.com/magazine/archive/2015/03/what-isis-really-wants/384980/>
- 19 Абдалла Бен Салех Аль-Обейд. Угрозы терроризма и борьба с ним // *Азия и Африка сегодня* – 2004. – № 4 – С.36-42
- 20 Айнуур Абдирасилкызы: Мероприятия в Актобе могут способствовать преодолению феминизации экстремизма <http://e-islam.kz/ru/interview/item/11812-ajnur-abdirasilkyzy-provodimye-v-aktyubinske-meropriyatiya-sposobstvuet-preodoleniyu-feminizatsii-ekstremizma>
- 21 Балтанова Г. Женский исламизм – феномен XXI века // *Вестник экономики, права и социологии*. – 2016. – №17 – С. 224-229.
- 22 Балтанова Г. Мусульманка. – М.: Логос, 2007. – 405 с
- 23 Балтанова Г. Черные флаги на черном ветру. Женский исламизм в ИГ: сегодня и завтра – М.: LAP, 2016. – 108 с.
- 24 Батырбек Агимбетов. Мусульманок Казахстана объединят в ассоциацию для защиты от религиозного экстремизма <https://informburo.kz/novosti/musulmanok-kazahstana-obedinyat-v-associaciyu-dlya-zashchity-ot-religioznogo-ekstremizma.html>
- 25 Все ушли на секс-джихад <https://yvision.kz/post/539240>
- 26 Джихад аль-никах. Жены секс-милосердия <http://www.dzhikhad-alnikh-zheny-seksmiloserdiya>
- 27 Дронзина Т. Терроризма женский лик (результаты международного исследования). – Астана, 2011. – 236 с.
- 28 Жамал Фронтбек кызы: Каждый четвертый член радикальных религиозных организаций – женщина! <http://www.nlkg.kg/ru/security/zhamal-frontbek-kyzy-kazhdyj-chetvertyj-chlen-radikalnykh-religioznykh-organizacij-%E2%80%93zhenshhina>
- 29 Мертон Р. Социальная теория и социальная структура. – М.: Хранитель, 2006.
- 30 Пряхин В.Ф. Как выжить? Новая идеология для человечества. – М.: Весь мир, 2008. – С. 36-37.
- 31 Сабирова Г. «Как стать и остаться мусульманкой: опыт разных поколений.» Сборник «Устная история и биография. Женский взгляд.» / ред. и сост. Е.Ю. Мещеркина. – М.: Невский простор, 2004. – С. 193-219.
- 32 Соснин В.А. Психология суицидального терроризма в XXI веке: исторические параллели и современные геополитические тенденции // *Психологический журнал*. – 2011. – Т. 32. – № 4. – С. 30-44, [http://e-notabene.ru/nb/article\\_614.html](http://e-notabene.ru/nb/article_614.html)
- 33 *Социологический словарь: пер. с англ. / Н. Аберкромби, С. Хилл, Б.С. Тернер.* – М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2004. – С. 124-125.

## References

- 1 Abdellatif O., Ottaway M. Women in Islamist Movements: Toward an Islamist Model of Women’s Activism // *Carnegie Middle East Center*. – 2007. – № 2. – June. – 45 p.
- 2 Cook, David. 2005. Women fighting in Jihad? *Studies in Conflict and Terrorism*, 28, pp.375-384
- 3 Hadi Palazzi. Islam perverted // *The Review*, October 2001, vol. 26, №.10.
- 4 Hamid Sh. *Temptations of Power: Islamists and Illiberal Democracy in a New Middle East*. – Oxford University Press, 2014. – 310 p.
- 5 Israeli, Raphael. 2004. Palestinian women: the quest for a voice in the public square through «islamikadze martyrdom», *Terrorism and Political Violence*, Vol.16, N1, (Spring), pp.66-96
- 6 Kepel, Gilles. 2003. The Origins and Development of Jihadist Movement: From Anticommunism to Terrorism. *Assian Affairs*, Vol. XXXIV, N II, July, pp.91-108
- 7 Mayer, Jean-Francois. 2001. Cults, Violence and Religious Terrorism: an International Perspective. *Studies in Conflict and Terrorism*, 24, pp.361-376
- 8 Nacos, B. 2005. The portrail of female terrorists in the media: similar framing patterns in the news coverage of women in politics and terrorism. *Studies in Conflict & Terrorism*, 2005, 28, pp.413-419

- 9 Rapoport D. 1988. Messianic Sanctions for Terror. *Comparative Politics* vol.20 N2, (Jan), pp.195-213
- 10 Ricolfi, Luca. 2005. Palestinians 1981-2003. In GAMBETA, Diego. (ed) 2005. Making sense of Suicide Missions. Oxford, Oxford University Press, p.111
- 11 Schalk, Peter. 1994. Women fighters of the Liberation tigers in Illiam: the martial feminism of Atel Palac. *South Asia Research*, 14 (2), Autumn, pp. 1-22,
- 12 Schalk, Peter. 1997. The revival of Martyr cults among Ilavar. *Temenos*, 33, pp.151-190
- 13 Sedgwick, Mark. 2004. The Islamic Leviathan. Oxford scholarship on-line, <http://www.oxford-scholarship.com.chain.kent.ac.uk/oso/private/content/politicalscience/9780195144260/p047.html>
- 14 Sharpe T. 2000. The Identity Christian Movement & Ideology of Domestic Terrorism. *Journal of Black Studies*, Vol.30, N4 pp.604-623
- 15 Sheikh Abu Al Hassan. 2001. 18 October. MEMRI: Special Dispatch Series – No. 296, <http://www.memri.org/bin/articles.cgi?Area=sd&ID=SP29601>
- 16 State department, 2001. Patterns of Global Terrorism, [www.state.gov/s/ct/rls/pgtrpt/](http://www.state.gov/s/ct/rls/pgtrpt/)
- 17 Werner K. Deconstructing the Issue of Islamic Fundamentalism: Approaching the Issue. In: Staught G. *Islam – Motor or Challenge of Modernity*. Hamburg: Lit, 1998.
- 18 Wood G. What do ISIS really want? *The Atlantic*, September, 2014. – URL: <http://www.theatlantic.com/magazine/archive/2015/03/what-isis-really-wants/384980/>
- 19 Abdalla Ben Salekh Al'-Obeyd. Ugrozy terrorizma i bor'ba s nim // *Aziya i Afrika segodnya – 2004 – № 4 – pp.36-42*
- 20 Aynur Abdirasilkyzy: Meropriyatiya v Aktobe mogut sposobstvovat' preodoleniyu feminizatsii ekstremizma <http://e-islam.kz/ru/interview/item/11812-ajnur-abdirasilkyzy-provodimye-v-aktyubinske-meropriyatiya-sposobstvuet-preodoleniyu-feminizatsii-ekstremizma>
- 21 Baltanova G. Zhenskiy islamizm – fenomen XXI veka // *Vestnik ekonomiki, prava i sotsiologii*, 2016, №1 – pp.224-229
- 22 Baltanova G. *Musul'manka*. – M.: Logos, 2007 – 405 p
- 23 Baltanova G. Chernyye flagi na chernom vetru. *Zhenskiy islamizm v IG: segodnya i zavtra – M: LAP, 2016. – 108 p.*
- 24 Bатырбек Агимбетов *Musul'manok Kazakhstana ob'yedinyat v assotsiatsiyu dlya zashchity ot religioznogo ekstremizma* <https://informburo.kz/novosti/musulmanok-kazahstana-obedinyat-v-associaciyu-dlya-zashchity-ot-religioznogo-ekstremizma.html>
- 25 Vse ushli na seks-dzhikhad <https://yvision.kz/post/539240>
- 26 Dzhikhad-almikakh-zheny-seksmiloserdiya <http://www.dzhikhad-almikakh-zheny-seksmiloserdiya>
- 27 Dronzina T. Terrorizma zhenskiy lik (rezul'taty mezhdunarodnogo issleddovaniya) – Astana, 2011 – 236 p.
- 28 Zhamal-frontbek-kyzy-kazhdyy-chetvertyj-chlen-radikalnyx-religioznyx-organizacij -zhenshhina! <http://www.nlkg.kg/ru/security/zhamal-frontbek-kyzy-kazhdyy-chetvertyj-chlen-radikalnyx-religioznyx-organizacij-%E2%80%93-zhenshhina>
- 29 Merton R. *Sotsial'naya teoriya i sotsial'naya struktura – M.: Khranitel', 2006*
- 30 Pryakhin V.F *Kak vyzhit'? Novaya ideologiya dlya chelovechestva*. M.: Ves' mir, 2008. pp.36-37
- 31 Sabirova G. «Kak stat' i ostat'sya musul'mankoy: opyt raznykh pokoleniy.» *Sbornik «Ustnaya istoriya i biografiya. Zhenskiy vzglyad.»* Red. i sost. Ye.YU.Meshcherkina. M., Nevskiy prostor, 2004 – pp.193-219
- 32 Sosnin V.A. *Psikholo. Kak vyzhit'? Novaya ideologiya dlya chelovechestva*. M.: Ves' mir, 2008. PP.36-37giya suitsidal'nogo terrorizma v khkhi veke: istoricheskiye paralleli i sovremennyye geopoliticheskiye tendentsii/ *Psikhologicheskyy zhurnal*.2011. T. 32. № 4. S. 30-44, [http://e-notabene.ru/nb/article\\_614.html](http://e-notabene.ru/nb/article_614.html)
- 33 *Sotsiologicheskyy slovar'*: Per. s angl. / N. Aberkrombi, S. Khill, B. S. Turner. – M.: ZAO «Izdatel'stvo «Ekonomika», 2004. – pp. 124–125

**Дуанаева Ш.Е.\* , Әділбаев А., Қалмахан Е., Ишмаханов Ж.**

Нұр-Мұбарак Ислам мәдениеті университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shugyla@mail.ru

## **ДІНИ ТҰЛҒАНЫ ТИПОЛОГИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада «діни тұлға» ұғымы, оның заңдылықтары (діни сана және діни әрекеттер мен діни қарым-қатынас) жөнінде талдау жасалынып, діни тұлға типтерінің классификациялау себептерін айқындау мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, ресейлік және шетелдік авторлардың діни тұлға типтер классификациялары қарастырылған. Өртүрлі авторлардың діни тұлға ұғымына берген анықтамалары мен олардың типологиялық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, теориялық талдау жасалынды. Мақаламыздың мақсаты, діни тұлға типтерін бөліп, оларды қандай да бір бағалаушы критериймен классификациялаудың себептерін анықтау болатын. Аталмыш тақырыптағы мақаланың ғылыми және тәжірибелік мәні – осы саладағы зерттеу жұмыстары үшін тұлғаларды белгілі бір типологияға жіктеу бағалаушы инструмент рөлін атқарады. Типологияның негізгі мақсаты – қарастырып отырған объектінің методикалық зерттеуін реттеу және оның тәжірибелік мәнділігін жоғарылату болып табылады. Кез келген типология жүйесінің негізі – адамдар арасындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктердің бар екендігін көрсету және олардың айырмашылықтарын анықтау. Мақаламызда, шетелдік және ресейлік авторлардың діни тұлға типологияларына салыстырмалы талдау және классификациялау әдістері қолданылды деп айта аламыз. Жасалынған жұмыстың құндылығы, әр типті тұлғалардың ортақ құндылықты ұстанымы болған дінге деген қатынасын анықтайтын индивидтердің ұқсас және жеке айырмашылықтарын ескере отырып, оларды белгілі бір типтерге жіктеу. Аталмыш тақырыптағы зерттеулер үшін біздің жұмысымыз қосымша бағдар ретінде, яғни, діни тұлғалардың типтерін анықтау немесе жіктеуде, оларға арнайы әрекет танытуда қолданыла алады, демек, бұл талдау – жұмыстың тәжірибелік мәнділігін арттырмақ.

**Түйін сөздер:** діни тұлға, діншілдік, діни сана, діни әрекет, діни қарым-қатынас, сенім.

**Duanayeva Sh.E.\* , Adilbayeva Sh., Kalmakhan E., Ishmakhanov Zh.**

Egyptian university of Islamic culture of Nour Mubarak,  
Kazakhstan, Almaty, \*e-mail: shugyla@mail.ru

## **The problems of typologies of religious personalities**

The article discusses the concept of «religious person», the substructure of personality religious rights (religious consciousness and religious behavior and religious relations), analyzes the reasons for the classification types of believers, these foreign and domestic authors. The article has been extensively reviewed by various authors definition of the concept of religious identity and their typological characteristics, the theoretical analysis is performed. The types of religious identity and the reasons for the classification of identified one assesses criteria. The basis of any typology of the system – to show the existence of common characteristics and features between the people and identify their differences. The main purpose of the typology are the regulation of the methodological study of the object and increase its practical significance. Separation of persons in a certain typology for researchers performing the role of assessment tool. In this article, we can say that comparative analysis and classification methods of foreign and Russian authors have been applied to typologies of religious people. The value of the work is to classify them into specific types, taking into account the similarity and personality of people who determine the attitude to religion, which is the common value of people of each type. For our research on this issue, our work can be used as an additional orientation, that is, to identify or classify the types of religious persons and apply them to specific actions, which means that this analysis will increase the practical importance of the work.

**Key words:** religious personality, religiosity, religious consciousness, religious behavior, religious attitude, belief.

Дуанаева Ш.Е.\* , Әділбаев А, Қалмахан Е., Ишмаханов Ж.

Университет исламской культуры Нур-Мубарак,  
Казахстан, г. Алматы, \*e-mail: shugyla@mail.ru

### Проблемы типологизаций религиозных личностей

В статье рассматриваются понятие «религиозная личность», подструктуры личности религиозных прав (религиозного сознания и религиозного поведения и религиозных отношений), анализируются причины типов классификации верующих, зарубежных и российских авторов. В статье были всесторонне изучены определения различных авторов понятия религиозной личности и их типологических особенностей, выполнен теоретический анализ. Определены типы религиозной личности и выявлены причины классификации по одному оценивающему критерию. Основа любой системы типологии – показать наличие общих качеств и особенностей между людьми и выявить их отличия. Основной целью типологии являются регулирование методического исследования рассматриваемого объекта и повышение его практической значимости. Цель данной статьи – разделение личностей в определенную типологию, выполняется для исследователя роли инструмента оценки. Мы можем сказать, что в статье сравнительный анализ и методы классификации зарубежных и российских авторов были применены к типологиям религиозных людей. Ценность работы состоит в том, чтобы классифицировать их на конкретные типы, принимая во внимание сходство и личность людей, определяющих отношение к религии, что является общей ценностью людей каждого типа. Данная работа по этому вопросу может быть использована в качестве дополнительной ориентации, то есть для идентификации или классификации типов религиозных лиц и применения их к конкретным действиям, а это означает, что этот анализ увеличит практическую значимость работы.

**Ключевые слова:** религиозная личность, религиозность, религиозное сознание, религиозное поведение, религиозное отношение, вера.

### Кіріспе

Соңғы жылдары отандық ғылымда діни тұлғаны жан-жақты қырдан зерттеуге деген қызығушылық артуда. Мұндай ғылыми қызығушылықтың туындауы діни тұлғаның әртүрлі аспектілерінің болуымен ғана шектелмей, сонымен қатар, діни тұлға мәселесінің әлеуметтік-гуманитарлы пәнаралық кең статусымен де түсіндіріледі. Діни тұлға мәселесін зерттеуде бұл феноменнің әмбебаптылығы ғана қызығушылықты арттырып қана қоймай, оған берілген анықтамалардың біржақты, тұтас түсініктеме берілмеуімен, осы мәселенің мазмұнын жан-жақты ашып беретін әдістер жиынтығының аз екендігімен де түсіндіріледі. Аталмыш мақаламыздағы қарастырғалы отырған мәселе діни тұлға типологиялары және осы типологиялардың классификациясы. Діни тұлғаның типтерге бөлінуін қарастырмас бұрын, алдымен мына сұрақтардың басын ашып алғанымыз жөн: Ғылымға типология не үшін қажет? Оның атқаратын қызметі қаншалықты маңыздылыққа ие? Белгілі бір қасиеттерді немесе адамдарды типке бөлуден біздер не ұтамыз? Енді осы мәселе төңірегінде біраз ой өрбітіп көрелік.

Біздер қарастыратын «тип» ұғымы «қандай да бір заттардың тобы, үлгі, моделі, формасы, ішкі немесе сыртқы қасиеттеріне байланысты жинақталған адамдар категориялары» [16, б. 496].

Кез келген типология жүйесінің негізі – адамдар арасындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктердің бар екендігін көрсету және олардың айырмашылықтарын анықтау.

Типологияның негізгі мақсаты – қарастырып отырған объектінің методикалық зерттеуін реттеу және оның тәжірибелік мәнділігін жоғарылату болып табылады. Зерттеуші үшін тұлғаларды белгілі бір типологияға жіктеу бағалаушы инструмент рөлін атқарады. Яғни, ол, өз зерттеуінде белгілі бір көзқарастар мен концепцияларды жетекшілікке ала отырып көптеген тұлғалық ерекшеліктер мен қасиеттерді бір ретке, қалыпқа салып, жіктейді. Типологияға жіктеудің келесі бір ұтымды жағы – индивидтер арасында кездесетін фундаменталды мінез-құлық пен іс-әрекеттік ерекшеліктерінің психологиялық және әлеуметтік себебін анықтауға ықпал етеді.

Әлеуметтік мәдениетіміздің алуан түрлілігінен қоғамдағы күрделі идеологиялық процестердің орталық орнын алып тұрған діни тұлға мәселесіне терең талдау жасалынатын кез жетті. Діни тұлға ерекшеліктері жөніндегі толымсыз немесе сенімсіз ақпараттардың көптігінен діни топтар арасында әртүрлі тұлғааралық қақтығыстар мен түсініспеушіліктердің орын алуына жол береді.

Дін – қай заманда да қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатыны белгілі. Діннің әлеуметтегі рөлі мен қызметтері әр алу-

ан. Діннің рөлін қарастыруда дінді жеткізуші әрі ұстанушы – діни тұлға мәселесін зерттеу талдау жұмысымыздың өзекті тұсы. Дінтану саласындағы зерттеулерді белгілі бір деңгейде өз арнасына түскен деп қарастыруымызға болады. Дегенмен, дінтанудың пән аралық сабақтастығынан туындаған, дінтанудың жаңа саласы ретінде дамып келе жатқан діни психологиялық мәселелерді зерттеуге деген талпыныстар әлі де болса кенже қалып келеді. Әсіресе, діни психологиядағы орталық орында тұрған тұлға мәселесі үлкен маңыздылыққа ие.

Діни тұлға типологиясы үшін қолданылатын критерийлер өте көп, оларды мұнда егжей-тегжейімен түсіндіре алмаймыз. Егер ондағы принциптердің схемасын жасайтын болсақ, ол негізінен адам психикасын зерттеумен байланысты, оны екі түрлі позициямен қарауға болады: универсалды (объективті) және индивидуалды (субъективті). Олар бір-біріне қарама-қайшы емес, тек әртүрлі деңгейді сипаттайды, әдетте екеуінің бірі басымдылыққа ие.

Универсалды типологияға сәйкес барлық діни тұлғалар өздеріне ұқсас топтарға өз-өзімен бөлінеді. Осылайша бөліну, нақты бір тұлғаның әрекеттері мен қасиеттері өзге де топ өкілдеріне белгілі бір деңгейде ұқсастығы бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Адамдар арасындағы айырмашылық, әрине есепке алынады, дегенмен, олардың ұқсастықтары әлдеқайда жоғарғы мәнділікке ие. Универсалды типологияның ішінде тұлғаның сыртқы тұрпатына бағытталған типологизациялар бар. Ол типологияның негізі адамдардың дене бітіміне, темпераментіне, мінезіне байланысты дифференциациялаумен байланысты [18, б. 9-34; 17, б. 267-364; 19, б. 6-11].

Діни тұлғаның индивидуалды типологиясы шынайы діншілдікке жақындады-дағы екі ұғымдармен ориентир алады: бүкіл адамзаттық және қайталанбас-тұлғалық. Кез келген діни тұлға немесе топ ерекше рухани тәжірибенің және діни мазмұнның ие болып табылады.

Діни тұлғалардың индивидуалды типологиясы шеңберінде руханилыққа бағытталған типологизацияны бөлуді ұсынамыз. Айталық, мысалы, сананың иерархиялық құрылымына негізделген діншілдіктің табиғи және рухани тұлға деп бөліп қарастырған.

Табиғи тұлға ерекшеліктеріне сананың төменгі деңгейлер қызметі сәйкес келеді де, осыдан адамның интуитивті сезімдік сферасына деген бағыттылық туады. Табиғи діни тұлғада қоғамдық-этикалық индифферентті қарым-

қатынасты сипаттайды. Яғни, тек өзінің топ мүшелеріне ғана емес барлық қоғам үшін де жауапкершілікті өзіне алмайды. Осы деңгейде, діннің ритуалды жағымен байланысты болған діншілдіктің эстетикалық аспектісі қалыптасуы мүмкін. Тұлғаның мұндай тип өкілдері кез келген конфессияда көрінуі мүмкін.

Діни тұлғалардың келесі типі сананың жоғарғы деңгейімен байланысты. Мұндай рухани типті тұлғалар адамзат болмысының этикалық сферасына, дәлірек айтқанда, қайырымдылық, адамгершілік, махаббат принципіне бағытталған [15, 133-134].

Адамды табиғи-рухани түсінудің айқын көрінісі ретінде У. Джеймс пен Ф. Ньюманның (1852) «біріншілік туылу» және «екіншілік туылу» типологиясынан көре аламыз. «Біріншілік туылу» типінің сенімін ашық, өмірге деген құштарлық, жайбарақаттық деген күйлермен сипаттауға келеді. Олардың түсінігіндегі өмірді қабылдау: «Құдай қатал сот емес, ол әлемді тірілтетін, ол әлемді тірілтетін, үйлесімділік пен әдемілік беретін Рух. Олардың балалық қарапайымдылығы себепті дінді әрдайым қуаныш күйімен қабылдайды. Құдайдың алдында олар қорқыныш немесе діріл деген тәрізді күйлерді сезінбейді. Олар үшін Құдай Қайырымдылық пен Әдемілік кейпінде. Олар Оны адамзат әлемін жазалаушы емес, табиғаттағы әсем үйлесімділікті қалыптастырушы. Өз жүректерінде ешқандай күнәні сезінбейді. Жоғарғы рухани күші болмаса да, өздеріндегі бар қарапайым сенімдеріне қанағаттанады. Жоғарғы рухани сезімнің көмегінсіз олар өз қарапайым діни сенімдеріне қанағаттанады» [8]. Бұл типтегілер политеистік діндегілердің сипаттамаларымен сәйкес келеді.

«Екіншілік туылу» – бірінші типтің қарама-қарсы түрі. Олардың көзқарастарының негізінде адамзаттың және әлемнің күнәһарлығы мен әлсіздігі турасында терең уайымдар жатады. Тарихи фактілерге сүйенсек бұл типтегілердің пікірінше шынайы бақытқа жетудің жолын олар терең пессимизммен байланыстырады.

Діни тұлғалардың осы типтегі өкілдері «құтқару діндеріне»: ислам, буддизм, христиан діндеріне тиесілі болады. Бұл діндерде адам өмірі екіге бөлінеді: табиғаттағы және рухтағы өмір.

Батыстық дәстүрдегі Августин Аврелидің көзқарасы адамның субъективті ішкі әлемін сипаттауға бағытталған. Августиндік діни адам өзінің өмір сүруінің негізгі орталығын Құдай деп танып, тұтастай Құдайды іздеуге деген талпыныс күшімен қуаттанған. Августин тұлғаны



дихотомды сипаттамамен түсіндіреді: сыртқы адам және ішкі сезіміне бағытталған адам [8].

«Сыртқы адам» түсінігінде адамның дене тұрпатымен байланысты психофизиологиялық, табиғи ерекшеліктерімен байланысты. Бұл модельдің мазмұнындағы маңызды тұсы – адамды өзінің онтологиялық сакральді бастауларынан бөліп көрсету.

Сыртқы адам түсінігінің антитезасы ішке бағытталған адам. Ол Құдай және өзімен жеке қалып, рефлексия жүргізе алатын, мета-физикалық жайсыздықтарға мән бермейтін діни сенімі қалыптасқан адам. Ішке бағытталған адам Құдаймен жеке байланысын саналы тұрғыда түсіне алады. Мұндай адамдардың өмірлік позициялары өзіндік ішкі діни-практикалық бағыттылықты қалыптастырумен, адамзат болмысының жоғарғы шындығын танумен ерекшеленеді.

Адамның жан дүниесін сыртқы және ішкі деп бөліп қарастыру өзге де философиялық концепцияларда кездеседі. Сонымен қатар, ондағы маңызды болған мәселеге субъективтілікке, тұлғаның рухани-құндылықты сферасына деген қызығушылықтың артуымен байланысты.

Діни тұлға типологиясына қатысты бірқатар зерттеулердегі шетелдік авторлардың келген нәтижесі бойынша, діншілдік пен тұлға моделінің өзара мәнді корреляциялық байланыстың болуын көрсетеді [20].

Біздер қарастырып отырған діни тұлға типологиясы және олардың классификациясының да негізгі мақсаты – діни тұлға мәселесін қарастырған әртүрлі авторлардың концепцияларын басшылыққа ала отырып жасалынған типологияларды жинақтап, оның ерекшеліктерін көрсету.

**Әдістер.** Мақала ретінде таңдалынып алынған тақырыптың маңыздылығын ашу мақсатында жан-жақты зерттеулерді салыстырмалы теориялық талдап, шетелдік және ресейлік зерттеуші авторлардың еңбектеріндегі салыстырмалы зерттеу әдістерін қолданамыз. Сонымен қатар, салыстырмалы жүйелік принциптеріне сәйкес діни тұлғаның ерекшеліктері мен психологиялық аспектілеріне классификациялақ талдау әдістері де қолданылады.

### **Зерттеу нәтижелері**

XX – XXI ғасырдың басында бүкіл әлемде әлеуметтік-экономикалық, діни-саяси, ғылым-техникалық, ақпараттық-мәдени сфералардағы барлық процестер әр жекелеген адамға уақыт

өткен сайын жоғарғы талаптар қойып, жылдамдап күрделене түсті. Осы тәрізді мәселелердің барлығында да адам белгісіздік жағдайларына бейімделуі қажет болады. Белгілі бір топтарға тиесілі болудағы бейімделу ресурстары кей кездері эффективтілігін азайтады, себебі, болып жатқан процестер кіші және үлкен топтардың бірігу мен қызмет көрсету механизмдерін өзгертуде. Көптеген әлеуметтік субъектілер арасындағы өзара қатынастар жүйесі де бұзылысқа ұшырап, осы қатынастарды басқаратын гуманистік сипаттар өз келбетін жоғалта бастайды. Демек, әлеуметтік процестер әр қандай типтегі топтарға әсер еткендіктен, сәйкесінше, топ мүшелері – жекелеген тұлғаларға да әсерін тигізбей қоймайтыны анық. Діннің әр түрлі топ мүшелерінде трансформациялануының нәтижесінде, біздер, діни тұлғаның психологиялық типтерін анықтап аламыз.

Шетелдік дін психологиясы әуелден-ақ діни тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық типологиясын жасауға өз ұмтылыстарын бастаған еді. Осы мәселемен ерекше мән беріп айналысқан америкалық психолог Оллпорт болды. Өз еңбектерінде, 60-шы жылдары, Оллпорт діни тұлғалардың негізгі екі діни типі бар деген концепциясын алға тартты. Бірінші типке қатысты болғандар дінді өмірдегі мақсатына жетудің тәсілі ретінде ғана қабылдайтындар, яғни, олардың дінге деген қатынастары тек сыртқы формасы жағына ғана мән беретіндер. Шіркеулерге бару, діни қауымдардың іс-шараларына қатысу арқылы олар дінге деген сыртқы әрекеттерімен қоғамда өздерін әлеуметтік ұнамды етіп, көпшіліктің өмір салтына икемді болып көрінетін діни тұлға. Осы типтегі кейбір адамдар үшін, дін – жұбату сезімін, жанның тыныштығын береді және теріс эмоциялық күйлерді болдырмауға септігін тигізеді. Оллпорт мұндай типті діни тұлғаларды *extrinsic* деп атады, яғни, «сыртқы», «органикалық тиісті емес» деген ұғымдармен аударып айтсақ болады.

Екінші типтегі діни тұлғалар үшін діннің алар орны ерекше және соңғы құндылықты құрайды. Олар, әртүрлі әлеуметтік сферадағы өз әрекеттерін дінмен мотивтендіріп отырады. Діннен болмаған немесе дінге байланысы жоқ қажеттіліктері олар үшін екінші орындағы мәселеге жатады, өздерінің барлық әрекеттерін діни нормалар мен діни жазбаларға бағындыруға тырысады. Мұндай діни тұлғалардың типін Оллпорт *intrinsic* («ішкі», «имманентті қатысты») [12].

Оллпорттың концепциясы америкалық діни әдебиеттер арасында белсенді дискуссияны тудырды. Дегенмен, оның методологиялық құндылығын ешбір зерттеуші жоққа шығара алмады.

Діншілдіктің ішкі типі белгілі бір діни оқулардағы догмалармен байланысты және ол тұлғаның ішкі рухани тепе-теңдігін ұстауға септігін тигізеді. Адам өз діни сенімімен өмір сүріп, діндегі негізгі принциптер тұлға құрылымына кіріп кетеді.

Демек, сыртқы мотивацияланған индивидтер өз діндерін қолданатын болса, ішкі мотивацияланған индивидтер сол дінмен өмір сүреді.

Діни тұлға типтерін дифференциациялау белгілі бір жағдайда шартты және ол бірнеше факторлармен байланысты: діни объектіні таңдау; отбасындағы дәстүрлер; мемлекет. Діни тұлға типтерін классификациялауда аңғаратын мәселе – діни тұлға әрқашан тек бір ғана тип өкілі болып қала бермейді, ол бірнеше типтің әрекет-қылықтарын өзіне біріктірген болуы да мүмкін. Тәжірибелер көрсеткендей, жоғарыда аталған типтер статикалық сипатта емес, бір типтен екіншісіне өтуі мүмкін. Осындай жағдайлар діни тұлға типтерінің кез келген орталарда, жамағатта түсініспеушілікке себеп болуы да мүмкін.

Тұлғалардың діншілдік деңгейі көбіне тұлғаның діни типін анықтайды. Анық болған діншілдік формалары: сыртқы және ішкі; шынайы және жалған; иллюзорлы және айқын; дәстүрлі және дәстүрлі емес деген формалар діни тұлға типтерінің концепцияларымен сәйкестік табады.

Діни тұлға типтерін классификациялаудағы критерийлер ретінде біздер мына жағдайларға мән береміз: діншілдік деңгейі мен сипаты; адамның психикалық және физикалық ерекшеліктері; адамның діни сенімінің тереңдігі мен интенсивтілігі; діни культтік тәжірибеге деген қызығушылық; өмірге деген көзқарас типі (дәстүрлі және дәстүрлі емес); нақты бір діни қауымға қатысты болуы.

Алдыңғы философиялық модельдер контекстіндегі діни тұлға дамуының жалпы жүйесін адам мен Абсолют арасындағы тылсым күш, адам жаратылысының мәні, жоғарғы эмоциялығымен ерекшеленетін психика толықтыра түсетіндей.

Діни тұлғаның әлеуметтік-психологиялық негізін адам мен Құдай арасындағы байланыс механизмі құрайды және типологиялық концептуалды модельдерін анықтайды.

Осылайша, қазіргі қоғамдағы діни тұлғаның дамуы мен қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері, яғни: өзіндік діни тәжірибеге

негізделген діни сенімнің болуы, осы діни сенімдегі тұлғаның белсенділігі, әлем мен Абсолют арасындағы мұқалмас байланыстың бар екендігін өз әрекетімен көрсету.

Діни тұлға мәселесін зерттеуден белгілі бір нәтижелерге келген авторлардың еңбектеріне теориялық талдау жасалынды. XX ғасырда батыстық философияда антропологиялық төңкерістер орын алды (А. Гелен, Х. Плеснер, М. Шеллер), мұндағы өзгерістер адам немесе тұлға мәселесіне әртүрлі ғылыми: философиялық, теологиялық, психологиялық синтездер арқылы тұлғаны көп қырлы әлеуметтік-мәдени, дүниетанымдық, діни және өзге де факторлармен байланысты екендігіне акцент жасалынды.

Діни тұлғалардың типологиялық моделін сипаттайтын жұмыстарды Августин Аврелий, Р. Кайуа, Н.А. Калужная, Е.Ю. Кузьмина-Караваев, Г. Кюннг, Д.Е. Мануйлов, Д.Е. Мелехов, К.И. Никонов, Г. Оллпорт, В.В. Павлюк, Т.В. Панфилов, А. Позов, В.М. Розин, В.В. Романович тәрізді зерттеушілердің еңбектерінен байқаймыз.

Сенімнің типологиялық аспект тұрғысынан: М. Бубер, Н.А. Калужной, С. Кьеркегор, М. Мюррей, Р.К. Омельчук, Х. Ортеги-и-Гассет, Д.В. Пивоваров, А.В. Романов, Т.В. Ряховский, М.С. Теплый, Д. Юманың еңбектерінде бар.

Діни тұлға мәселесіндегі шетелдік және ресейлік ғалымдардың зерттеу жұмыстары діни тұлғаның қалыптасуы және дамуының психологиялық аспектін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

«Діни тұлға» – қазіргі психологиядағы жеке екі түрлі түсініктің бірігуінен туындаған ұғым, яғни, «тұлға» және «діни», сондықтан, аталмыш терминді талдауды осы екі түсініктің анықтамасынан бастағанымыз жөн. Ресейлік психолог авторлардың анықтамасында «тұлға», бұл «әлеуметтік қарым-қатынастағы және саналы іс-әрекеттегі субъект», сонымен қатар, «әлеуметтік қарым-қатынасты анықтаушы, бірлескен танымдық іс-әрекетте қалыптасатын индивид» [3, 187]. Шетелдік және ресейлік зерттеушілер діни немесе діншілдік түсінігіне төмендегідей анықтама береді:

– діннің жеке индивидтер мен әлеуметтік, демографиялық топтар санасына және әрекеттеріне деген әсері (Д.М. Угринович) [7, 127];

– жекелеген топтар мен діни ұйымдардағы адамдардың тылсым күшке деген сенімдері мен құлшылықтары барысындағы сезім-күйлері және дінге қатысты әрекеттерді орындаушы адам (Ж.Т. Тощенко) [6, 293];

– топтың және индивидтің діни қасиеттерді

жинақтаған сана, әрекет және қарым-қатынас көріністері (И.Н. Яблоков) [11]; адамның әлемді, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды қабылдауындағы эмоционалды қатынастары және тылсым күш тұрғысынан қабылдауы (Р.А. Финк) [9, 17];

– индивидтің эмоциялық күйі мен сезіміне негізделген, мистикалық тәжірибе (құлшылық, дұға ету, тәубеге келу) арқылы әлемге деген діни сезімдік формадағы нақты қатынас түрі және жоғарғы күштердің бар екендігін түсіну (У. Джеймс) [2, 98];

– біздің әлеміміздің үлкен, ұлы, тылсым күштің бір ғана бөлшегі екендігін сезіну және адамзат тіршілігінің ұлы мақсаттар үшін берілгендігін саналы түрде қабылдау (В. Вундт) [1,152];

– еліктеулерден бас тарту нәтижесінде туындаған, қоғам пайда болуындағы психологиялық, мәдени, әлеуметтік детерминацияланған құбылыс (З. Фрейд) [10, 33].

Жоғарыда қарастырып отырған анықтамалар көмегімен, біздер, діни тұлғаны – діни қасиеттерді, сана мен әрекеттер және қатынастар жиынтығындағы дүниетанымдық көзқарастары мен әлеуметтік қатынастар субъектісі деп айта аламыз.

Келесі кезектегі мәселеде қарастыратынымыз, үш құрылымдық діни тұлға анықтамаларының өзіндік сипаттамалары. Осы тақырыптарда ресей философтары Е.И. Аринин, В.И. Гараджа, А.А. Ерышев, Р.А. Финктың еңбектерінде кеңінен талдау жасалынған.

Қазіргі ғылыми философияда, әлеуметтік-психологияда, әлеуметтануда, дінтануда діни тұлғалар типтерінің классификациясы біршама қарастырылған-ды. Осы тәрізді классификациялардың негізгі критерийі ретінде культтік белсенділік дәрежесі бағаланады (діни нормалар мен әрекеттерді орындау жиілігі, шіркеу, мешіт деген тәрізді діни орындарға барып тұру); тұлғаның діннің мәнін түсіну деңгейі (психолог А.Н. Леонтьев бойынша); діни сенімнің тереңдігі мен интенсивтілігі.

Осы классификацияларды тереңірек қарастырып өтелік. Шетелдік әдебиеттерде, көбіне, екі типті діни тұлғаларды бөліп қарастырады, оған негіз ретінде мына жағдайларды көрсетеді:

1) Діни ориентация: кейбір индивидтер үшін дін сыртқы дүниемен байланысты, олар дінді өз мақсаттарына қол жеткізе қолданады, ал кейбірі үшін, дін – өмірдегі негізгі мақсат (Г. Оллпорт) [12]. Аталған осы типологияны Д. Бэтсон мен Л. Вентикс толықтырып үшінші бір типті қосты,

олар оны «ізденіс ориентациясы» деп атады [13].

2) «Ізденіс ориентациясы» – бұл қатып қалған догмалардан еркін, тұлғаның шығармашылық және рухани дамуына ықпал ететін діни бағыттылық. «Ізденіс ориентациясы» тұлғаның адамзат өмір сүруіндегі жоғарғы сұрақтарға және экзистенциалды шешімдер қабылдауға деген ашық дайындығы деген мағынаны меңзейді.

3) Басымдылықты алған когнитивті құрылым: догматизммен байланысты шектеулік, біржақтылық, толеранттылық және сыңаржақтылық (М. Рокич).

4) Консесуалдылық жағдайлары (догмаларды тікелей қабылдау, ойлаудың типологиялануы мен өзгеріссіздігі, өзге адамдардың пікірлеріне деген вербалды формада шыдамсыздығын білдіру, қалыптасқан дәстүрге деген сенім, жансақ нанымдар мен конформдылық танытуға деген икемсіздік). Дінге деген міндеттілігі мен адалдығы (философиялық, абстрактілі перспективалар, күнделікті әрекеттің бір мағыналылығы мен анықтығы, ашықтық, діни тәжірибенің көп жақтылығын қабылдау (Р. Аллен және Б. Спилк).

5) Тұлғаның діни бағыттылығына байланысты: діншілдік, ол өз кезегінде адам әрекет етуін орталықтануы мен қалыпты дін арасындағы байланысты көрсетеді, аталмыш дін, адамды Құдайға жетелеп, оқшауланудан алыстатады, ал қалыпты емес дін керісінше адамның оқшаулануымен сипатталады (Р. Кох); діни интернализациялану типтері (меңгеруі): біршама интернализацияланған тип (интроекция механизмімен шартталынған және сыртқы күштердің ықпалымен сипатталынады); идентификациялы тип (діни сенім құндылықтарын тұлғалық құндылықтар ретінде қабылдау және шешім қабылдаудағы еркіндігімен ерекшеленуі) (Р. Райан); діни тұлғалардың авторитарлы және гуманистік типтері (Э. Фромм).

Шетелдік дін психологиясы әуелден-ақ діни тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық типологиясын жасауға өз ұмтылыстарын бастаған еді. Осы мәселемен ерекше мән беріп айналысқан америкалық психолог Оллпорт болды. Өз еңбектерінде, 60-шы жылдары, Оллпорт діни тұлғалардың негізгі екі діни типі бар деген концепциясын алға тартты. Бірінші типке қатысты болғандар дінді өмірдегі мақсатына жетудің тәсілі ретінде ғана қабылдайтындар, яғни, олардың дінге деген қатынастары тек сыртқы формасы жағына ғана мән беретіндер. Шіркеулерге бару, діни қауымдардың іс-шараларына қатысу арқылы олар дінге деген сыртқы әрекеттерімен қоғамда өздерін әлеуметтік ұнамды етіп,

көпшіліктің өмір салтына икемді болып көрінетін діни тұлға. Осы типтегі кейбір адамдар үшін, дін – жұбату сезімін, жанның тыныштығын береді және теріс эмоциялық күйлерді болдырмауға септігін тигізеді. Оллпорт мұндай типті діни тұлғаларды *extrinsic* деп атады, яғни, «сыртқы», «органикалық тиісті емес» деген ұғымдармен аударып айтсақ болады.

Екінші типтегі діни тұлғалар үшін діннің алар орны ерекше және соңғы құндылықты құрайды. Олар, әртүрлі әлеуметтік сферадағы өз әрекеттерін дінмен мотивтендіріп отырады. Діннен болмаған немесе дінге байланысы жоқ қажеттіліктері олар үшін екінші орындағы мәселеге жатады, өздерінің барлық әрекеттерін діни нормалар мен діни жазбаларға бағындыруға тырысады. Мұндай діни тұлғалардың типін Оллпорт *intrinsic* («ішкі», «имманентті қатысты») [12].

Оллпорттың концепциясы америкалық діни әдебиеттер арасында белсенді дискуссияны тудырды. Дегенмен, оның методологиялық құндылығын ешбір зерттеуші жоққа шығара алмады.

Діншілдіктің ішкі типі белгілі бір діни оқулардағы догмалармен байланысты және ол тұлғаның ішкі рухани тепе-теңдігін ұстауға септігін тигізеді. Адам өз діни сенімімен өмір сүріп, діндегі негізгі принциптер тұлға құрылымына кіріп кетеді.

Демек, сыртқы мотивацияланған индивидтер өз діндерін қолданатын болса, ішкі мотивацияланған индивидтер сол дінмен өмір сүреді.

Діни тұлға типтерін дифференциациялау белгілі бір жағдайда шартты және ол бірнеше факторлармен байланысты: діни объектіні таңдау; отбасындағы дәстүрлер; мемлекет. Діни тұлға типтерін классификациялауда аңғаратын мәселе – діни тұлға әрқашан тек бір ғана тип өкілі болып қала бермейді, ол бірнеше типтің әрекет-қылықтарын өзіне біріктірген болуы да мүмкін. Тәжірибелер көрсеткендей, жоғарыда аталған типтер статикалық сипатта емес, бір типтен екіншісіне өтуі мүмкін. Осындай жағдайлар діни тұлға типтерінің кез келген орталарда, жамағатта түсініспеушілікке себеп болуы да мүмкін.

Тұлғалардың діншілдік деңгейі көбіне тұлғаның діни типін анықтайды. Анық болған діншілдік формалары: сыртқы және ішкі; шынайы және жалған; иллюзорлы және айқын; дәстүрлі және дәстүрлі емес деген формалар діни тұлға типтерінің концепцияларымен сәйкестік табады.

Діни тұлға типтерін классификациялаудағы критерийлер ретінде біздер мына жағдайларға мән береміз: діншілдік деңгейі мен сипаты; адамның психикалық және физикалық ерекшеліктері; адамның діни сенімінің тереңдігі мен интенсивтілігі; діни культтік тәжірибеге деген қызығушылық; өмірге деген көзқарас типі (дәстүрлі және дәстүрлі емес); нақты бір діни қауымға қатысты болуы.

Алдыңғы философиялық модельдер контекстіндегі діни тұлға дамуының жалпы жүйесін адам мен Абсолют арасындағы тылсым күш, адам жаратылысының мәні, жоғарғы эмоциялығымен ерекшеленетін психика толықтыра түсетіндей.

Діни тұлғаның әлеуметтік-психологиялық негізін адам мен Құдай арасындағы байланыс механизмі құрайды және типологиялық концептуалды модельдерін анықтайды.

Осылайша, қазіргі қоғамдағы діни тұлғаның дамуы мен қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері, яғни: өзіндік діни тәжірибеге негізделген діни сенімнің болуы, осы діни сенімдегі тұлғаның белсенділігі, әлем мен Абсолют арасындағы мұқалмас байланыстың бар екендігін өз әрекетімен көрсету.

### Нәтижелерді талқылау

Діни тұлғаларды классификациялау мәселесі біршама уақыттан бері қарастырылып келеді, қазіргі кездері, көбіне, әлеуметтік зерттеулер шеңберін қамтуда. Ресейлік зерттеулердегі діни тұлға типтерін классификациялауда бірнеше негіздерді бөліп көрсетуге болады:

1. Дінге деген қатынастағы топтардың негізінде дүниетанымдық типологиясын Н.А. Мельникова ұсынған [4]. Ол діни тұлғалардың алты типін бөліп көрсеткен: дінге деген сенімдері терең тұлғалар (діншілдігі әрекеттерінен көрінетіндер); діни сенімі барлары (әрекеттерінен діннің көрінісі әлсіз байқалатындар); күмәндік (дінге деген сенімі өзгермелі, кейде сенімі әлсіз, кейде әрекеттерінен діни сенім элементтері байқалады); адамдардың діндеріне индифференттілер (не сенімнің, не атеистік ұстанымның да болмауы, діни әрекеттердің мүлдем орындалмауы);

2. К.Г. Юнгтің интроверттік және экстриверттік тұлға типтеріне негізделген типология. Аталмыш типологияны Д.М. Угринович ұсынған болатын, оның пікірінше, «таза түрде» сирек кездесетін екі түрлі діни тип болады [8]: мистик-пайымдаушы (дін қоршаған ортадан оқшауланудың тәсілі ретінде қаралып, фантазия

мен иллюзия әлеміне ену); әлеуметтік қайраткер (дінді діни топтар мен діни қатынастар жүйесінде адамның өзіндік Мен бейнесін дәлелдеудің бір тәсілі ретінде қолданады).

3. Әлеуметтік ориентация критерийлер бағалауына және діншілдіктің қалыптасу жағдайлары негізіндегі типология. Э.В. Протасовтың эмпирикалық зерттеулер негізінде позитивті және негативті әлеуметтік қабылдаулары бар екі түрлі діни тұлға типтерін бөлініп шығарды [5]. Бірінші тип, қоғамдық жұмыстарда белсенді атсалысып, өзге діни бөлек не діни сенімі жоқ адамдарды сынап, я болмаса алыстатып деген тәрізді әлеуметтік әрекеттерден алыс тұлғалар. Ал негативті әлеуметтік қабылдауы бар типтер бойынша, қоғамдық іс-шараларға қатыспау, дінсіз адамдармен қарым-қатынас жасамау, адам тағдыры тек құдайдың қолында деген бағдарды ұстанады. Екінші критерий негізінде (діншілдіктің қалыптасу жағдайы), сонымен қатар, тұлғаның діни екі типі анықталған: балалық шақтан діни (бұл адамдар, дінге қалыпты, әуелден қалыптасқан құбылыс ретінде қарайды); «дінге келу» нәтижесінде дінді қабылдаған адамдар (әдетте, өмірлік кризистен шығар жол іздеп дінсіз ортада өсіп, дінге ақыл тоқтатқан, ересек кезде келген адамдар).

4. Индивидтің әлеуметтік әрекеттер жүйесіндегі типі мен діни сана мазмұнының деңгейі негізіндегі типология. Осы критерийлер негізінде И.Н. Яблоков діни тұлғалардың төрт түрлі типін бөлген [11, 111-112]: өмірлік ориентациясы діни ориентацияны анықтай түсетін діни тұлғалар; олар, дінде бар деген өзге де догмаларға сеніммен қарайды және олардың адамгершіліктің санасын дін басқарып тұрады, олар діни топтарда белсенді рөлге ие; діни ориентациясы бағынушы діни тұлғалар; Құдайға деген сенімі сақталғанымен, олар діндегі маңызды деген элементтерді жоғалтып алған; Құндылықты сана сезімдері діннің әсерінен тәуелсіз, культтік әрекеттерді орындауы әлсіз, діни жиналыстарға саналы түрде қатыспайды; дін мен дінсіздік арасындағы ауыспалы адамдар, олар құдайдың бар екендігіне күмәнмен қарап, культтік әрекеттерді оқта-текте ғана орындайды, діни топтармен қатынастары тұрақсыз, діни көзқарастармен бөлісетіндер қатарында емес.

### Қорытынды

Сонымен, жоғарыдағы айтылған мәселелерді қорытындылайтын болсақ, діни тұлға – діни қасиеттерді, сана мен әрекеттері және дүние-

танымдық көзқарастары мен әлеуметтік қатынастар субъектісі деп айта аламыз. Діни тұлға типтері классификациясына негіз болған критерилер әр жақтылығына қарамастан бір-бірін толықтырмаса, қарсы келмейтінін байқадық.

Діни психологиялық, оның ішіндегі діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне бағытталған зерттеулер жоқтың қасы деп айта аламыз. Қазіргі, әлемдік деңгейде орын алып отырған діни шиеленіс кезеңінде аталмыш жұмыстың әлеуметтік зерттеу мәнділігі артып отыр. Діни тұлғаның дамуы мен қалыптасуының нәтижесінде, діннің әр индивидте өзінше трансформациялануының салдарынан пайда болған діни тұлғаның психологиялық типтерін анықтау және осы типтердің қоғамдық мінез-құлықтары мен жүріс-тұрысына психологиялық сипаттама жасау міндетіміздің бірі болып отыр. Ондағы мақсат, осы типтерді анықтау арқылы қоғамдағы әр-түрлі қылмыстық, бұзақылық, деструктивті секталық топтарға қатысты болудың алдын алады.

Діни тұлғаның дамуы мәселесін қарастыруда, негізгі жағдай ретінде, қалыптасып қойған діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін типологияға жіктеу арқылы зерттеуде ұтымды тұстарының бар екендігін айта кеткен болатынбыз. Алайда, қоғамдағы соңғы жылдардағы әртүрлі сипаттағы орын алып жатқан өзгерістер дін мәселесінің зерттеу аясының әлі де болса кеңейтуін қажет етіп тұр. Осы орайда, діни сана, діни тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін методологиялық жағынан зерттеуге жаңа жол ашылғандай. Мақаламыздың тәжірибелік құндылығы, дінді объективті түсініп және сол дінге деген қатынасы адекватты түрде жүзеге асуын қадағалауда және өзіндік діни құндылықты ерекшелікке ие болған діни тұлға типтерін анықтауға арналған бағалаушы құрал ретінде қызмет етеді деген сенімдеміз.

Аталмыш тақырыптағы зерттеулер көбіне шетелдік және ресейлік авторлардың еншісінде екендігін байқадық. Осы орайда, діни тұлға мәселесін және діни тұлға типтерін классификациялау типологиялау мәселесіне қатысты зерттеулерді біздер, қазақстандық дінтанушы, психологтар мен әлеуметтанушылар қауымы болып, өз ұлттық және діни ерекшелігімізді ескере отырып, тәжірибелік тұрғыда зерттеулер жасалынады деген перспективті ұстанымымыздың бар екендігін айта кетуді жөн санап отырмыз.

Шетелдік және ресейлік авторлардың аталмыш тақырыпта жасалынған зерттеу жұмыстарын талдай келе, қазіргі таңдағы біздің

Қазақстан қоғамындағы діни-әлеуметтік сфера-сында әлі де болса нақты шешімін күтіп тұрған бірқатар проблемалардың баршылық екендігін сөзге тірек етеміз. Айтпағымыз, әр ұлттың

және этностың өз дәстүрімен біте қайнасқан ерекшеліктері бар, демек, діни тұлғаға қатысты типологияларда және жинақтауларда да осы ерекшелік ескерілсе құба-құп болар еді.

#### Әдебиеттер

- 1 Вундт В. Проблемы психологии народов. – СПб.: Питер, 2001. – 160 с.
- 2 Джеймс У. Многообразие религиозного опыта. – М.: Наука, 1993.
- 3 Краткий психологический словарь / под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. – 512 с.
- 4 Мельникова Н. А. Социальная психология. – М.: Аллель-2000, 2005.
- 5 Политическое самообразование. – 1975. – № 11. – С. 109–116.
- 6 Тощенко Ж. Т. Социология. Общий курс. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Прометей: Юрайт-М, 2001. – 511 с.
- 7 Угринович Д.М. Введение в религиоведение. – 2-е изд., доп. – М.: Мысль, 1985. – 270 с.
- 8 Угринович Д. М. Психология религии. – М.: Политиздат, 1986. – 352 с.
- 9 Финк Р.А. Религиоведение: учеб. пособие. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2009. – 112 с.
- 10 Фрейд З. Будущее одной иллюзии // Фрейд З. Психоанализ. Религия. Культура. – М.: Ренессанс, 1992. – С. 17–64.
- 11 Яблоков И. Н. Методологические проблемы социологии религии. – М.: МГУ, 1972. – 133 с.
- 12 Allport G. The Religious Context of Prejudice // Journal for the Scientific Study of Religion. – 1966. – Vol. 5. – P. 454–455.
- 13 Batson C.D., & Ventis, W. L. The religious experience: A social-psychological perspective. – New York : Oxford University Press; Main, R. (2007), 1982. – 256 p.
- 14 Elkind D. The child's conception of his religious identity // Lumen Vitae, 19. – 1964. – P. 635–646.
- 15 Гараджа В.И., Социология религии. – М.: Инфра-М, 2007.
- 16 Словарь иностранных слов. – М.: Рус. яз., 1983. – 608 с.
- 17 Суждения и афоризмы / Ф. Ларошфуко, Б. Паскаль, Ж. Лабрюйер / сост. Н.А. Жирмунская. – М.: Политиздат, 1990. – 384 с.
- 18 Теофраст. Характеристики / Теофраст // Парадоксы души. – Симферополь: «Реноме», 1998. – С. 9-34.
- 19 Психологическая типология: хрестоматия / сост. К.В. Сельченко. – Мн.: Харвест; М.: АСТ, 2000. – 592 с.
- 20 Piedmont, R. L. (2005). The role of personality in understanding religious and spiritual constructs. In P. Park (Ed.), Handbook of the Psychology of Religion and Spirituality. New York: Guilford.

#### References

- 1 Wundt V. Problems of the psychology of peoples. – St. Petersburg. : Peter, 2001. – 160 with.
- 2 James W. Variety of religious experience. – М.: Science, 1993.
- 3 The short psychological dictionary / under the editorship of. A.V. Petrovsky, M.G. Yaroshevsky. – Rostov N / D.: Phoenix, 1998. – 512 pages.
- 4 Melnikova NA Social psychology. – Moscow: Allel-2000, 2005.
- 5 Political self-education. – 1975. – No. 11. – P. 109-116.
- 6 Toshchenko Zh. T. Sociology. General course. – 2 nd ed., Ext. and pererab. – М.: Prometheus: Yurayt-M, 2001. – 511 p.
- 7 Ugrinovich DM Introduction to Religious Studies. – 2 nd ed., Ext. – Moscow: Thought, 1985. – 270 p.
- 8 Ugrinovich DM The psychology of religion. – М.: Politizdat, 1986. – 352 p.
- 9 Fink, RA Religious Studies: A Study Guide. – Омск: Izd-vo OmGTU, 2009.-112 p.
- 10 Freud 3. the Future of one illusion // Freud 3. Psycho-analysis. Religion. Culture. – М.: Renaissance, 1992.C.17-64.
- 11 Yablokov I. N. Methodological problems of sociology of religion. – М.: MSU, 1972. – 133 with.
- 12 Allport G. The Religious Context of Prejudice//Journal for the Scientific Study of Religion. – 1966. – Vol. 5. – P. 454–455.
- 13 Batson C.D., & Ventis, W. L. The religious experience: A social-psychological perspective. – New York: Oxford University Press; Main, R. (2007), 1982. – 256 p.
- 14 Elkind D. The child's conception of his religious identity//Lumen Vitae, 19. – 1964. – P. 635–646.
- 15 Garadzha V.I., religion Sociology. – М.: Infra-M, 2007.
- 16 Dictionary of foreign words. – М.: Russian language, 1983. – 608 pages.
- 17 Judgments and aphorisms / F. La Rochefoucauld, B. Pascal, Zh. Labryuyer / сост. N.A. Zhirmunskaya. – М.: Politizdat, 1990. – 384 pages.
- 18 Characteristics / Teofrast//soul Paradoxes. – Simferopol: «Reputation», 1998. – Page 9-34.
- 19 Psychological typology: anthology / сост.: K.V. Selchenok. – М.: Nuclear heating plant, 2000. – 592 pages.
- 20 Piedmont, R. L. (2005). The role of personality in understanding religious and spiritual constructs. In P. Park (Ed.), Handbook of the Psychology of Religion and Spirituality. New York: Guilford.

## Исмагамбетова З.Н.<sup>1</sup>, Аубакирова С.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>PhD доктор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қазақстан, Павлодар қ.,

e-mail: aubakur@mail.ru

### ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Берілген мақаланы жазу барысында толеранттылық халықаралық, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың маңызды талабы ретінде қарастырылды. Мақаланы жазудың мақсаты әлемдік қауымдастықтағы күрделі халықаралық қатынастардың, конфессияаралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың тиімді әрі әділетті болуының бірден-бір шарты болатын толеранттық қағидаты ғылыми тұрғыдан түсіндіруді, пайымдауды қажет етеді. Басқа этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне деген құрмет, тең қарым-қатынас, төзімділік – бұл өркениеттің жемісті болуының бірден-бір шарты. Толеранттылықты өзінше бір мақсат ретінде қарастырмау қажет, ол бір қоғамда бірлесіп тіршілік етудің белгілі бір құралы, тетігі болуы керек. Төзімділік ретінде түсінілетін толеранттылық адамдардың бір-бірін, белгілі бір топтарды құрметтеп, оларға төзімділікпен қарауын, мәртебесін, құқықтарын бағалап, сыйластықпен ықылас білдіруін көрсетеді. Ол – мәдениеттердің сұхбатын, ымыраға келуді, бейбіт тіршілік етудің басымдылық ретінде ұстанатын жағдайдың сипаты. Мақаланы жазу барысында тарихи-философиялық әдістер, салыстырмалы талдау әдісі қолданылды.

**Түйін сөздер:** толеранттылық, жаһандану, мәдениет, қоғам.

Ismagambetova Z.N.<sup>1</sup>, Aubakirova S.S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>S. Toraigyrov Pavlodar State University, Kazakhstan, Pavlodar,

\*e-mail: aubakur@mail.ru

### Prerequisites of the research of tolerance phenomenon

In the course of this research, tolerance was seen as a basic requirement of international, social and interpersonal relations. The aim of the research requires an explanation and reasoning, from the point of view of science, complex international relations, confessional and intercultural relations, which will be rational and fair, being the only condition for the principle of tolerance. Respect for other ethnic groups, representatives of religion and culture, equal relationship, tolerance is the only condition for the fruitful development of civilization. Tolerance cannot be viewed as a separate goal; it should be one of the tools and key of existence in society. Tolerance shows respect between people, certain groups, patient outlook, status, the value of rights and the display of benevolent respect. It is a description of the dialogue of cultures, of compromise, of the priority status of peaceful life. During this research, there were used historical-philosophical methods and a method of comparative analysis.

**Key words:** tolerance, globalization, culture, society.

Исмагамбетова З.Н., Аубакирова С.С.

<sup>1</sup>профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>PhD, Павлодарский Государственный университет имени Торайгырова, Казахстан, г. Павлодар,

\*e-mail: aubakur@mail.ru

### Предпосылки исследования феномена толерантности

В ходе написания статьи толерантность рассматривалась как основное требование международного, общественного и межличностного отношения. Цель написания статьи – сложные международные отношения, конфессиональные и межкультурные взаимоотношения,

которые будут рациональными и справедливыми, являются единственным условием принципа толерантности. Уважение к другим этносам, представителям религии и культуры, равное взаимоотношение, терпимость – это единственное условие плодотворного становления цивилизации. Толерантность нельзя рассматривать как отдельную цель, она должна быть одним из инструментов и ключом существования в обществе. Толерантность, понимающаяся как терпимость, показывает уважение между людьми, определенных групп, терпеливый взгляд, статус, ценность прав, проявление благосклонного уважения. Она есть описание диалога культур, компромисса, приоритетного состояния мирной жизни. В процессе написания статьи были использованы исторически-философские методы, метод сравнительного анализа.

**Ключевые слова:** толерантность, глобализация, культура, общество.

## Кіріспе

Біз көптеген зерттеушілердің толеранттылықты ежелгі философиялық ілімдерден келе жатқан мәселе ретінде қарастыратын көзқарастарына, пікірлеріне қосыламыз. Мысалы, отандық зерттеушілердің бірі И. Цепкованың айтуынша, толеранттылыққа ежелгі дәуір тарихынан да мысалдар келтіруге болады. Айталық, б.з.д. 28 ғасырға тән көне египеттік саяси-діни құжаттардың бірі «Птахотеп тәлімдерінде» басшылардың төменгі сатыдағы адамдармен дұрыс қатынас жасау керектігі айтылған. Вавилон патшасы Хаммурапи заңдарында (б.з.д. 18 ғ.) патша қаһарлы, бірақ өзіне бағыныштыларға қамқор, әділ әке ретінде бейнеленеді. Ол әлсіздерге әділдердің қоқан-лоққы жасауына жол бермейді. Жетім-жесірлерге қарасады [1, 4 б.].

Ғылыми зерттеудің өзектілігінің бірі – толеранттылықты зерттеудегі теориялық негізді табу болып табылады. Осы тұрғыда, толеранттылық мәселесін мәдени-философиялық жолмен зерттеудің бірнеше ғылыми зерттеу топтарын көрсетуге болады. Бірінші топқа «батыстық» тарихи-философиялық мектептерінің еңбектерін жатқызамыз. Онда «толеранттылық» ұғымы әртүрлі түсініктемеде берілді және әртүрлі мектептер мен ағымдардың өкілдері бұл туралы сөз қозғады. Мысалы, оны антика заманынан басталғанын көруге болады. Атап айтқанда, бұл мәселе Аристотель мен Гераклиттің [2] еңбектерінде кездеседі және ол қазіргі заманғы зерттеулермен сәйкес келеді, яғни батыс еуропалық зерттеулерде, отандық әлеуметтік философияда, мәдениеттануда, антропологияда және басқа ғылыми еңбектерде көрініс тапқан.

Гесиод, Гомердің лирикалары, жеті данышпанның афоризмдері сияқты Ежелгі Грек әдебиеттерінде жеке және ортақ игіліктің өзара қатынасы, бір адамның мақсатының басқа адамдардың тілектерімен сәйкес келуі туралы мәселе ерекше қарастырылады. Эфестік Гера-

клит: «Тәңір үшін бәрі де тамаша, жақсы және әділ; адамдар болса, бір нәрсені әділ деп, өзгені әділетсіз дейді» [3].

Грек философиясының ең көрнекті өкілі болып табылатын Аристотельдің биязылық, әдептілік немесе жағымпаздық және қыңырлықтың арасында ол өзі арнайы атау бермеген бір игілікке деген көзқарасы бар. Бұл игілік сыпайылыққа жақын, бірақ одан өзгешелігі ол «толқумен байланысты емес және араласатын адамға деген махаббатты, сүйіспеншілікті білдірмейді». «Бұл игілікке ие болған адам өзіне жақын адамдарға да, өзіне таныс емес адамдарға да бірдей қарайды». Мұндай адам, Аристотельдің ойынша, «басқалармен араласу кезінде өзін дұрыс ұстайды». Бұл «алтын ортаға» жататын игілік, біздің көзқарсымыз бойынша, толеранттылыққа сәйкес келеді. Аристотель адамдардың негізгі игілігін «алтын орталық» дей отырып, «төзімділік» ретінде адамдар мен заттардың тең дәрежелі тіршілік етуін түсінеді [4].

Антикалық философияда «Басқа» категориясы пайда болды. «Басқаға» деген қатынастың принциптері қоғамның даму заңдылықтарына сай өзгерістерге ұшырап отырады. Кезіндегі «Басқамен» сұхбат кезінде «бір-бірімен сыйысып өмір сүру», «достық қатынас» және алауыздыққа жол бермеу сияқты қарапайым қатынастардан ұждан бостандығы (дінге еріктілік) принципінің және ұнатушылық (тілектестік, аяушылық) білдіруге дейін өзгерген қоғамды көруге болады. Антикалық философиялық ойдың әр түрлі мектептерінде және бағыттарында «толеранттылық» ұғымына ұқсас анықтамалар табуға болады. Оларға момындық, сыйымдылық, «басқаны тыңдай білу» (Пифагор), тәрбие мен білім арқылы құмарлықты шектеу (Сократ), интеллектуалды түрде өзін-өзі қорғау, сыйымды мінез (Платон) жатады.

Антикалық философияда толеранттылық идеясын жоққа шығарған да, оны жақтаған да көзқарастардың болғанын көруге болады. Яғни,



антикалық дәуірде толеранттылық идеясының тарихы емес, тарихтың алғышарттары болды деген дұрыс болады.

Сонымен қатар, 2017 жылы ЕАЭО елдерінде өнеркәсіп өнімдерін шығару 2,6 % өсім көрсетіп отыр, негізінен бұл өсім Армения, Қырғызстан

мен Россиядағы тауар өндірудің артуымен тығыз байланысты болып отыр. Бүгінгі таңда ЕАЭО ауқымындағы көрсетілетін қызмет түрлерінің жартысынан астамы біртұтас нарық жағдайында жүзеге асуда. Қызмет көрсету нарықтың 43 саласын қамтуда, оның ішінде жаңа ақпараттық технологиялар, құрылыс, сәулет, ауыл, орман және аң шаруашылықтары, сауда, франчайзинг, қонақ үй, қоғамдық тамақтандыру, машина мен құрал-жабдықтарды жалға беру, ойын-сауық және демалыс, туризм салаларындағы қызметтер.

ЕАЭО ауқымындағы өзара сауданың қарқыны әлемдік нарықтағы мұнай бағасымен тығыз байланысты өрбүде. Оған ЕАЭО мүшелдердің өзара саудасының құрылымындағы энергетикалық тауарлардың үлесі айтарлықтай (29,9% – 2015 жылы, 22,8% – 2016 жылы) болуы өзіндік ықпалын тигізуде. Әлемдік нарықтағы мұнай бағасы соңғы жылдары қатты құлдырағаны белгілі, 2016 жылы мұнай баррелінің жылдық орташа құны 29 АҚШ долларына дейін төмендеді, 2015 жылы оның орташа бағасы барреліне 34 \$, 2014 жылы мұнайдың жылдық орташа бағасы – 46 \$ құрады. Осыған байланысты, ЕАЭО елдерінің сыртқы сауда көлемі 2015 жылы 33,6% төмендеді, оның ішінде экспорт 32,7% азайған еді. Ал 2016 жылы ЕАЭО сыртқы саудасы 2015 жылғымен салыстырғанда 12% азайып, экспорт көлемі 17,5% қысқарған болатын. ЕАЭО елдерінің сыртқы саудасының құрылымындағы энергетикалық товарлар көлемі 2015 жылы – 64,6%, 2016 жылы – 58,9%

құраған болатын [2]. Көріп отырғанымыздай, ЕАЭО сыртқы саудасының жартысынан астамын шикізат тауарлар (мұнай газ, көмір, металдар т.б.) құрайды.

2017 жылдың қаңтар-шілде айларындағы ЕАЭО мүше-елдерінің өзара сауда көлемі 29,6 млрд. АҚШ долларын құраған, бұл 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда 127,8% болған, яғни өсім байқалып отыр.

2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда ЕАЭО ауқымындағы өзара сауданың пропорциясы мынадай болды. Өзара

экспорттағы Қазақстан Республикасының үлесі 9%-дан 9,7%-ға дейін өскен. Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы бойынша көрсеткіштер өзгермеген, сәйкесінше 0,9% және 1,1% болып қала берген. Беларусь Республикасының өзара экспорттағы үлесі 26%-дан 25,7%-ға дейін азайған, ал Ресей Федерациясының үлесі – 63%-дан 62,6%-ға кеміген.

Енді осы соманың құрылымына келсек, оның құрамындағы экспорт пен импорт көлемін төмендегі № 1 және № 2 диаграммалардан көруімізге болады.



**1-сурет** – 2017 жылдың қаңтар-шілде айларындағы ЕАЭО елдері арасындағы өзара сауданың құрамындағы мүше-елдердің бір-біріне тауар экспортының көлемі



**2-сурет** – 2017 жылдың қаңтар-шілде айларындағы ЕАЭО елдері арасындағы өзара сауданың құрамындағы мүше-елдердің бір-бірінен тауар импорттау көлемі

Армения Республикасының ЕАЭО елдерінен тауар импорттау көлемі биылғы жартыжылдықта 2016 жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 2,3%-дан 2,4%-ға артқан, Қазақстан Республикасының импорты да 21,7%-дан 22,7%-ға өскен, Ресей Федерациясының ЕАЭО елдерінен тауар импорттауы – 34,2%-дан 35%-ға көбейген. Өзара импортта құлдырауға ұшыраған мүшелдер Беларусь Республикасы – 37,9%-дан 36,5%-ға азайған, Қырғыз Республикасының үлесі де – 3,9%-дан 3,4%-ға кеміген.

ЕАЭО елдерінің өзара саудасының құрамын қарастырсақ, оның басым бөлігін минералды табиғи заттар алып жатыр (ЕАЭО өзара саудасының 28,3%). Ал ЕАЭО нарығындағы барлық минералды тауарлардың 84% Ресейдің үлесіне тиесілі. Одақ ішіндегі өзара сауда көлемінің 17,5% машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдары алады, бұл тауарлардың 54,9% Ресейге, 41,8% – Беларуське тиесілі. Қалған 3,3 % Қазақстан, Қырғызстан мен Армения үлесі. ЕАЭО өзара саудасының 15,5% азық-түлік тауарлары мен ауылшаруашылық шикізатына тиесілі (оның 54,7% Беларусь Республикасына, 34,3% – Ресей Федерациясына тиесілі, қалған 11 % Қазақстан, Қырғызстан мен Армения үлесі). Металл және метал бұйымдардың көлемі 13,2%, оның да 61,1% Ресей Федерациясына тиесілі.

2017 жылдың қаңтар-шілде айларындағы ЕАЭО елдері арасындағы өзара сауданың көлемін 2016 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда Армения Республикасының ортақ нарықтағы экспортының өсімі 29% құрап отыр. Оның ішінде азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының көлемі 19,7% артқан (одақ ішіндегі өзара саудадағы Арменияның жалпы экспортының 61,9% азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізаты құрайды). Ал Арменияның одақ ішіндегі текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім экспорты 21,2% өскен (жалпы экспортының 13,5% құрайды), машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдарының экспорты екі есеге өскен (жалпы экспортының 6,5% құрайды).

Дәл осындай кезеңдегі Беларусь Республикасының ЕАЭО ішіндегі экспорты 26,3% өсім көрсеткен. Оның ішінде азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының экспорты 20,4% өскен (өзара саудадағы Беларусь экспортының 33% құрайды), машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдарының экспорты 36,8% өскен (жалпы экспортының 28,4% құрайды). Беларуссиялық текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім экспорты 19% өскен (жалпы

экспортының 7,4% құрайды), металл және метал бұйымдардың көлемі 36,5% өскен (жалпы экспортының 6,9%).

Қазақстан Республикасының ЕАЭО ауқымындағы экспортының көлемі 37,5% өскен. Оның ішінде минералдық заттар экспорты 48,8% өскен (ЕАЭО ішіндегі өзара саудадағы Қазақстан экспортының 36,4 % құрайды). Қазақстандық металл және метал бұйымдардың көлемі 2 есеге жуық (жалпы экспортының 34,2 %), азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының экспорты 2,5% өскен (өзара саудадағы ҚР экспортының 8,5 % құрайды). Ал қазақстандық химия өнеркәсібінің экспорты 6,8% төмендеген (ЕАЭО ауқымындағы экспорттың 14,1%).

2016 жылмен салыстырғанда биылғы жартыжылдықта Қырғыз Республикасының ЕАЭО ауқымындағы экспорт көлемі 32,8% өскен. Қырғызстандық текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім экспорты 2,5 есеге жуық өскен (өзара саудаға шығарылатын қырғыз экспортының 36,8%). Ал азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының экспорты 2 есеге жуық өссе (одақ ішіндегі экспорттың 29,4%), минералдық өнімдер экспорты 22,3% кеміген (ЕАЭО ішіндегі қырғыз экспортының 19,1 %).

Енді ЕАЭО ең мықты мүшесі – Ресей Федерациясының ЕАЭО ішіндегі экспортына келсек, ол жалпы алғанда 26,9% өскен. Оның ішінде ресейлік минералдық өнімдердің экспорты 19,1% ұлғайған (ЕАЭО ішіндегі өзара саудаға шығарылатын Ресей экспортының 38%). Орыс машиналары, құрал-жабдықтары мен көлік құралдарының экспорты 40,8% өскен (РФ жалпы экспортының 15,4% құрайды), металл және метал бұйымдардың көлемі 49,1% артқан (одақ ішіндегі экспорттың 12,9%), химиялық өнеркәсіп өнімдерінің экспорты 31,7% өскен (ЕАЭО ішіндегі Ресей экспортының 12,4%), азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының экспорты 22,1% өскен (өзара саудаға шығатын Ресей экспортының 8,5%) [3].

Ал енді ЕАЭО мүше-елдерінің сыртқы сауда көлеміне тоқталайық. 2017 жылдың қаңтар-шілде айларындағы ЕАЭО мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымы 341,3 млрд. АҚШ долларын құраған, оның ішінде тауар экспортының көлемі 209,5 млрд. \$, импорт – 131,8 млрд. \$ жеткен. 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда сыртқы сауда көлемі 26,2% өскен, бұл ақшалай көрсеткенде 70,9 млрд. \$ артық (экспорт 26,7% өскен (44,1 млрд. АҚШ долл. артық, импорт – 25,5% артқан (26,8 млрд. АҚШ долл. артық). ЕАЭО сыртқы сауда

профициті 2017 жылы 77,7 млрд. АҚШ долл. құраған (бұл көрсеткіш 2016 жылғы қаңтар-шілде аралығында 60,4 млрд. АҚШ долл. болған) [3].

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің 2017 жылғы қаңтар-шілде айларындағы сыртқы саудадағы үлестерін төмендегі диаграммдан көруімізге болады.



3-сурет – ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің 2017 жылғы қаңтар-шілде айларындағы сыртқы саудадағы үлестері (%)

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің сыртқы саудадағы тауар құрамына қарасақ, оның үштен екі бөлігін минералды заттар алып жатыр (ЕАЭО үшінші елдерге жалпы экспортының 65,4%), металл және метал бұйымдарының үлесі 10,6%, химия өнеркәсібінің өнімдері 6,2%. Бұл ЕАЭО экспорттайтын өнімдердің 80% жуығын Ресей Федерациясы шығарады.

ЕАЭО шетелдерден импортының ішінде машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдарының үлес салмағы ең көп – барлық импорттың 43,8%. Химиялық өнімдер 18,5%, азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізаты 12,8%. Бұл жерде де ұқсас жағдай, яғни, ЕАЭО шетелдерден импортының 80% жуығы Ресей Федерациясына тиесілі.

Армения Республикасының үшінші елдерге экспортының көлемі 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда биыл 19,6% өскен. Минералды заттар экспорты 42% артқан (Арменияның шетелдерге жалпы экспортының 39,7%), азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты – 30,6% өскен (экспорттың үлесі 17,8%), металдар мен темір бұйымдары – 24,2% өскен (армяндық экспорттың 16%).

Беларусь Республикасының 2017 жылғы қаңтар-шілде айларындағы экспортының көлемі былтырғы осындай кезеңмен салыстырғанда 16,7% өскен. Оның ішінде минералды өнімдер экспорты 21,9% өскен

(Беларусь Республикасының шетелдерге жалпы экспортының 45,7%), химия өнеркәсібі өнімдерінің экспорты – 14,4% өскен (22,8%), белорусиялық машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдардың экспорты 11,3% артқан (8,7%), металл және метал бұйымдарының үлесі 17,3% (6,9%), ағаш және целлюлоза-қағаз өнімдері – 27,1% өскен (Беларусь шетелдерге экспортының 5,7%).

2016 жылдың қаңтар-шілде айларына қарағанда 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы экспортының көлемі 135% өсім көрсетіп, рекорда жасап отыр. Оның ішінде минералды өнімдер экспорты 42,9% өскен (шетелдерге шығарылатын қазақстандық жалпы экспорттың 72,6%), металл және оның бұйымдары – 38,5% өскен (экспорттың 16,5%). Алайда, қазақстандық химия өнеркәсібінің экспорт көлемі 17,2% азайған (экспорттың 3,8%).

Қырғыз Республикасының шетелдермен экспорттық саудасы 2016 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда биыл 24,3% артқан, оның ішінде қымбат металдарды сату 32,6% өскен (шетелдерге шығарылатын қырғызстандық экспорттың 60,3%), минералды өнімдер – 1,6 есе өскен (10%), азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты 9,2% артқан (6,2%). Ал қырғызстандық машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдардың

экспорты 5,4% кеміген (шетелдік экспорттың 8,4%).

2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда биылғы осы кезеңде Россия Федерациясының ЕАЭО сыртқа тауар экспортының көлемі 26,2% өскен. Минералды өнімдерді экспорттау 35,1% өскен (Ресейдің шетелдерге жалпы экспортының 65,6%), металл және оның өнімдері 25,1% артқан (9,9%), химиялық өнеркәсіп өнімдері 12,3% өскен (5,8%), азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты 18,3% өскен (4,8%).

Енді ЕАЭО елдеріне шетелдерден келетін импортты қарастырайық. Армения Республикасының шетелдерден импорт көлемі былтырғыға қарағанда 26,9% өскен. Ең көп өсім көрсеткен сала машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдар импорттау көлемі 22,5% ұлғайған (Арменияның шетелдерден алатын жалпы импортының 23,4%), химиялық өнеркәсіп тауарларын импорттау – 47,7% артқан (19,6%), азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің импорты – 9,5% (17,4%), текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім импорты 29,3% (10,4%), металл және оның өнімдері – 23% өскен (5,3%). Армения импортында минералдық өнімдердің үлесі 7,1% төмендеген (Арменияға шетелдерден енетін импорттың 6,4%).

Беларусь Республикасының шетелдерден импортының көлемі де 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда биылғы бірінші жартыжылдықта 19,9% өскен. Оның ішінде машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдар импорттау көлемі 19,4% өскен (Беларусияның шетелдерден жалпы импортының 31,3%), азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының импорты – 16,3% (27%), химиялық өнеркәсіп тауарларын импорттау – 14,3% (18,6%), текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім импорты – 37,8% (7,8%), металл және оның өнімдері – 28% өскен (7,4%).

Қазақстан Республикасының импорт көлемі де 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда биыл 112,7% артқан, оның ішінде машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдар импорты 15,6% өскен (Қазақстанның ЕАЭО тыс шетелдерден жалпы импортының 44,5%), химиялық өнеркәсіп тауарларын импорттау 25,9% артқан (жалпы шетелдік импорттың 18%), азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының импорты – 5,6% (жалпы шетелдік импорттың 10,7%), текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім импорты – 31,4% (жалпы шетелдік импорттың 5%) өскен. Ал енді шетелдерден


металл және оның өнімдерін сатып алу 25,6% қысқарған (жалпы шетелдік импорттың 9,7%).

2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда ағымдағы жарты жылда Қырғыз Республикасының шетелдерден тауар импорттау көлемі 8% өскен. Оның ішінде текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім импорты 15,3% артқан (Қырғызстанның шетелдік жалпы импортының 34,9%), машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдар – 2,6% (26,3%), химиялық өнеркәсіп тауарларын импорттау – 24,7% (16 металл және оның өнімдерін сатып алу – 14,3% (5,3%) өскен. Бірақ азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының импорты 6,5% төмендеген (Қырғыз еліне шетелден келетін жалпы импорттың 6,2%).

2016 жылдың қаңтар-шілде айларына қарағанда биылғы бірінші жартыжылдықта Ресей Федерациясының ЕАЭО сыртынан, шетелдерден импортының көлемі де рекордтық 127,4% артып кеткен. Шетелден машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік құралдар сатып алу 33,7% өскен (Ресейдің шетелдерден импортының 45,1%), химиялық өнеркәсіп тауарларын импорттау – 19,7% (18,6%), азық-түлік пен ауылшаруашылық шикізатының импорты – 16,1% (12%), металл және оның өнімдерінің импорты – 35,8% (6,4%), текстиль, мақта-мата бұйымдары мен аяқ киім импорты – 24,3% (6,2%) өскен.

Жалпы алғанда, 2016 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕАЭО сыртқы саудасындағы жағымды сальдо көлемі 60,4 млрд. АҚШ долларынан 77,7 млрд. АҚШ долларына дейін артып отыр. ЕАЭО мүше елдерінің сыртқы сауда профициттеріне келсек, бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы бойынша 2016 жылы 9,4 млрд \$ болса, 2017 жылы 14,7 млрд. \$ жеткен. Ресей Федерациясында – былтыр 51,5 млрд \$, биыл 63,9 млрд. \$. Алайда ЕАЭО өзге мүшелерінде бұл көрсеткіш төмендегені байқалады. Беларусь Республикасының сыртқы саудасындағы оң сальдо 2016 жылы 658 млн. \$ болса, 2017 жылы бұл 558,2 млн. \$ дейін төмендеген. Армения Республикасының шетелдермен сыртқы саудасындағы теріс сальдосы 2016 жылы 381,3 млн. \$ болса, 2017 жылы 539,6 млн. АҚШ долларына жеткен, ал Қырғыз Республикасындағы теріс сальдо \$ болса, 2016 жылы 805,1 млн. \$ болса, 2017 жылы 787,3 млн. \$ дейін төмендеген [3].


ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің сыртқы саудасында қандай шетелдерінің үлесі басым екенін төмендегі диаграммадан көре аламыз.



4-сурет – ЕАЭО елдерінің 2017 жылдың бірінші жарты жылдығындағы шетел экспортының географиясы

ЕАЭК Статистика департаментінің мәліметіне сүйенсек, ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің экспортының басты сатып алушысы – Еуропалық одақ болып табылады (жалпы экспорттың 52,2%). Еуропалық одақтың ішінде, әсіресе Нидерланды (11,6%), Германия (7,2%), Италия (6,2%), Польша (3,4%) ЕАЭО экспортының басты тұтынушылары саналады.

Ал АТЭЫ елдеріне ЕАЭО экспортының 25,2% тиесілі, оның ішінде Қытай – 11,6%, Оңтүстік Корея – 3,6%, Жапония – 3,1%, АҚШ – 3%. ТМД елдеріне ЕАЭО экспортының аз ғана бөлігі – 5,4% тиесілі, оның ішінде Украинаның ғана үлесі – 3,1%. ЕАЭО басқа елдерге экспортының ішінде Түркия ерекше орын алады, ЕАЭО жалпы экспортының 4,9% тиесілі.



5-сурет – ЕАЭО елдерінің 2017 жылдың бірінші жарты жылдығындағы шетелдерден келетін тауар импортының географиясы

ЕАЭО мүше-елдері өздеріне қажетті тауарларды негізінен АТЭЫ аймағынан (жалпы импорттың 42,5% АТЭЫ елдерінен келеді) және Еуропалық одақтан импорттап отыр (жалпы импорттың 40,4%). АТЭЫ елдерінен ЕАЭО ең көп импорт Қытайдан енеді (22,7%), АҚШ үлесі (6%), Жапония (3,5%), Оңтүстік Корея (3,3%). Еуропалық одақ елдерінен Германия (11,1%), Италия (4,8%), Франция (4,1%) ЕАЭО

айтарлықтай тауар импорттап отыр. ЕАЭО мемлекеттеріне ТМД елдерінің импорты аз келуде, бар-жоғы жалпы импорттың 4,3%, оның ішінде Украинадан – 2,8%. Ал ЕАЭО импортталатын Түркия тауарлары жалпы импорттың 2,1% құрайды [3].

ЕАЭО биыл қол жеткізген жетістіктеріне қарамастан, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың пайымдауынша, бұл экономии-

калық одақты одан әрі нығайту керек. 2017 жылғы 14 тамызда Еуразия экономикалық одаққа мүше елдердің үкімет басшылары бірлескен бағдарламаларды талқылау үшін Астана қаласына жиналды. Еуразиялық үкімет-аралық кеңес отырысына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің премьер-министрлері Бақытжан Сағынтаев (Қазақстан), Карен Карапетян (Армения), Андрей Кобяков (Белоруссия), Сооронбай Жээнбеков (Қырғызстан), Дмитрий Медведев (Ресей) қатысты. Сондай-ақ, бұл отырысқа қатысушылардың ішінде Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Тигран Саркисян да болды. Қазақстан президенті Н. Назарбаев ЕАЭО елдерінің үкімет басшыларымен кездесу барысында: «Менің пікірімше, біз осы уақытқа дейін дұрыс бағытта келе жатырмыз. Туындаған мәселелерге қарамастан, Еуразиялық экономикалық одағымызды күшейтуіміз керек. Қазір алдымыздағы мақсатымыз – ішкі мәселелеріміз бен елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты әрі қарай дамыту. Бұл орайда негізгі жұмыс үкіметтердің мойнына артылады: экономикалық мәселелерді шешу, мемлекеттердің өзара ынтымақтасуын реттеу», – деп атап өтті [4].

Заманауи технологияларды өндірудің арқасында ЕАЭО ауқымындағы құс етін өндіру көлемі артып келеді. 2012 жыл мен 2016 жыл аралығында құс етін өндіру 27 % өсіп отыр, ал ЕАЭО елдерінің құс етімен өз-өздерін қамтамасыз ету 96 % жетіп отыр. Бұл саланы дамыту мақсатында ЕАЭО елдері «Құс шаруашылығын тұрақты дамыту жөніндегі іс-шаралар тізімін» бірлесіп жүзеге асыруға кіріскен. ЭЭК өнеркәсіп және агроөнеркәсіп жөніндегі коллегиясының мүшесі Сергей Сидорскийдің сөзінше, құс шаруашылығы ЕАЭО тез дамып келе жатқан салаларының бірі. 2016 жылы ЕАЭО құс етін тұтыну көлемі 5,5 млн тонн болса, құс етін өндіру 5,3 млн тоннаға жеткен (тұтынудың 96 %). ЕАЭО елдерінің құс етін экспорттауы 81,2 мың тонна, ал шетелдерден импортталатын құс етінің көлемі 311,7 мың тонна болған [5].

ЕАЭО елдерінің ағаш экспортының көлемі 2016 жылы 6,25 млн доллар болған, бұл көрсеткіш 2015 жылғымен салыстырғанда 5% артқан. Ал шет елдерден ағаш импорттау керісінше 30% төмендеген. Жақын арада ағаш өңдеу саласында жаңа технологияларды өндіру арқылы ағаш импортының қазіргі 18% көлемін 9% дейін төмендету көзделіп отыр [6].

Сонымен қатар ЕАЭО ауқымында ортақ еңбек нарығын қалыптастыруға барлық

жағдайлар жасалуда, әрбір мүше-мемлекеттің ұлттық жоғары оқу орындарының дипломдары ешбір қосымша рәсімдерсіз-ақ (нострификация т.б.) танылады. Алайда бұл мәселе тек педагогикалық, медициналық, фармацевтикалық және заңтану мамандықтарына таралмайды.

2017 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша ЕАЭО ішіндегі өңдеу кәсіпорындарының өнімдерін экспорттау 2016 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29% өскен. Осы қарқынды сақтап қалу мақсатында қазір ЕАЭО мүше-мемлекеттері шығарылған дайын өнімдерді үшінші елдердің нарығында сатуды арттыруға, экспортқа шығаруды ынталандыруға бағытталған ақыл-кеңестер жобасын талқылау үстінде. Сондай іс-шаралардың бірі – тауар өндірушілерге дайын өнімді тасымалдау мен сертификаттауға, көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруға кететін шығындардың өтемақысын төлеу [7]. Аталған құжаттың жобасы 2017 жылы 19 қыркүйекте ЕАЭК Өнеркәсіп жөніндегі консультативтік комитетінің мәжілісінде мақұлданды.

Сонымен қатар, ЕАЭО елдері экспорттық нарықтарда логистика желісін құру, сервистік және техникалық қолдау көрсету орталықтарын ашу, сауда үйлері мен біріккен сынақ зертханаларын салу сияқты экспортты кеңейтуге арналған іс-шараларды дамытуға да күш салуда. ЕАЭО елдері жаңа Кедендік кодексті бес жылға жуық талқылап келеді, ортақ Кедендік кодекс 2018 жылы 1 қаңтарда күшіне енеді.

ЕАЭО құру туралы келісім-шарт бойынша дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтар саласында ортақ нарық құру қарастырылған (келісімнің 30-31 баптары). Сонымен қатар, келісімнің 100 бабында дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтардың ортақ нарығына өтуге дейінгі уақытша кезең де анықталған. Бұл аралық кезең 2016 жылдың 1 қаңтарында басталғанымен, ЕАЭО елдері ортақ фармацевтикалық нарық құруға дайын емес екенін уақыт көрсетіп отыр. Бір жылдан астам уақыт бойы ЕАЭО мүше-елдерінің тиісті органдары ортақ медициналық қызмет нарығын құрудың қатысты құқықтық-заңнамалық негізін, даулы мәселелерді шешу жолдарын іздеумен болды. Басты құжаттар әзірленді: дәрі-дәрмек айналымы бойынша 25 нормативтік акт (медициналық препараттарды, дәрі-дәрмектерді тіркеу мен экспертиза жасау, нұсқаулық жасау, маркировка жасау, ЕАЭО ортақ стандартын бекіту т.б.). Ал медициналық құрал-жабдықтар бойынша 13 нормативтік-құқықтық актілер



қабылданды (сапа менеджменті жүйесі, тіркеу, маркировка, биологиялық және техникалық сынақтарға қатысты т.б.). Сонымен қатар, дәрі-дәрмек нарығына қатысты әлі 67 нормативтік-құқықтық құжаттар әзірлеу жоспарланған.

Әрине, ЕАЭО ішінде әлі де шешімі табылмаған мәселелер жетерлік. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық экономикалық одақтағы бірқатар ішкі проблеманы айтып, бірлестік аясында дағдарысқа қарсы кеңес құруды ұсынды. «Осы мәселелерді зерттеу үшін дағдарысқа қарсы кеңес құру керек, оған әлемдік деңгейдегі, өзіміздің сарапшыларды тартамыз. Кеңес комиссия құрылымында стратегиямызға қарамастан, қазіргі жалпы бюрократияның аясында ерекше тұруы тиіс», – деді Назарбаев Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында. Ол кеңестің жұмысы терең сараптамаға, ұсыныстарды даярлауға және проблемаларды шешудің оңтайлы шешуге бағытталуы тиіс екенін атап өтті [8].

Сонымен қатар, ЕАЭО ішінде Агроөнеркәсіп жөніндегі кеңес те құрылатын болды. Мұндай шешім Ресейде 19-шы рет өткен «Алтын күз» агроөнеркәсіп көрмесінің ауқымында өткен ЕАЭО ауылшаруашылық министрлерінің кездесуінде қабылданды. Мұндай арнайы кеңестің құрылуы ЕАЭО ортақ ауылшаруашылық нарығының даму стратегияларын айқындауға игі ықпал етпек. ЕАЭО агроөнеркәсіп жөніндегі коллегиясының министрі Сергей Сидорский аталған жиынды ашып сөйлеген сөзінде «ЕАЭО аграрлық секторы соңғы жылда қарқынды дамып келеді. 2016 жылы 5% өсімге қол жеткізсек, биылғы жарты жылдықта былтырғыдан 1,5% артық көрсеткіштерге қол жеткіздік. 2014-2016 жылдары ЕАЭО ауылшаруашылық өнімдерін шетелдерден импорттау 45% қысқарды, импорт алмастыру белсенді жүруде. Осылайша, импортқа жұмсалатын 20 млрд АҚШ долларына жуық қаражат ЕАЭО экономикасында қалды», – деп атап көрсетті [9].

Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) Алқасының төрағасы Тигран Саркисян Қырғызстанда өткен «Ыстықкөл-2017» экономикалық форумында еуразиялық интеграцияны дамыту мен тереңдетуге бағытталған алты басым бағыттарды атап көрсетті: 1) ЕАЭО мүше-елдерінің экономикалық даму деңгейлеріндегі алшақтықты азайту; 2) шыннайы ортақ нарық қалыптастыру және бұл бағыттағы кедергілерді жою; 3) ЕАЭО ауқымындағы экономиканы жаңа ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар көмегімен цифрландыру; 4) транзиттік көлік дәліздері мен логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту; 5) сыртқы экономикалық қызметті жандандыру; 6) «тұрмыстық интеграцияны» дамыту, яғни, ЕАЭО мүше-елдерінде тұратын барлық азаматтар өздерінің интеллектуалдық әлеуеттері мен кәсіби біліктіліктерін, құқықтары мен бостандықтарын интеграциялық бірлестіктің кез келген жерінде емін-еркін жүзеге асыруына кең мүмкіндіктер орнату [10].

Өкінішке орай, ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің интеграциясына кедергі жасап отырған сыртқы және ішкі факторлар көп. Сыртқы басты фактор – Ресейге қарсы салынған Батыс елдерінің экономикалық санкциялары, өз кезегінде Ресейдің оларға қарсы қолданған контрсанкциялары ЕАЭО ішкі және сыртқы саудасына кері әсерін тигізіп отыр. Ішкі факторлардың өзектісі – ЕАЭО шеңберінде қабылданған шарттар мен құжаттардың іс жүзіне асырылмауы, келісімдердің іске асырылу тетігінің тиімсіздігі. Қырғызстандағы 2017 жылғы президенттік сайлау науқанында ол елдің Президенті А. Атамбаев Қазақстан билігіне Қырғызстанның ішкі ісіне қол сұқты деп айып тағып, өткір саяси мәлімдемелер жасады, СІМ наразылық нотасын жолдады. Оған Қазақстан билігі де жауап қайтарып, ҚР СІМ наразылықпен пікір білдірді, ҚР Премьер-министрі ресми жауап жолдады. Саяси жанжалдың аяғы мемлекеттік шекарадағы кернеуді туындатып, екі ел арасындағы барыс-келіс қиындады, тауарларға шектеулер қойылды. Енді қырғыз билігі «Қазақстан ЕАЭО шарттарын бұзды деп ЕАК арыз түсірсе, ДСҰ «Қазақстан ДСҰ талаптарын орындамай отыр» деп шағымданды. Сондай-ақ, ЕАЭО шарты бойынша Қазақстанның берген 100 млн \$ көмегінен де бас тартты. Мұның алдында Беларусь билігі де Ресейді ЕАЭО шарттарын бұзып отыр деп айыптаған болатын. Ресей тауарларын сыртқы экспорттауда басқа елдерге қарағанда көбірек преференцияларды талап етуі, ал Ресейге ЕАЭО-ның басқа елдерінен импортталатын тауарларына жасанды кедергілер жасап, олардың тез бұзылатын тауарлары мерзім өткізгеннен кейін сапасы мен құнын жоғалтады, ал ол экономикалық көрсеткіштердің құлдырауына өз әсерін тигізетін сын-қауіп ретінде бағалауға болады. Егер осындай теке-тірестер көбейсе, экономикалық интеграцияға қауіп төнеді.

Қорыта айтар болсақ, ЕАЭО бес тәуелсіз мүше-мемлекеттердің мүдделерін қамтитын болғандықтан, ЕАЭО қазіргі кезеңіне біржақты

баға беру қиын. Евразияның интеграциялық одағы енді қызмет ете бастады. Бірақ ЕАЭО алғашқы қадамдары интеграциялық процестердің күшті және әлсіз тұстарын көрсете бастады. Енді өзара әрекеттесудің кемшіліктерінен сабақ алып, оларды дер кезінде бірігіп шешу қажет. ЕАЭО – әр қатысушы елдің ұлттық-мемлекеттік мүддесі жүзеге асырылатын тең құқықты тәуелсіз мемлекеттердің одағы болуы тиіс және әрқайсысының жиынтық әлеуеті толықтай пай-

даланылуы қажет. Сондықтан да Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев интеграциялық үдерістерді дамыту кезінде ең алдымен, мемлекеттердің тәуелсіздігіне нұқсан келмеуі керектігін, Еуразиялық экономикалық одақты саясиландырудан аулақ болу қажеттігін айтқан болатын. Яғни, бұл одақ тек экономикалық интеграциялық үдерісті дамытуды ғана емес, оның көкжиегін әлеуметтік, білім-ғылым, денсаулық сақтау салалары аясында да кеңейтуді көздейді.

### Әдебиеттер

- 1 ВВП в Евразийском экономическом союзе вырос на 1,8% в 2017 году // [http://lenta.inform.kz/ru/vvp-v-evraziyskom-ekonomicheskom-soyuze-vyros-na-1-8-v-2017-godu\\_a3068748](http://lenta.inform.kz/ru/vvp-v-evraziyskom-ekonomicheskom-soyuze-vyros-na-1-8-v-2017-godu_a3068748)
- 2 Доклад «О состоянии взаимной торговли между государствами-членами Евразийского экономического союза в 2015 – 2016 годах» // [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr\\_i\\_makroec/dep\\_stat/tradestat/analytics/Documents/report/Report\\_2015-2016.pdf](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/report/Report_2015-2016.pdf)
- 3 Об итогах взаимной торговли товарами Евразийского экономического союза (январь – июль 2017 года) // [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr\\_i\\_makroec/dep\\_stat/tradestat/analytics/Documents/2017/Analytics\\_I\\_201707.pdf](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/2017/Analytics_I_201707.pdf)
- 4 Назарбаев ЕАЭО туралы: біз дұрыс бағыт алдық // <https://sputniknews.kz/politics/20170814/2990291.html>
- 5 ЕЭК консолидирует усилия по устойчивому развитию птицеводства в ЕАЭС // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60987](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60987)
- 6 Николай Кушнарев: «Наши производители могут удовлетворить потребность рынка ЕАЭС в продукции деревообработки более чем на 90%» // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60880](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60880)
- 7 ЕЭК разрабатывает новые меры поддержки евразийских промышленников // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60988](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60988)
- 8 Назарбаев ЕАЭО-дағы бірқатар проблеманы атады // [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-eaeo-dagi-brkatar-problemanyi-atadyi-275876/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-eaeo-dagi-brkatar-problemanyi-atadyi-275876/)
- 9 Совет по агропромышленной политике создадут в ЕАЭС // [http://lenta.inform.kz/ru/sovet-po-agropromyshlennoy-politike-sozhdadut-v-eaes\\_a3072702](http://lenta.inform.kz/ru/sovet-po-agropromyshlennoy-politike-sozhdadut-v-eaes_a3072702)
- 10 Итоги форума «Иссык-Куль-2017»: вместе страны ЕАЭС сильнее – экономически, материально, интеллектуально // <http://www.eurasiancommission.org/ru/nae/news/Pages/23-08-2017.aspx>

### References

- 1 VVP v Evraziiskom ekonomicheskom sojuze vyros na 1,8% v 2017 godu // [http://lenta.inform.kz/ru/vvp-v-evraziyskom-ekonomicheskom-soyuze-vyros-na-1-8-v-2017-godu\\_a3068748](http://lenta.inform.kz/ru/vvp-v-evraziyskom-ekonomicheskom-soyuze-vyros-na-1-8-v-2017-godu_a3068748)
- 2 Doklad «O sostojanii vzaimnoi trgovli mezhdou gosudarstvami-chlenami Evraziiskogo ekonomicheskogo sojuza v 2015–2016 godah» // [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr\\_i\\_makroec/dep\\_stat/tradestat/analytics/Documents/report/Report\\_2015-2016.pdf](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/report/Report_2015-2016.pdf)
- 3 Ob itogah vzaimnoi trgovli tovarami chlenami Evraziiskogo ekonomicheskogo sojuza (janvar – ijul 2017 goda) // [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr\\_i\\_makroec/dep\\_stat/tradestat/analytics/Documents/2017/Analytics\\_I\\_201707.pdf](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/2017/Analytics_I_201707.pdf)
- 4 Nazarbaev EAEО turali: biz duris bagit aldyq // <https://sputniknews.kz/politics/20170814/2990291.html>
- 5 EEK konsolidiruet usilija po ustouchivomu razvitiju ptisevodstva v EAEC // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60987](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60987)
- 6 Nikolai Kushnarev: «Nashi proizvoditeli mogut udovletvorit potrebnost rynka EAEC v produkcii derevoobrabotki bolee chem na 90%» // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60880](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60880)
- 7 EEK razrabatyvaet novye mery podderzhki evraziiskih promishlennikov // [http://keden.kz/ru/news\\_ved.php?id=60988](http://keden.kz/ru/news_ved.php?id=60988)
- 8 Nazarbaev EAEC-dagi birqatar problemani atady // [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-eaeo-dagi-brkatar-problemanyi-atadyi-275876/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-eaeo-dagi-brkatar-problemanyi-atadyi-275876/)
- 9 Sovet po agropromyshlennoi politike sozhdadut v EAEC // [http://lenta.inform.kz/ru/sovet-po-agropromyshlennoy-politike-sozhdadut-v-eaes\\_a3072702](http://lenta.inform.kz/ru/sovet-po-agropromyshlennoy-politike-sozhdadut-v-eaes_a3072702)
- 10 Itogi foruma «Issyk-Kul-2017»: vmeste strany EAES silnee – ekonomicheski, materialno, intellektualno // <http://www.eurasiancommission.org/ru/nae/news/Pages/23-08-2017.aspx>

**Seysebayeva R.B.\*, Saitova N.A.**

Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Raykhansey@mail.ru

## **FACTORS OF RISK PERCEPTION IN THE CURRENT POLITICAL PROCESS**

The stability of modern society and the political regime mostly depends on the level of perception of the degree of risk by actors in the political process.

The task of the article is to analyze the characteristics of various factors, conditions and circumstances that affect the risk perception by the public and its impact on political stability. The expediency of the problem analysis in the risk perception by actors of public life is due, that in fact people have different opinions toward the risk theory. The real existence of that fact is presupposed by the necessity in political activity, to analyze possible versions of risk perception by population groups, individuals, political actors of specific risk-based decisions, and in a way or another to assess probabilities of public reaction for these decisions and their consequences. The study of the specifics ratio of the subjective and objective in the perception of the risk level shows the features and general patterns in the activity of political actors on the one hand, and to identify the place of the "risk perception" problem in technologies for the implementation of the political process, on the other.

In political science the study of risk perception makes it possible to evaluate the difference between the level of real risk which were presented by experts and the perceived risk's level that reflects the society reaction based on personal experience and emotional presentation of information. The perceived risk is often a distorted version of actual risk, but in a real political process it is the level that can play decisive role in both as negative and positive. The factors impacted on the perception of the risk level have been considered in the article.

To solve the problem of the level of risk perception, we will analyze the factors, conditions and circumstances that influence the perception of risk by political actors, by analyzing the reaction of the population to the political decisions of the government of the Republic of Kazakhstan, investigating the impact of information technology and means of influence on the level of risk perception by different population groups.

**Key words:** Political process, stability, perception of risks, factors of risks

Сейсебаева Р.Б.\*, Сaitова Н.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ. \*e-mail: Raykhansey@mail.ru

### **Қазіргі саяси процестегі тәуекел байымдарының факторлары**

Саяси ғылымда тәуекел деңгейінің байымдарын зерттеу сарапшылар анықтаған шынайы тәуекел деңгейі мен қоғамның жеке тәжірибе мен эмоцияға негізделген тәуекел деңгейінің байымдарының арасындағы айырмашылықты бағалауға мүмкіндік береді. Тәуекел деңгейінің байымдары көп жағдайда шынайы тәуекелдің бұрмаланған нұсқасы болып табылады, дегенмен шынайы саяси процесте байымдалған тәуекел деңгейі шешуші рөл атқарады. Оның әсері теріс те, оң да бола алады. Мақалада тәуекел деңгейін қабылдауына әсер ететін факторлар қарастырылады.

**Түйін сөздер:** саяси процесс, тұрақтылық, тәуекел байымдары, тәуекел факторлары.

Сейсебаева Р.Б. \*, Саитова Н.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, \*e-mail: Raykhansey@mail.ru

### **Факторы восприятия риска в современном политическом процессе**

Исследование восприятия риска в политической науке позволяет оценить разницу между уровнем реального риска, представленного экспертами, и воспринимаемым уровнем риска, отражающего реакцию общества, которые основаны на личном опыте и эмоциональной подаче информации. Часто воспринимаемый риск есть искаженная версия фактического риска, но в реальном политическом процессе именно уровень воспринимаемого риска может сыграть свою решающую, как негативную, так и позитивную. В статье рассмотрены факторы, влияющие на восприятие уровня риска.

**Ключевые слова:** политический процесс, стабильность, восприятие риска, факторы риска.

## **Introduction**

The perception of risk in modern political science is investigated depending on the criteria of the research task. First, the study of perceptions on risk-based political decisions allows political scientists to determine political preferences and a possible subsequent reaction of society. At the same time, a real threat or imaginary negative consequences may be absent, but regardless of the presence or absence of risk, the perception of risk can play its own both positive and negative role. Therefore, even a deeply thought out, profitable political decision can for a long time cause rejection and rejection by society and specific social groups and strata.

In the modern world, understanding the preferences of particular groups and segments of the population is the main condition for the development of state programs and the adoption of political decisions. This understanding is possible only on the basis of studying not just public opinion and mood, but on the basis of studying the deep interests and motivations. Perception as the first unconscious assessment of the situation, political decisions, innovations and events is the main indicator of the subsequent actions of the actors of the political process as passive or active .. The study of the perception of risk allows us to predict possible scenarios of the behavior of various social groups and strata of the population, and is also a mirror image of the social political processes taking place in society. Perception of the level of risk is an indicator of the mood of groups and strata of the population, allowing to separate individual as stimuli, and preferences. The study provides a better understanding of how the perception of risk affects policy settings, informs about ways of effective interaction.

## **1. Research methodology and findings**

When studying the perception of risk, it is important to obtain information on three main parameters:

- the possible range and level of public criticism of specific actions of authorities that take risky decisions;
- the attitude of public opinion to the possible consequences of these decisions;
- assessment of the likelihood of public responses and risky decisions, including hostile and critical ones.

1.1. For obtaining this information, several methods can be used.

One of them is connected with an empirical study of sociopolitical reality. Usually it is done on the basis of statistics that are available to government agencies, or if they can be obtained.

As it is known, statistics studies the quantitative aspect of mass social phenomena and therefore serves as one of the important means for developing political decisions. At the same time, it should be borne in mind that due to their cognitive peculiarities, such statistical data as a kind of empirical methods of gathering information, possess the quality of "limitedness". For example, they typically "do not identify the links between the immediate effect of implementing these decisions and their long-term consequences.

Thus, statistical data, and in this their limited nature, reproduce in a systematized form the external, superficial side of political, economic processes and phenomena.[1] The limitations of statistical and empirical methods of perceiving political risk in technologies for the implementation of the political process presuppose the expediency of using other means that do not have these drawbacks.

One of such ways of obtaining information about the perception of risk can be considered sociological research conducted by sociologists and political scientists. They, to a large extent, is lack of the disadvantages inherent in the statistical-empirical way of collecting information, since they suggest the possibility of an "opening", cognition of the laws of development and functioning of the studied processes, the forms of their manifestation under certain conditions of place and time.

## 2.2. Researches

To study the perception of risk by actors of public life, various types of research are used. Among them, the following can be distinguished:

1. The investigative research, it solves the problems, limited in their content, covers, as a rule, small examined totalities on the basis of a simplified program. The need for it usually arises in cases where the subject of such seizures is one of few or not yet studied problems. The perception of political risk is a such problem. Types of investigative research are, for example, express surveys, interviews, questionnaires that allow to obtain information particularly interesting at a given moment for the researcher or government agency.

2. Descriptive research provides information that gives a relatively holistic view of the studied phenomenon. It is used when the object of analysis is a relatively large group of people differing in various characteristics.

The above-mentioned methods, used either individually or in some combination, allow to obtain the data informing political authorities about the level of hostility, critical attitude of the population towards this process, and about reasons of occurrence of such hostility.

The main reason for studying the perception of risk by actors in public life is that there is a real possibility of finding a compromise between the public's views on this issue and the position taken by the authorities and administration.

## 3. Literature review

The perception of risk is the object of studying modern political science as an integral part of political attitudes. Thus, the researchers B. Gerber and G. Nyili consider the perception of risk in the context of realizing the tasks of effective public administration.

### 3.1. Brian Gerber and Grant Neeley views

Brian Gerber and Grant Neeley studied how perceived risk of routine hazards was related to attitudes about government regulation. They found

that increased perceived risk of a hazard was positively related to support for regulation of that hazard, even when the cost of such regulation was stated to be significant. Two other variables affected this relationship: issue awareness and trust in the regulators. If respondents considered themselves to be ill-informed on an issue, there was no relationship between perceived risk and support for regulation. Trust moderated the relationship between perceived risk and support for regulation; if the respondents did not trust the regulators, then they were less likely to support regulation, even if perceived risk was high [2]

### 3.2 Risk study in psychology

The concept of risk is a psychological one. Risk, as opposed to danger, is a socially constructed phenomenon. Riskiness is based on perception rather than fact, and this perception is based on qualitative, not quantitative characteristics of the hazard being considered [3]

According to the researcher P. Slovic, the perception of risk first of all, is a subjective category, deterministic knowledge, the degree of reliability of information. The author studies the problem of risk perception in the context of terrorist actions, therefore he is more inclined to explain the nature of the perception of risk by psychological grounds, the issue of priorities of values.

### 3.3. Risk study is as a socio economic problem

An important aspect of studying the perception of risk is the opportunity to see a clear picture of the conditions under which the response to risk-based solutions is increasing or decreasing. In political science there is the notion of increased risk, as a reaction to socio-economic processes and researchers consider them in different contexts.[4]

As you know, the range of perception of political decisions is multifaceted, it can be full support, partial criticism, neutral attitude to the decision, skeptical critical retraction, or hostile attitude

Various studies, opinion polls show that people are not evaluating the actual levels of risk and dangers in the same way. Among the factors influencing the perception of risk and risk-based decisions by policy actors, there are three main groups: political, including social and economic, socio-psychological and psychological.

Political, social and economic factors that influence the perception of risk have a complex structure. A special place here belongs to phenomena that can be called general sociological and general political. First of all, they include the historically determined organization of society, the socio-economic and social structure of power, the level

of development and the quality of the economy, the system of state power. All of the above creates a real background for the activities of political actors and has an indirect effect on the decision-making processes, risky alternatives, the acceptance of a particular degree of risk or its perception.

Interpretation by the actors of the magnitude of the risk also depends on the existing political, social structure, organizational environment in which actors, norms and laws that regulate their activities, control systems and responsibilities are operating. For example, workers will assess the risk in a different ways for organizations where it is the norm, where the main principle of functioning is the orientation toward success, innovation, in contrast to institutions where the risk is called the "social evil" of the Suns.

Thus, N.F. Pidgeon and B. Fischhoff consider the perception of risk in the context of the interpretation of information. «It is often as important to understand how the actors involved themselves interpret the information that they receive as it is the routes by which information about risks is transmitted. Indeed, citizens should be thought of as active participants in a risk drama. This task calls for rather subtle qualitative research on the discourses, mental models, values and frameworks that people use to translate a particular risk issue into the language of everyday life. This may seem a difficult thing to achieve in a crisis – but, good practice in risk communication is to always seek some understanding of the audience first, what their needs are, and what it is most helpful to communicate to prompt significant behaviour change or decisions» [5]

Kasperson R.E., Renn O., consider risk perception with confidence or distrust with expert assessments.

«It is a first order mistake to assume that as a result of social amplification processes the «true» risk is inevitably low while the public and media in some sense is always misinformed, exaggerates, or lacks key scientific knowledge (to be corrected by suitably designed risk communications). What seems far more important about the framework is to appreciate the dynamic nature of both public and expert representations during a risk crisis. The original social amplification authors were clear to point out that the framework was not intended to imply that such a simple «real» versus ‘perceived’ risk distinction could be drawn» [6]

Rayner, S. in the context of deep internal values and knowledge. «The amplification, if used unreflexively, does seem to imply this, and the instant appeal of this line of argument for policy is not difficult to see, and is one of the reasons why the

framework has endured. Such reasoning should be avoided at all costs.

#### 3.4. Risks caution

